

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Р. Зайкенова
Л.Н. Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
10-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық
бағытына арналған оқулық

10



ӘОЖ 373. 167. 1
ҚБЖ 84 Қаз-44я 72
3-15

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді

Зайкенова Р. ж.б.
3-15 **Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының**
қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Зайке-
нова Р., Нұрланова Л.Н. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы,
2019. – 160 бет.

ISBN 978-601-318-215-5

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері
ескеріле отырып жазылды. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз
бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373. 167. 1
ҚБЖ 84 Қаз-44я 72

ISBN 978-601-318-215-5










© Зайкенова Р.,
Нұрланова Л.Н., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.


Шартты белгілер

Жаңа тақырыпты меңгерту тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары



-  **Зергер сөз** – ақын-жазушылар туралы пікірлер
-  **Зерделі ой** – танымал тұлғалардың философиялық ойтолғаулары
-  **Білгенге маржан** – тақырыпты кеңейтетін танымдық мәліметтер
-  **Әдебиет теориясы** – әдебиеттану ғылымының түсініктері
-  **Қолданып көр** – әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары
-  **Білген үстіне біле түс** – қосымша дереккөз материалдары
-  **Міне, қызық!** – тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер
-  **Кітап – асыл қазына** – қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер
-  **Тыңдалым** – шығармалар үзінділері мен кейбір мәліметтердің аудионұсқасы

Назар аудар

 Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *artan-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты жас шәкірт! Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз!

Қолындағы оқулық арқылы ұлттық санамыздың тірегі – Абай мен басқа да қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің жаңа шығармаларымен таныс боласың. Оқулық «Өлең – сөздің патшасы», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы» тарауларынан тұрады.

«Өлең – сөздің патшасы» тарауы Абай аталарыңның шығармашылығына, дәлірек айтқанда, «Сегізаяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес, қой өткенге» өлеңдері және «Он жетінші», «Отыз екінші», «Отыз үшінші» қарасөздері мен «Ескендір» поэмасына арналады.

«Прозадағы көркем ой» тарауына Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» және Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романдары кіріп отыр.

«Аңызбен өрілген көркем сөз» тарауы аңызға құрылған М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романын, Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін және ақын Ұ.Есдәулеттің «Біз – түркілерміз» атты өлеңін қамтиды.

«Заман, дәуір тұлғасы» тарауында халқымыздың әртүрлі тарихи кезеңдерін суреттейтін Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы, Ш.Құсайыновтың «Томирис» драмасы және бүгінгі өмірімізден хабардар ететін Ш.Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі ұсынылған.

«Зергер сөз», «Зерделі ой», «Білгенге маржан», «Білген үстіне біле түс», «Міне, қызық!» айдарларындағы мәліметтерді де оқып, зердеңе тоқи жүрсен, білімің де, ой-өрісің де арта түседі. Ал «Ойталқы», «Себебін анықта», «Тобыңда талдап көр», «Дәптеріңе жаз», «Түйінде», «Қалай ойлайсың?», «Үйде орында» және тыңдалым тапсырмалары тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңіл меңгересің.

Әдебиеттану ғылымының түсініктері – «Әдебиет теориясында» жинақталған мәтінді оқып, «Қолданып көр» тапсырмасын орындап, әдебиет теориясын игере аласың. Оқулықта көркем шығармалардың талдауы, ал хрестоматияда осы шығармалар (көлемділерінің үзінділері) берілді. Сол себепті оқулықты хрестоматиямен және қосымша әдебиеттермен бірге оқып отыруды ұмытпа. Алайда оқу бағдарламасын толық қамтып, материалдарды жан-жақты түсіну үшін тек оқулық мазмұны аздық етеді. Сондықтан «Кітап – асыл қазына» айдарымен және оқулықтың соңында пайдаланылған қосымша әдебиеттер, электрондық қорлар тізімі берілді.

Сәттілік тілейміз!

I ТАРАУ

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Абай

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы, көңілге!

С.Торайғыров

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



Абай Құнанбайұлы
(1845–1904)



Ахмет Риза
мешіт-медресесі

*Абай қандай отбасында дүниеге келген?
Неше ағайынды болған?*

Абай бұрынғы Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар болған.

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында дүниеге келген. Құнанбай көп әйел алған. Үлкен әйелі – Күңкеден Құдайберді деген баласын көрді. Екінші әйелі – Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі қайтыс болған соң Құнанбай келінін алған. Ұлжаннан туған балалары: Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Ал Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.

Абай қайда білім алды?

Абай 10 жасқа келгенде әкесі Семей қаласындағы оқуға береді. Мұнда алғаш Ғабдұлжапар деген татар имамынан сауатын ашады. Содан соң әкесі оны Ахмет Риза деген имамға тапсырады. Екеуінің де мешіттерінің жанында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқыған. Мұнда, негізінен, дін сабағы оқытылған. Шәкірттер араб және парсы тілдерін үйренген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен шектелмей, Семей қаласындағы «Приходская школаға»

**Зерделі ой**

Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай... бірінші ақынымыз деп қабіріне халқы жиі зиярат етер, халықпен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар.

Міржақып Дулатұлы

**Зергер сөз**

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов

**Зерделі ой**

Қазақтың бас ақыны – Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түссінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шағына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек!

Ахмет Байтұрсынұлы

түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы да доғарылады.

Абайдың қоғам ісіне араласуы неден басталды?

Осылайша Абай 13 жасқа толғанда әкесі оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, баули бастайды. Сонымен, Абай 1870 жылдарға шейін, бір жағынан, әкесінің ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді, барлық жаулары мен талас-тартыстарының бәрін өзіне аударып, жауапкершілігіне ала бастайды.

Зере әжесі мен анасы Ұлжанның халық ауыз әдебиеті мен қазақтың ежелгі салт-дәстүрін жақсы білуі оның жастайынан ел даналығын тануына үлкен мектеп болады. Қазақтың халық даналығын жақсы меңгерген адам жүйрік ой мен шешен сөзге жетік келеді. Мұны Абайдың «Әліпбимен жазылған тілекхат», «Тайға міндік», «Сап, сап, көңілім» сияқты өлеңдеріне қоса, «фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже» сияқты жастық шағында ауызша айтуға машықтанған «Көкбайға», «Қыздарға», «Қара қатынға», «Масақбайға», «Көжекбайға», «Күлембайға» деген тәрізді толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдерінен көруге болады. Абай шешендігі оның ел ісіне араласа бастағанда, Құнанбайдың сөзге жүйрік тұрғыластары мен дос адамдарына қайтарған жауабынан да көрінеді.

Абай орыс тілін қалай үйренді?

Абай жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы аздықөпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ сөздерді меңгеріп, кітап оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күнделікті өмірінде үлкен орынды кітап оқу алады. Семейде, бір жағы, ел жұмысымен, екіншіден, әдейі қала кітапханасынан кітаптар алу үшін де қысқы айларда ұзақ уақыт жатып, өзі ізденіп, оқи бастайды.

Абай 1880 жылдарда Петербордан (қазіргі Санкт-Петербург) айдалып келген төңкерісшіл,



Ақылбай, Абай,
Тұрағұл. 1896 ж. Семей қ.

халықшыл Е.П.Михаэлиспен танысады. Е.П.Михаэлис ол кезде жас, Петербург университетінің студенті екен. Ол сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдардың басшысы, атақты Н.Г.Чернышевскийдің жақын танысының бірі болған. Е.П.Михаэлис Семейдің кітапханасынан өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, Абай да Толстойдың кітабын сұрап тұрады. Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп, «Толстой неге керек?» деп сұрағанда, Абай Л.Н.Толстойдың кітабын оқығысы келгенін айтты. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып, әңгімелеседі. Мұның арты сыйластыққа, достыққа ұласады. Осылайша Абай Е.П.Михаэлис арқылы адвокат А.Гросс, жас доктор Н.И.Долгополов сияқты халықшылдармен де араласады.

Абайдың ақындыққа ден қоюы қай кезеңнен басталды?

1884–1885 жылдары «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» сынды бірді-екілі өлең шығарса, 1886 жылы Абай нағыз ақындыққа шынымен бет бұрып, көп көңіл бөле бастайды: 16–17 өлең шығарды.

1882 жылдан бастап, әсіресе 1885–1886 жылдар арасында А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. 1880 жылдарға дейін де кітап оқуға кіріскен Абай ел ішіндегі шаруасымен айналысса да, кітабын тастамаған. 1886 жылдан 1889 жылға дейін тағы да ел жұмысымен, кітап оқумен қатар өлеңдерін де жазып отырған. 1889 жылы шамамен 25 өлең, ал 1890–1891 жылдарда жиырма шақты өлең жазады.

Абай бірнеше рет болыс болған. Күшік Тобықты еліне 1866–1868 жылдары, содан соң 1872–1874 жылдары болыстыққа сайланады. 1876–1878 жылдары Қоңыркөкше еліне, 1893 жылы Шыңғыс еліне болыс болады. Кейін 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан (округ) елдің бас қосқан төтенше құрылтайына төбе би сайланады.

Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты салмақты мәселелерде жау жағы Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан ынтық болады екен.

Зергер сөз

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Мағжан Жұмабаев

Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешкен Жігітек те үлкен даудың тұсында алдымен Абайға баруға ұмтылады екен. Сондай істерге билік айтқанда Абай үнемі өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын көбірек салып, өзі түсінген әділдік шарты толық болсын деп, жау жағына кеңірек қарауға тырысады екен. Осылайша 1898 жылдарға дейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған. Мұндай жолға Абайдың түскені тек соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын – 1880 жылдардан басталған. Бірақ уақыт өткен сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіз кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия –
Ел іші жарылды.
Әуремін, мен тыя,
Дауың мен шарыңды, –

дейді.

1898 жылы Абайдың философиялық даналығын көрсететін атақты «Өлсем, орным қара жер» жазылған соң ғана ақын өзінің барлық өлеңдерінің жиналғанын қалайды. Абай 1899 жылға дейін өлеңді едәуір көп мөлшерде жазады.

Абай қандай сынақтарды басынан өткізді?

1891 жылға дейін ел іші біраз уақыт тыныш болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайтадан ерегесіп, араздаса бастайды. Абай басында екеуін татуластырмақ болады, бірақ екеуі де алған бетінен қайтпай, жауласып кеткен соң, інісі жаққа шығады. Осы жаулық тоқтамайтын болып, ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, басқа сырт елдерге де жайылады. 1892 жылы Оспан қайтыс болады. Ол Абайды ел істерінің барлығынан босатып, өз мойнына алған еді. Өзге туысқан ішінде ең жақсы көрген інісі болғандықтан, бұл қаза Абайға өте ауыр тиеді. Сондықтан 1892 жылғы өлеңдерінің көбінде, Абай Оспанның өлімімен уланып дерттенген жүрегін жиі сездіреді.

Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, үміт қылған баласының бірі еді. Ол «Михайловская-артиллерийская школань» бітіріп, енді әскери артиллериялық академияға түскісі келіп жүргенде, құрт ауруымен науқастанып, 1895 жылдың қаңтарында қайтыс болған. Оспанның қазасынан соң, Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы еді.

Мағауия Абайдың жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық ілім-білім ала алмаса да, әкесінің тәрбиесін бойына сіңіріп өскен баласы еді. Елден шықпай отырса да, Еуропа тәрбиесін алған адамдай, ақыл-мінезі, адамгершілігі түгелімен мәдениетті кісінің деңгейінде



Зерделі ой

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.

Зәки Ахметов

болған. Ол да әкесі сияқты қырда отырып-ақ, өзі ізденіп, көп оқып, мол білім алған жан еді. Ел жұмысына кіріссе, әкесінің ісін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезді болғандықтан, елдің көпшілігіне аса жағымды болған. Осындай ақылды да абзал баласы – Мағауия қатты науқастанып, қайтыс болған соң, Абай құса болып, ауруға шалдығады. Төсек тартып жатып қалмаса да, ешбір жанмен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін алдарқатпайды да. Ауруын ешкімге көрсетіп емдетпейді, мұның бәрін қажетсіз деп біледі. Осылайша Мағауия қазасынан кейін 40 күннен соң, 23 маусымда 1904 жылы жаны жаралы ақын жарасы мен өмірде татқан уларын өз ішіне жиып, дүниеден өтеді. Оның сүйегі Жидебайдағы өз қыстауының жанына қойылады.



Ойталқы

1. Бүгінгі күні «Адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылгөйі» атанған Абайды тағы қандай сөзбен сипаттар едің? Қандай өлеңдерін жатқа білесің?
2. «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні» деген М.Әуезовтің пікірінде заманға байланысты қандай тұжырым бар?



Себепін анықта

1. Неліктен Абай 30-дан асқан шағында орыс тіліне ден қоя бастады?
2. Мағауия не себепті қалада оқи алмады?



Тобыңда талдап көр

Оқулықтың 9-бетіндегі З.Ахметовтың Абай туралы пікірін ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Абай туралы білгендеріңді «Түртіп алу кестесіне» жаз.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Хрестоматиядан Тұрағұлдың әкесі туралы естелігіндегі Абай образы ашылатын тұстарын оқып, ойыңды түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Көп тілді меңгеру қажеттілігі туындар болса, сен қандай тәсілдерді қолданар едің?



Үйде орында

«Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, Абай аталарың сияқты ел азаматы болу үшін не істей алатыныңды ойластырып, болашағыңа жоспар құр. Ата-ана, туыстарыңмен ақылдасуыңа болады.



Білгенге маржан

Төбе би. Тіркес мағынасы – негізгі шешімді айтатын басты би. Қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда да «төбе» сөзі біздің түсінігіміздегі «бас» мағынасында қолданылады. Бұдан әрірек барсақ, моңғол тілінде «тойв», бурят тілінің бір диалектінде «томо» дыбыстық құрамдағы сөздер «үлкен», «ірі» ұғымдарында айтылады. Деректерде келтірілген «бас, үлкен, ірі» мағыналарын беретін «төпү», «төбе», «томо» сөздерінің бірімен «би» сөзі тіркеске түсіп, «төбе би» тұрақты тіркесі қалыптасқан.

«Бес жүз бес сөз» кітабы



Міне, қызық!

Абай бар болғаны 3 жыл мұсылманша, 3 ай орысша оқыған. Дегенмен ол орыс, араб, парсы және шағатай тілдерін білген.



Кітап – асыл қазына

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы (Құр., алғы сөзін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. Абай мұрасының өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.
3. Абайтану (Қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық көрсеткіш). Құрастырған: М.Мырзахметұлы. – Алматы: Мектеп, 1988.
4. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. – 134 б.
5. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.

«Сегізаяқ» өлеңі

«Сегізаяқ» өлеңі (1889 ж.) – оқшау тұрған соны туынды. Абайдың қазақ поэзиясына 8 тармақты етіп, тыңнан қосқан шумақ өрнегі. Өлеңнің өзі сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. Мұндағы басты ерекшелік – әр шумақтың сегіз жолдан қайырылуында. Сондықтан өлең «Сегізаяқ» деп аталады. Соңғы екі тармақта айтайын деген ойын қорытындылап отырады. Бұл шығарманың ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесуі арқылы түзілген. Мұнда 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген «а а б в в б г г» деген үйлесім бар.



CD 01

«Сегізаяқ» өлеңін тыңдап, ақынның көңіл күйін таны.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзін біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның.
Мінездерін көргенде,
Жігерлен, сілкін.
Қайраттан, беркін,
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан.

«Сегізаяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түр болып қосылып, қалыптасты. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров осы түрді пайдаланса, 1970 жылдары сатирик-ақын Қажытай Илиясұлы «Сегізаяқ» өлшемінің негізінде «Өгіз аяқ» деген өлең жазып, қазақ пародия жанрына жаңаша серпін берді.

«Сегізаяқ» – Абайдың көзі тірісінде халық арасына кең таралып кеткен әндерінің бірі. Сондықтан оның сегіз түрлі нұсқасының болуы заңдылық және бұлардың барлығын әншілер мен Абайдың көзін көрген туыстары түпнұсқалық сипатын сақтай отырып, біздің заманымызға жеткізген.



Ойталқы

1. Өлеңнің ерекшелігі неде?
2. Өлең жолдары жаттап алуға ыңғайлы ма?



Себебін анықта

1. Неліктен Абайдың «Сегізаяқ» өлеңі қазақ поэзиясына жаңалық әкелген болып саналады?
2. Өлең жолдарының көпшілігі не себепті афоризмге айналып кеткен?

**Тобыңда талдап көр**

Өлеңдегі «Білгенге маржан, Білмеске арзан» қолданысын ой-танымдық тұрғыдан талдап көріңдер. Өлеңде көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан анықтаңдар.

**Дәптеріңе жаз**

«Сегізаяқ» өлеңі бойынша әрбір шумақты бөліп алып, сол шумақ бойынша синонимдік қатар жаса.

Мысалы, *Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ – «Ағайын бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды».*

**Түйінде**

«Сегізаяқ» әнін интернеттен тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша негізгі идеясын түйіндеп жаз.

1. Пікір. Нақыл сөздер бойынша туындаған өзіндік пікіріңді бір сөйлеммен келтір.
2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді тағы бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кетуің үшін бір сөйлеммен мысал келтір. Мысалды өмірден алуың қажет.
4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтір.

**Қалай ойлайсың?**

«Сегізаяқ» өлеңі стиліндегі өлеңдер қазақ поэзиясында жиі кездесе ме? Хрестоматияда берілген Қ.Глиясұлының «Өгіз аяқ» өлеңімен салыстырып көр.

**Үйде орында**

Абай атаң қазақ әдебиетіндегі сатираны жаңартты. Сен де айналаңдағы бір жайтқа арнап, сатираның бір түрін жазып көр. Адамдарды орынсыз ренжітіп алмау жағын да ескер.

**Білгенге маржан**

«Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ» дегенде өз шешесі Ұлжаннан Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған Құдайберді ертерек қайтыс болып кеткендіктен, бұған әкесінің үшінші әйелі Айғыздан туған Халиолла мен Ысмағұлды қосады. Сондықтан: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ» – дейді. Бұларды санамағанда басқа ағайыны да жетерлік. Бірақ айналасында көп кітап оқып, төрткіл дүниенің тілін білген, терең білімі бар, өзімен тең дәрежеде сөйлесе алатын адам жоқ болғандықтан: «Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ», – дейді.

«Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным». Мұнда «мола тәрізді дөңкиген (мола – өлген адамның сүйегі жерленген бейіт)» деген мағынада айтылып тұр. «Бақсы – ертеде ел қыдырып, ауру-сырқауды емдейтін балгерден гөрі «жындарын шақырып», жай адамның қолынан келмейтін неше түрлі іс-әрекет көрсеткендігімен аты шыққан тәуіп. Көбінесе аурудың бойынан «жын-шайтандарды» қуып «емдеуге» шебер болған». Сол ортаның түсінігі бойынша Абай өзінің рухани жалғызсырауын «бақсының моласына» теңеп отыр.

Р.Зайкенова «Абайтану» оқулығы



Білген үстіне біле түс

Өзіне дейін ешкім таппаған қиын ұйқасты өлең түріне арнап Абай ән де шығарған. Бұл әннің әр жылдары жазылған 8 нұсқасы бар. Әннің 1-түрін 1920 жылдары Ақмола облысын аралаған А.Э.Бимбоэс әнші-ақын Мұстафа Нұрбаевтан жазып алып, нотаға түсірген. Екіншісін 1922 жылы А.В.Затаевич Орынбор қаласында Құстай Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтың айтуымен нотасын жазған. Үшінші-төртіншісін композитор Л.Хамиди 1935 жылы Әрхам Кәкітайұлынан және 1938 жылы Жүсіпбек Елебековтен жазып алса, бесінші-алтыншысын 1938 жылы музыка зерттеушісі, профессор Б.Г.Ерзакович Темірболат Арғынбаевтан және 1939 жылы Қуан Лекеровтен жазып алып, нотаға түсірген. Әннің 7–8-нұсқасын 1984 жылы Мәкен Мұқаметжанова мен Қали Байжановтың орындауында музыка маманы Қайролла Жүзбасов нотаға түсірген. Бұлар «Әр халық әндері» (1971), «Айттым сәлем, қаламқас» (1986), т.б. Абай әндері жинағына енгізілген. Композитор С.И.Шабельский «Абайды еске алу» деген фортепианолық триосының бір бөлімін осы «Сегіз аяққа» арнаған.

«Абай» энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Пародия (фр. *parodie* – керісінше қайталанған өлең) – белгілі бір шығарманы немесе оның авторын, әдеби ағымды, тұтас бір жанрды соған еліктеп, сынап-сықақтайтын әдебиет, театр, музыка және эстрада жанры. Қазақ әдебиетінде пародия нышандары халық ақындары шығармасынан, ақындар айтысынан байқалады. Пародия әдебиетте сын нысанына, мақсатына қарай юморлық және сатиралық болып бөлінеді. Юморлық пародия жеңіл әзілді, достық әуенде болса, сатиралық пародия өткір тілді болады.

Пародияның мақсаты – кісіні мазақ қылу емес, адамның жақсы қасиетімен бірге өзі байқамайтын кейбір кемшін тұстарын жеңіл әзілмен жеткізу.

Пародия жасайтын адам **пародист** деп аталады.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»

**Қолданып көр**

Өз таңдауың бойынша қазақ әдебиетіндегі жас ақындардың біріне юморлық пародия жасап көр.

**Міне, қызық!**

«Ұлы ақынның жазушылық еңбегінің тұсында туған үлкен бір белгісіндей әрі мол, әрі бар жағынан көркем, келісті шыққан зор шығарма», – деп, М.Әуезов баға бергендей Абайдың осы өлеңіне еліктеп, 1915 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров алты шумақ, сегіз тармақтан тұратын «Алты аяқ» деген өлеңді туғызса, 1935 жылы Қасым Аманжолов та осы тәсілмен «Шықтым өмір шыңына» деген өлең жазған.

**Кітап – асыл қазына**

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі

Абай сөздің патшасын, сындарлысын дарияның тереңіне сүңгіп, ақық-маржан іздеушідей, түн қатып толғататын, ойға шоматын даналардың ғана таба алатындығын айтқан.

Темірбек Қожекеев

Абай өлеңді неліктен сөздің патшасына теңеді?

1887 жылы жазылған бұл өлең 4 тармақты 15 шумақтан тұрады. Өлеңнің мағынасы өте ауқымды. Абай поэзия туралы арнайы еңбек жазбаса да, поэзияның теориясын өлең тілімен жеткізе білді. Ең әуелі бірінші шумақтағы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген тармақтағы ойды ұғыну керек. Абай мұнда жалпы поэзияны өлең деген атаумен алып, оны «сөздің патшасына» теңеп отыр. Адамзат ұғымында патша ең үлкен дәрежеде болғандықтан, ол айрықша құрметке ие болады. Сондықтан қоғамдық өмірдегі сөз өнерінің әлеуметтік мәні туралы Абай өзгеше ой айтып, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсатын қазақ әдебиетінде тұңғыш жырлады.



Жидебайдағы Абайдың музей-үйі. Жұмыс бөлмесі

Осы өлеңдегі «Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қосарлап бәйіт сымал келді арасы» деген сөзге де мән бере қарау керек. «Аят» – құран сөзі, «хадис» – Мұхаммед пайғамбардың сөзі, «бәйіт» – өлең, «бәйіт сымал» – өлең секілді деген мағына беретін бұл ұғымдардың мәні тереңде жатыр. Тырнақшаға алынған осы сөздердің барлығы араб тілінен енген.

Бұл жерде Абай сөз өнерін өнердің барлық түрінен жоғары қоятыны сонша – мұсылман дінінде қасиетті саналатын «аят, хадистің» өздері өлең сияқты ұйқасып келетінін алға тартып отыр. «Қисынымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын, пайғамбар мен оны Алласы» деп, мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасының өзі «Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар, Әрбірі келгенінше өз шамасы» дейді. Абай мұсылман дінін уағыздайтын

«аят, хадистердің» айтылуын поэзияға тегін жақындатпаған. Себебі «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» деп құранның ұйқасы бар бөліктерін халыққа түсінікті болу үшін әдейі алып отыр. Демек, сөздің басы – аят пен хадисте де ұйқасым бар. Олай болса, сөз өнері барлық өнерден жоғары мадаққа лайық. Абайдың пайымдауынша сөз өнерінің ең биік шыңы – поэзия. Бірақ оны қиыстыру – кез келгеннің ермегі емес. Сондықтан «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс, жұмыр келген, іші алтын, сырты күміс» сөз жақсысы мен сөз сарасын тек қана «ер данасы» қиыннан қиыстыра алатындығын шебер тілмен суреттейді.

Абай стиліне тән көркемдік әдістің бірі – сыншыл реализм. Ол «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» сөз қадірін кетірген өнер иелерін қатты сынады. Сатымсақ, жағымпаз ақындарды жек көреді. Мұндағы мақсат – «көр-жерді өлең қып» асыл сөздің қадірін кетірмеу.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап, –

деген өлең жолдарында үлкен мағына, терең сыр жатыр. Мұнда «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дегенде ақын бір ауыз сөзбен өзіне де, болашаққа да тіл қатып тұр. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп түзу айтылған жақсы сөзді қақ жарты ырысына балаған қазақ халқына келешекте де сөз өнерінің қадірін кетірмеуді уағыздайды. Ақын мен ақындық туралы, олардың қоғам тірлігіндегі мүддесі туралы өрелі ой айтады.

Сондықтан да «Тыңдар едің бір сөзің мыңға балап» дейді. Демек, өлең сөз тәлім алатындай мағынаға толы болуы керек. Сөз өнерін арзан қызық, болымсыз ермекке жұмсап, қор қылмау керек деген ой айтады. Сатира сыншысы, профессор Темірбек Қожжекеев: «Сөздің патшасын, сындарлысын дарияның тереңіне сүңгіп, ақық-маржан іздеушідей, түн қатып толғататын, ойға шоматын даналардың ғана таба алатындығын айтқан» деп Абай тереңінен сусындауға жол көрсеткен.

Абай айтушы мен тыңдаушының сөз қадірін кетіретін надан болмағанын қалайды:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Абайдың бұл өлеңіне Александр Гурьевич ән-романс жазған. Өлең 1909 жылдан бері Абай өлеңдерінің жинағында жарияланып келеді.



Ойталқы

1. Өлеңнің ерекшелігі неде?
2. Өлең идеясына не арқау болған?



Себебін анықта

1. Абайдың осы өлеңдегі көркемдік әдісін неліктен сыншыл реализмге жатқызамыз?
2. Ақын не себепті «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы» дейді?
3. Абай неліктен билік басындағыларға мадақтау арнаған ақындарды сынайды?



Тобыңда талдап көр

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» романсын интернеттен тауып, тыңдаңдар. Ақынның өлеңге қойған эстетикалық талабын, ақындықтың мұрат-мақсатына, поэзияның қоғамдық мәні мен міндетіне зор маңыз беруін «Фишбоун» әдісі – балық қаңқасы бойынша талдап, автор стилін анықтап көріңдер.

Орындалу барысы: балық қаңқасының басына – шығарманың тақырыбы, үстіңгі сүйектеріне – мәтіннің ішіндегі көркемдегіш құралдардың түрлері, астыңғы сүйектеріне – үзінді арқылы дәлелі, құйрығына шығарма тілі жайлы ойларын жазылады.

Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден тұруы мүмкін.



Дәптеріңе жаз

Өлеңдегі *аят, хадис, бәйіт, мешіт, мінажат, уәли* сынды діни терминдердің мағынасын түсіндірме сөздік пен хрестоматияға сүйеніп жаз.



Түйінде

Ақынның сөздің асылы ретінде поэзияны жоғары бағалауын, өлеңнің негізгі идеясын түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Өлеңге Абайдай дәл сипаттама берген ақын бар ма? Абайдың қазақ өлеңіне қойған талабын әлем әдебиетіне қолдануға бола ма?



Үйде орында

Қосымша дереккөздерден орыс не өзбек, қырғыз т.б. әдебиеттерінде Абай сияқты өлеңге жоғары баға берген жағдайды іздестіріп, салыстырып, талдау жасап көр.



Білгенге маржан

9-шумақтағы «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз, Былжырақ көрінеді *соларды аңдап*» деген сөз Абайдың әр жылдары шыққан жинақтарында «солар даңдақ», «бәрі даңдақ» деген сөздермен де ұшырасады. 1954 жылғы жинаққа талдау жасаған Қ.Мұхамедхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959 ж.) деген еңбегінен кейін бұл сөз «солар даңдақ» деп алына бастады. Біз 1957 жылы М.Әуезовтің сүзгісінен соңғы рет өткен жинақтағы «соларды аңдап» деген сөзді жөн санаймыз. «Бәйіт сымал» деген сөз де осы басылым бойынша берілді.



Білген үстіне біле түс

Романс (исп. *romance*) – белгілі бір музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен жеке дауыста орындалатын лирикалық музыкалық шығарма.

Испанияда пайда болған романс («роман») алғашында испан тіліндегі «ән» деген ұғымды білдірген. Бүгінде романс – лирико-эпикалық немесе лирико-драмалық мазмұнға толы бір дауысқа арналған ән жанры. Романс көбіне лирикалық поэзия мәтініне құрылып, аспаптық музыкада вокалдық негізде жазылады. Романстың әннен айырмашылығы – әуеннің сөзбен тығыз байланыстылығы мен аспаптық сүйемелдеудің маңыздылығында. Романстың баллада, элегия т.б. жанрлық түрлері бар.

«Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық



Шығармашылық тапсырма

Қосымша әдебиеттерден ақынның осы өлеңінің орысша аудармасын тауып, салыстырыңдар. Аудармашы ақын идеясын толық жеткізе алған ба?



Әдебиет теориясы

Сыншыл реализм – көркемдік әдіс. Оның басты ерекшелігі – өмірді шыншылдықпен бейнелеп, адам тағдырын, олардың типтік мінез-бітімін, характерін типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, кемшіліктерді қатты сынға алу.

Зәки Ахметов



Қолданып көр

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі сыншыл реализмге қатысты жолдарды тауып, талда.



Міне, қызық!

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі сызықша «өлең» сөзінен кейін емес, «патшасынан» кейін – «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» деп жазылу керек деп есептейтіндер бар. Бұл жерде «өлең сөз» тіркесі бір мағынада жұмсалып тұр.



Кітап – асыл қазына

1. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі (1934). / Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 14–32-б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық өлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі

Көкіректе сөуле жоқ, көңілде сенім
жоқ. Құр көзбенен көрген біздің
хайуан малдан неміз артық?

Абай

Ақынның көңілін достан да, дұшпаннан да қалдырған не жайт болды екен?

Әрқайсысы 4 тармақты 11 шумақтан тұратын «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886) өлеңі 1909 жылдан бері Абай жинақтарында үнемі жарияланып келеді. Өлеңнің идеялық мәні, қорытынды түйіні бірінші шумақта көрініс тапқан. 1880 жылдардағы сайлау мен партиялық тартыстардан шаршап, достан да, дұшпаннан да көңілі қалған Абай өз сезім-күйін сипаттау арқылы қазақ қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық іс-әрекеттерді ашады. Мұны үлкен мен кіші, ер мен ез, есті мен надан, адал мен арам, бай мен саудагер, ел билеушілер мен атқамінер әкімдер сияқты алуан түрлі адамдардың психологиясын ашу арқылы ел басындағы күйзелушілікті көрсетеді. Өтпелі қоғамдағы өзгеріске түскен адамдардың мінез-құлқындағы ақын көңілін құлазытатын сипаттар сол кезеңдегі әлеуметтік өмірді танытады. Онсыз да тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың берекесін кетіріп, одан әрі аздырып-тоздыруға мұрындық болып отырғандарды Абай ашына сынайды. Бұл мүсепірілікке налыған Абай «Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау. Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырым-ау?!» – деп келетін «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінде де жалғастырады.

1884 жылғы болыс сайлауында бір кезде жақын дос болған Оразбай, Жиренше, Күнтулар бастаған жиыны 16 атқамінердің Абайға жаулық жасауға анттасып, тіпті жанындай жақсы көрген досы Ерболдың да сатқындық жасауы – ақынды өмірден түңілдірген, жанын күйзелткен шындық. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңіндегі билікке таласқан Оразбай, Күнту сияқты атқамінерлер арасындағы рулық тартыстың түбі жеке басының ғана емес, елдің де берекесін қашырып, кетеуін кетіретіндігін шеберлікпен суреттейді.



1922 жылы Ташкентте шыққан Абай шығармаларының титул беті

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бөрін көрдім
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дөнеме жоқ
Мейір қанып, мөз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
Ел аулақта күш айтқан, топта танған
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.



Ойталқы

1. Абай бұл өлеңінде кімдерді сынайды?
2. Осы өлеңдегі дос кім? Дұшпан кім?



Себебін анықта

1. Абай неліктен «саналы адам көрмедім» дейді?
2. Ақынның көңілі не себепті достан да, дұшпаннан да қалып отыр?



Тобыңда талдап көр

Қандай адам басшы болу керек? Өлеңде бұл қалай берілген? Басшының бойында қандай қасиеттер болу керектігін талдап көріңдер.

«Талдап білу» әдісі

Оқушылар өлең жолдарын кезекпен бірінен соң бірі дауыстап оқиды және бір-бірінің оқылымдарына қысқаша сипаттама береді.

Талқылаушы	Өлеңнің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Өлең мазмұны бойынша сұрақ дайындайды.
Байланыстырушы	Өлеңнің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Өлеңнің мазмұнына сәйкес қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдерді айтады.
Қорытындылаушы	Өлеңнің құндылығын айтып, баға береді.

**Дәптеріңе жаз**

Авторлық идея өмір шындығымен байланыса ма? Өлеңдегі теріс қылықтарды бейнелейтін сөздерді дәптеріңе теріп жаз.

**Түйінде**

«Талдап білу» әдісі бойынша жүргізілген жұмысты өз пікіріңмен түйінде.

**Қалай ойлайсың?**

Абайдың өлеңдегі көңіл күйі «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттеле ме?

**Үйде орында**

Қазіргі жастардың арасынан кездесіп қалатын өзіңді қынжылтатын жайттарды экспрессивтік эссе түрінде жазып көр.

**Білгенге маржан**

Абай «Отыз жетінші сөзінде» мансапқор, күншіл, шағымқой, арам адамдардың қалың ортасында отырып, бәрін де көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. «Биік мансап – биік жартас. Оның басына екіпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады», – деген (М.Әуезов). Міне, парамен, айламен, жағымпаздық, сұрқиялықпен атқамінер атанған адамдар Абай шығармаларында осылайша әр қырынан әшкереленеді.

**Міне, қызық!**

Біржан салдың ақын Сара қызбен айтысында: «Мұсаның бел баласы Сәдуақас, құтқарған сан қыранды түскен тордан» деп жырлаған атақты Шорман байдың немересі Садуақас Мұсаұлы Шорманов (1846–1927) ақынның көзі тірі кезінде он жеті өлеңін (оның ішінде «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі бар) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан көшіріп алып, Санкт-Петербург университетінің профессоры П.М.Мелиоранскийге сыйға тартқан. Бұл қолжазба Салтыков-Щедрин атындағы кітапхананың А.Н.Самойлович атындағы мұрағатында сақтаулы. Бұл – Абайдың көзі тірі кезінде өлеңдері мен қарасөздерінің қолжазба түрінде кең тарағанының кепілі.

**Кітап – асыл қазына**

1. Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы. / Абай тағылымы (Құрастырған Н.Ғабдуллин) – Алматы: Жазушы, 1986. – 300–304-б.
2. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды,
Ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат,
байлаулылықтың жоқтығынан азады.

Абай

Абай бұл өлеңді кімдерге арнап жазды екен?

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» (1887) деген өлеңінде Абай «Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр» деген алдыңғы ойды жалғастырған. Мұнда ақын «алтыбақан алауыздықты» туғызып, елдің берекесін қашыруға түрткі салып, делдал болып отырған «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар» пайдакүнем адамдардың бет-бейнесін ашу арқылы жан-жағын түк қоймай жайпайтын «жалмауызды» көз алдымызға әкеледі. «Өзін-өзі күндейді, Жақынын жалған міндейді, Ол – арсыздық белгісі. Ұятсынбай, ойланбай, Қой дегенге тіл алмай, Іс қылмай ма ол кісі?..», – дей келе, небір кесір-кесапаттарды сынап, жоқ жерден бүлік туғызуға бейім тұратын содыр-сойқандар мен қаскөйлер, қазан бұзар тентектер мен тасыр адамдарды аямай шенейді.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алтыбақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе, ауыл шабам деп,
Сөйтіп құдай атады.
Бұл нең десе, біреуге
Жоқ нәрсені шатады.
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса онысы,
Аударылып қонысы,
Алыстан дәм татады.
Қызмет қылып, мал тапнай,
Ғылым оқып, ой тапнай,
Құр үйінде жатады.

Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы
Үйде жаурап қатады.

Ерекше ұйқас, үйіріммен 85 жолдан тұратын «Сабырсыз, арыс, еріншек» өлеңі Абайдың сықақ өлеңдерінің ішіндегі ең шоқтығы биік таңдаулы өлеңдерінің қатарына жатады.



Ойталқы

1. *Сабырсыз, арыс, еріншек* деген сөздердің мағынасын қалай түсіндірер едің?
2. Осы теріс қылықтар болмау үшін не істеу керек?



Себепін анықта

1. Абай неліктен қазақты «алтыбақан алауыз» дейді?
2. Ақынның бұл өлеңі не себепті әлі күнге дейін өзекті?



Тобыңда талдап көр

Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін «Фишбоун» әдісі – балық қаңқасы бойынша талдап, автор стилін анықтап, талдап көріңдер.

Орындалу барысы: балық қаңқасының басына – шығарманың тақырыбы, үстіңгі сүйектеріне – мәтіннің ішіндегі көркемдегіш құралдардың түрлері, астыңғы сүйектеріне – үзінді арқылы дәлелі, құйрығына шығарма тілі жайлы ойларың жазылады.

Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден тұруы мүмкін.



Дәптеріңе жаз

Өлеңдегі теріс қылықтарды бейнелейтін сөздерді дәптеріңе теріп жаз.



Түйінде

Өлеңнің негізгі идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан түйіндеп, эссе жаз. Теріс қылықтардан қалай аулақ жүруге болады?



Қалай ойлайсың?

Өлең тек ер адамдарға ғана арналған ба?



Үйде орында

Өзің қандай жағымсыз қылықтардан арылғың келеді? Санамалап жазып, себебін көрсет.



Әдебиет теориясы

Сатира – қоғамдық дерт пен қасіретті келемеж ете отырып, әшкерелейтін өлең, әңгіме, фельетон, эпиграмма, роман т.б. түрінде жазылған әдеби шығарма. Абай бұл жанрда «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бойы бұлғаң», «Менсінбеуші ем наданды», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Бай сейілді», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» т.б. деген сықақ өлеңдер жазған. Біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ, күлкі аралас «Күлембайға», «Көкбайға», «Қара қатынға», «Ғабидоллаға», «Рахымшалға», «Күйісбайға», «Дүйсенқұлға», «Разаққа», «Масақбайға», «Көжекбайға» сияқты эпиграммалары да бар. Біреуге арнайы қаратыла айтылған бұл әзіл өлеңдерінің көпшілігі оның жастық кезін танытады. Сондай-ақ И.А.Қрыловтан аударған мысал өлеңдері де – сатира жанрына қосылған қомақты үлес.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Сатираның міндеті күлдіру ме? Өз жауабыңда «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінен мысалдар пайдалан.



Міне, қызық!

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңіндегі кейбір сөздер 1977 жылғы жинақта қате басылған. Мысалы, «ырғып түсем» деген «қарғып түсем» болып, ал «пысық деген ант шықты» «пысық деген ат шықты» деп қате жазылған. Кейін бұл қателер 1909 жылғы басылған нұсқа бойынша түзетілді.



Кітап – асыл қазына

1. Қожекеев Т. Абай – сатирик. Таңдамалы шығармалар. 4-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 35–29-б.
2. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (1945–1904). Монография. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 133–384-б.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі

Осы мен өзім – қазақпын.

Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?

Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді.

Абай

Ақын қалың елі – қазағына не айтқысы келген екен?

1886 жылы он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған бұл өлеңде халықтың мүддесі, ақынның өзі өмір сүрген қоғамның тарихи шындығы бейнеленеді. Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген бір сөйлемге соншама үлкен мағынаны сыйғызған. Мұнда туған халқына деген шексіз сүйіспеншілік сезімі жатыр. Оны «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» деген өкінішті сөзінен де байқауға болады. М.Әуезов те: «Жоғын жоқтап, мұңын мұңдап отырғаны – «қалың елі, қазағы»... Оны «қайран жұртым» деп, бар жанымен ынтыға сүйеді», – деп көрсетеді.

Абай дерті – елдігінен айырылып, берекесі қашқан қалың елі қазағының тарихи трагедиясы. Ресей империясының отарына айналып, «өз малын өзімдікі дей алмай» – етекбасты күн кешкен қазағының ауыр халі жанына батып, қанын қайнатты. Ұлттық мінез психологиясына түскен өзгерісті Абай қоғам қасіретімен байланыстырады.

Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс кешкен, тіршілігінің тиегі төрт түлік мал болған халықты күштеп отырықшылыққа көндіру қазақ жеріне үлкен қасірет әкелді. Патшалық Ресейдің қазақ даласын билеу жөнінде үш дүркін жасаған реформасының (1822, 1824, 1868) әуелі елдік ұйытқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан, содан кейін әр ұлысымызды бөлшектеп, әр бөлек губернияға теліп, аумақтық тұтастықтан айырғанын көреміз. Әсіресе Ресей патшалығының 1867–1868 жылдардағы реформасы нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық саясатының ең жоғарғы биігі болды. Міне, қазақтың «екінші ұртының қан болып, ұстарасыз мұрты аузына түсетін» себебі сол. Өйткені «бұратана» елге қолданған бірнеше ғасырға созылған отаршылдық саясаттың соңы Абай заманында заңды түрде орнықты, енді Ресей патшалығы қол астындағы жұрты ұршықша үйіріп, айтқанына көндіре бастаған. Абайдың «Жақсы менен



Абайдың хаты

жаманды айырмайсың» дегені – бір ұрты қан, бір ұрты май: сол тұстағы әлеуметтік құрылымға байланысты туындаған пікір. Сондықтан да ақын замана туғызған келеңсіз құбылыстарды сынамай тұра алмайды. Қазіргі тілмен айтқанда елдің сиқын бұзып жүргендер – мансабы жоғары шенеуніктер. Оларды Абай «Бас-басына би болған өңкей қиқымға» теңейді. Өйткені бұларда өз бастарының қамынан өзге мақсат жоқ, ұлтының қолынан шығып бара жатқан ырықты ұстап қалудың жолын ойлап, әуре болмайды әрі «өңкей қиқымнан» жиналған, яғни шала сауаттылардан құралған тобырдың тайталасуға өресі де таяз. Осындай қазақтың өз ішінен шыққан «өңкей

қиқымнан» құралған шенқұмар, мансапқор сатқындардың саны артып, күннен-күнге көбейді. Сондықтан Абай ел ішіндегі алауыздыққа, берекесіздікке, екіжүзділікке, тұрлаусыздыққа зығырданы қайнап, «мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқым, сиқын, ырқын, құлқын, байлығың, шырқын, қырқын, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын» деген бірыңғай ұйқасым тапқан сөздермен қатты сынады.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
 Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
 Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
 Бас-басына би болған өңкей қиқым,
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.



CD 02

Өлеңде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан аш.

Былайғы уақытта ауызға ілінбейтін қарапайым сөздерге жан бітіп, әрқайсысы кекті, айбарлы, сұсты сөздерге айналған. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталған тұнып тұрған сезім-күй лирикасы осылайша өткір сатираға ауысады. Мағынасыз «жыртың-жыртың» етіп, өзара шуылдасқан көпшіліктің

ұлттың басына төніп келе жатқан «бодандықпен» шаруасы жоқ, тығырықтан шығудың жолын да іздемейді. Осыны ойлаған ақын амал жоқ, халқының кемшілігін бетіне баса отырып, кесір-кесапат пен қалың сордан құтылудың жолын «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тілмен» жеткізеді. Өлең 1909 жылдан бері Абай шығармаларының жинағында жарияланып келеді.



Ойталқы

1. Өлеңнің тақырыбын ашуға қандай сөздер мен сөз тіркестерін немесе мақал-мәтелдер қолданар едің?
2. Сол кездегі көршілес елдердің жағдайы қандай еді?



Себебін анықта

1. Неге Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзеледі?
2. Не себепті ақын өмір сүрген заманда шенқұмар, мансапқор сатқындар көбейіп кеткен?



Тобыңда талдап көр

1. Өлеңдегі *мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқым, сиқың, ырқың, құлқын, байлығың, шырқын, қырқың, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын* сөздерінің адам мінезін ашудағы тілдік қызметін талдаңдар.
2. «FILA кестесін толтыру» әдісі бойынша төрт адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп, өлеңдегі кейіпкерлер жүйесін жинақтап, талдаңдар. Өрбір топ тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.
 F / Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;
 I / Пікір/ – кейіпкер туралы өздерінің ой-пікірі;
 L / Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар;
 A / Ис-әрекет/ – автордың кейіпкерлерді суреттеудегі қолданған тәсілі.



Дәптеріңе жаз

Топтарда талқыланған кейіпкерлерге тура және жанама мінездеулер беріп, дәптеріңе жаз.



Түйінде

Өлеңдегі көтерілген мәселені сыни тұрғыдан түйіндеп, эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

Қазіргі кезде қоғамдағы осындай проблемаларды көтеріп жүрген адамдар бар ма? Жалпы проблемасыз қоғам бола ма?



Үйде орында

Өлеңдегі негізгі ойды алып, «Креативті жазу» әдісімен ХХІ ғасырға сәйкес етіп қайтадан жазып көр.



Білгенге маржан

Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстологиялық өзгерістер кездеседі. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 12-жол «Бір күн тыртың етеді, бір күн жыртың» делінсе, 1939, 1945, 1957 жылғы басылымдарда «Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың» болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 13-жол «Өз басына би болған өңкей қиқым» болса, кейінгі басылымдарда «Бас-басына би болған өңкей қиқым» деп берілген. Өлең ағылшын, араб, әзербайжан, татар, түрікмен, орыс, өзбек, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған.

Р.Зайкенова «Абайтану» оқулығы



Білген үстіне біле түс

1867–1868 жылдардағы патша үкіметі реформасының негізгі мақсаты қазақ өлкесінде отаршылдық тәртіпті нығайтуға бағытталды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы өзгерістер де бұған едәуір ықпалын тигізді. Капитализмнің кеңінен дамуы үшін де Қазақстандағы бұрынғы басқару жүйесін өзгерту қажет болды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін XIX ғасырдың 60-жылдарының басында қазақтардың саяси-әкімшілік, сот ісін басқару жүйесін қайта құрудың жобасын әзірлеуге арнаулы комиссия құрылды.

«Қазақстан тарихы» оқулығы



Міне, қызық!

Бұрынғы басылымдарда осы өлеңнің «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кетпесе енді өз ырқың» деген жолдары түсініксіз болып келген. Алайда өлеңді аударған С.Липкин «өз қолыңнан кетпесе» дегенді Абайдың айтуы мүмкін еместігін түсініп, орыс тіліне:

Не надеюсь на исправление твое,
Коль судьбу свою в руки народ не берет, –

деп аударған. Кейінгі басылымдарда дұрыс нұсқалары берілді:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.



Кітап – асыл қазына

1. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

«Болыс болдым, мінеки» өлеңі

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би.

Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді.

Абай

Ақын пайымдауынша болыс болған адам өзін қалай сезінеді екен?



Абайдың қолы

Дәуір үнін, заман лебін ой таразысынан өткізе білген Абай келеңсіз құбылыстарды өлеңдерінде де, қарасөздерінде де зілді тілмен сөгіп, әшкерелей білді. Осы арқылы Абай қазақ әдебиетінде сыншылдық реализмді орнықтырды. Абайдан кейін XX ғасырдың бас кезінде осы тәсілді әрі қарай дамытқан А.Байтұрсынұлы,

М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы әдеби мектеп қалыптастырды. Бірақ Абай мен Алаш алыптарының рухани үндестігі Кеңес өкіметінің саясатына қайшы келгендіктен, жетпіс жылдан астам уақыт бұл мәселе жабулы жатты. Сондықтан Абай сатирасы туралы сөз болғанда билікке таласқан пенденің әлеуметтік-психологиялық бейнесін ашып, би, болыстарды сынайтын «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» деген өлеңдері негізге алынып, сыншыл реализм тұрғысынан емес, социалистік реализм тұрғысынан талданып келді. Сондықтан «Болыс болдым, мінеки» өлеңіндегі бар малын шығындап, болыс болған адам «күштілері, яғни орыстың ұлық, ояздары» сөз айтса, шыбындап бас изейтін отаршылдық дәуірдің болысы емес, үстем таптың болысы ретінде сипатталды.

Болыс болдым, мінеки
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сияз бар десе жүрегім,
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап.

«Сияз бар десе жүрегім, Орнықпайды суылдап. Сыртқыларға сыр бермей, Құр күлемін жымындап» дейтін болыстың аяр, екіжүзділігін «Оңашада оязға, Мақтамаймын елімді, Өз еліме айтамын «Бергем жоқ» – деп белімді» деген жолдармен әшкерелейді. Билікке жету үшін неден болса да тайынбайтын, ешкімді де аямайтын адамның бейнесі көз алдымызға елестейді. Өлеңді «Көрмей тұрып құсамын, Темір көзді сарайды» деп аяқтаған Абайдың құсалы, қапа көңілі оның қаламына тән кекесінмен аяқталады. «Қорқақ кісіні «батырым» деу, қара кісіні «аппағым» деу, ақымақ кісіні «данышпаным» деу – осылардың бәрі кекесін (ирония) болады. «Темір көзді сарай» да сол сияқты.

Өлең бастан-аяқ бірінші жақтан баяндалып, монолог тәсілімен орыс ұлығына жағыну үшін бар малын сарп еткен жағымпаз болыстың портреті айнақатесіз ашылады. Бұл өлең «Болыстың монологі» деген атпен қандай да бір тақырыпқа мысал ретінде келтіруге сұранып тұр.



Зерделі ой

Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тілегіміздің дұрыс-бұрыстығын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын.

Нұрсұлтан Назарбаев



Ойталқы

1. Абай өзі болыстық қызмет атқарды ма?
2. Қазіргі заманда болыстық қызмет бар ма?



Себебін анықта

1. Неліктен Абай қазақ әдебиетінде сыншылдық реализмді берік орнықтырған деп саналады?
2. Не себепті А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлының ұстанымы Абаймен үндес дейміз?



Тобыңда талдап көр

Шығармадағы «Болыс болдым, мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап» деген өлең тармақтарын талдап көріңдер.

Кейіпкерге портреттік мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу



Дәптеріңе жаз

«Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген мақалдың «жал» сөзіне байланысты мағынасын ашып жаз.



Түйінде

Өлеңдегі көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Оязға бағынышты болыстың мүшкіл халі қалай ашылады? Өлеңдегі болыстың образы бүгінгі заманда кездесе ме?

«Талқылау картасы» әдісі бойынша екі замандағы ел басшыларын салыстыр.

Болыс	Қазіргі әкімдер



Үйде орында

Көшбасшы болуға бүгінде қандай қасиеттер қажет?

**Білгенге маржан**

Өлеңнің 1888 жылы бұрынғы Семей губерниясының Ақшатау деген жерінде өткен болыс сайлауына байланысты туғандығын, жалғыз Күлембай болысқа ғана қатысты деген пікірдің қате екендігін М.Әуезов жазған. Бұған өлеңнің «Күлембайға» деген атпен басылып келуі себеп болған. Бұл – билік десе, ішкен асын жерге қоятын, жеке басынан басқа өзге нәрсені күйттемейтін мансапқор адамның типтік образы.

Мұнда болыстың мансапқа құмарлығы сонша, екі өкпесін қолына алып, күн батқанша далақтап шабудан шаршамайды. Оның бүкіл іс-әрекеті, екіжүзді мінез-құлқы ащы сарказм, улы мысқылмен шебер беріледі. Орыс патшасынан шен таққан болыстардың дүниеқоңыз, мансапқұмар мінезі «Мәз болады болысың» өлеңінде де шебер әшкереленеді. Екі өлеңнің де өзара үндестігі ел үстінен күн көріп, ар-ұятын сатқан арамза, залым болыстардың жағымсыз іс-әрекеті арқылы ашылады. Түбінде «Көп асқанға бір тосқан» болатындығын ақын білгірлікпен болжап, оны билікке, мансапқа, атаққа таласқан болыстардың әлеуметтік-психологиялық бейнесі арқылы ашып көрсетеді.

«Болыс болдым, мінеки» өлеңі 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінің 12-санында алғаш рет авторы аталмай жарық көрген. Бірақ көп қысқартылып, өткір сөздері мұқалып, өзгертіліп, идеялық мазмұны бұрмаланып басылғандықтан, Абай шығармаларын жариялатуға қайтып құлықты болмаған. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін ауыл молдалары көбінесе қолжазба күйінде таратқан.

«Болыс болдым, мінеки» өлеңіндегі «Түйеде қом, атта жал» деген тармақ Абайдың 150 жылдығына орай «Жазушы» баспасынан 1995 жылы шыққан жинақтан бастап, бірнеше рет (2002, 2005) осы баспадан жарық көрген шығармаларының екі томдық толық жинағында «түйеде қом, атта май» деп қате жазылып жүр. Бұған дәлел ретінде 1909 жылғы жинақты ұсынған. Кезінде І.Жансүгіров 1922 жылға дейін жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағындағы қателіктерді түзетіп, үлкен мақала жазды. «Мен сырлас, аттың сыры маған мәлім, Жырым – жылқы, жүйрік ат – салған әнім» («Құлагер» поэмасы) деп жырлаған «Құлагер ақын» – І.Жансүгіров 1933 жылы М.Әуезов қарасөздерін қосып құрастырған тұңғыш академиялық жинаққа алғы сөз жазды. М.Әуезовтің соңғы сүзгісінен өткен 1957 жылғы Абайдың екі томдық академиялық жинағын абайтанушы ғалымдар өте жоғары бағалайды. Өйткені мұнда 1909 ж. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы мен Мүрсейіт қолжазбаларын (1905, 1907, 1910) Әуезовтің өзі бас болып, қайта мұқият салыстырып шыққан.

**Білген үстіне біле түс**

Сияз – орысша «съезд» деген сөзден шыққан. «Жиын», «жиналыс» дегенді білдіреді. Мысалы: «Сияз деген мол шығын. Бұл – көп елдің қалың даугерлері келіп орнайды деген сөз. Елдің жуан, семіз, мешкей билері, күндіз – түстік, кешке қонақасы жеп, асықпастан ай жатады деген сөз. Ежелден мәлім: қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл мол шығасылы болмақ. Елден ерекше мазасыздыққа ұшырамақ. Ұлық қай ауылға сияз құрса, сол ауылды қырына алғаны».

«Абай жолы» роман-эпопеясының «Қат-қабатта» тарауы

**Әдебиет теориясы**

Ирония (грек. *eironeia* – келемеж, кекесін) – зат пен құбылысқа сырттай жақсы баға берсе де, ішкі мағынасы қарсы келіп, келекеге айналдыратын құбылту (троп) құралы, болмысты жоққа шығарудың бір түрі.

Портрет (фр. *portrait, portraite* – бейнелеу) – бейнелеу өнерінің жанры, адамның живопись яки графика түріндегі бейнесі. Әдебиеттегі портрет – сөзбен жасалатын көркем шығармадағы кейіпкердің болмыс-бітімі, ұлттық бейнесі, шынайы мінез-құлқы. Мысалы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды. (Абай)
«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»

**Қолданып көр**

Берілген өлеңді «Мәз болады болысың» туындысымен салыстыра оқып, болыстың портретін түйіндеп жазып, суретін салып көр.

**Міне, қызық!**

Ресейдің Омбы қаласының орталық мұрағатынан табылған ресми құжат бойынша Абайдың 15 жыл болыс болғаны жайлы abai.kz сайтында мәлімет кездеседі. Абай 1876 жылы «III разрядты кафтанмен» марапатталған.

**Кітап – асыл қазына**

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005, – 488 б.
2. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Екінші басылым (Жауапты редактор Ф.Қабышұлы). Алматы, 2010. – 164 б.
3. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
4. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.
5. Ақбай Н. Абай жолы энциклопедиясы. – Алматы: Арда, 2008.

«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі

Көкірек толы қайғы кісінің өзіне
де билетпейді, бойды шымырлатып,
буынды құртып, я көзден жас болып
ағады, я тілден сөз болып ағады.

Абай

Терең философиялы ақын өлеңінің мағынасы неде екен?

Бұл өлең ақынның ұлы Әбдірахманның қазасына байланысты шығарылған. Халқын надандықтан арылтып, жарқын болашаққа бастар деп үміттенген баласы қайтыс болғанда ақын жанына таяныш таба алмай, дінге сүйенгісі келеді. Осы кезеңде (1895 ж.) жазылған «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде де Абай ойшылдығы мен сыршылдығы терең үндестік табады. Өлең өте күрделі. Ең алдымен «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлең жолының өзінде үлкен мағына жатыр. Абайдың мысалға жылқы немесе сиырды алмай, қойды алуының өзіндік себебі бар. Қойдың етінің де, сорпасының да қуаты күшті болады. «Қойдың еті – қорғасын» делінетіні содан. Ал қойдың майы, әсіресе, құйрық майы – бірден-бір ем. Қойдікіндей құнарлы май басқа төрт түлікте болмайды. Сондай қасиеті болса да, лай судан қаншама қой өткенімен, өзгеріс жоқ. Судың мөлдір емес, лай болуында да мағына бар. Бұл жерде Абай жаратылыс құпиясына мән беріп отыр. Лай суды надандыққа теңесек, надан адамға ілім қонбайды, яғни «май бітпейді».



Зерделі ой

Абайдың пәлсапалық лирикасында орын алған басты мәселе – түп иені танып білу. Абай ой танымындағы сөз болатын пәлсапалық ой-пікірлердің бәрі де осы мәселе төңірегіне жинақталған... Түп иені ақылмен тани алмайсың, жүрекпен сезесің дегені сопылық танымның өзекті пәлсапасына соғады екен.

Мекемтас Мырзахметұлы

Өлеңнен Абайдың ішкі рухы, наным-сенімі, жан дүниесі, түсінік-түйсігі анық көрінеді. «Көңілдің жайлауынан ел кеткендей, қасқырша алақтап, түк таппаған» ақын көңілі бір Аллаға деген сенімі арқылы ғана тиянақ табады. Ақын Алланың құдіретіне шек жоқ, лай судан миллиондап қой айдап өтсең де, бәрібір май бітпейді және сол лай қалпында қалады деген ой түйеді. Абай 38-сөзінде де: «Алла тағала өлшеусіз, біздің

ақылымыз өлшеулі. Өлшеусіз бен өлшеуліні білуге болмайды» деген. Мұнда да осы пәлсапалық ой басқа қырынан қайталаанады: өлшеулі дүние мен өлшеусіз дүниені танып-білу мүмкін емес. Бұл – тек бір Аллаға ғана тән сипат. Бұған жаратылыстағы тірі жанның «ақылы жетпейді», «ақыл-оймен білем десе де адасады». «Оймен білген нәрсенің бәрі дәһрі» болады, мұндай дінсіз, құдайсыз адам дүниенің астан-кестенін шығарса да, сол мақлұқ күйінде қалады.

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Жаратылысты адам баласы қанша өзгертуге тырысқанымен, лай су бәрібір бұлақ бастауындай мөлдір болмайды. Өйткені «Алла тағала өлшеусіз» деген 38-сөзіндегі ойды мұнда «ләмәкән» арқылы ұғындырып тұр. Ал адамзатқа мекен берген, өмір берген Алла тағаланың өз мекені – ләмәкән, яғни мекені жоқ, мәлім емес. Оны білуге қанша ұмтылғанымен, адамзаттың қолынан келмейді. «Өлшеусіз бен өлшеуліні білуге болмайды» деген пәлсапалық ойдың түйіні осында:

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Міне, Абай Аллаға шек келтірмейтінін, күмәнсіз сеніп, бір сәт есінен шығармайтынын «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» деген сөздермен жеткізеді. Абай Құдайға құрғақ жалбарынбайды, өйткені тіршілік иесі «тар соқпақтың» бір басын ғана иемденсе, Хақ тағала екі жағын да «иілтп ұстайтынын», сондықтан екі дүние қызығын да қатар ойлап, тура жолдан таймай, «Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ», – деген түйінмен аяқтайды.

Абайдың діни танымы, көзқарасы, мақсаты, құдіретті күшке шүбәсіз сенетіні, пәни дүние мен бақи дүниенің «әділет, шапағатын» қатар ұстағаны осы өлеңде айқын көрінген. «Оны құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деген шешімінен де тануға болады.



Ойталқы

1. Лай су деген не? Лайдың сумен араласуы физикада қалай аталады?
2. Судың қандай қасиеттері бар?



Себебін анықта

1. Неліктен Абай лай суды өлеңге арқау еткен?
2. Не себепті өлеңдегі кейіпкер «қасқырша алақтап түк таппаған»?



Тобыңда талдап көр

1. Шығармадағы «Көңілдің жайлауынан ел кеткен» деген өлең жолын және өзге де көркемдегіш құралдарды талдаңдар.
«Пирамидалық талқылау» әдісі арқылы топтарға бөлініп, мәтіннің ішінен көркемдегіш құралдарды тауып, мағынасын анықтаңдар.

Тіктөртбұрыштың сыртқы бөлігіне топтың әр мүшесі өз жауабын жазады, ал ішкі төртбұрышқа төрт пікірге ортақ түйінді ой жазылады.

2. Баласы қайтыс болып, көңілі құлазып қалған ақынға қазіргі заман перзенті ретінде қандай жұбату айтар едіңдер?



Дәптеріңе жаз

«Түп иесін көксемей бола ма екен?» деген тармақтағы «түп иесі» деген сөз тіркесінің мағынасын ашып жаз.



Түйінде

Өлеңдегі

«Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» –
деген жолдарды өз пікірің тұрғысынан түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Осы өлеңдегі көтерілген мәселе қазіргі кезде өзекті ме? Мәселе «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын» түйсінуге көмектесе ме?



Үйде орында

Тақырыптағы эпиграфты «ПОПС формуласы» әдісі арқылы талда:

«Менің ойымша ...»

«Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын ...»

«Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім ...»



Білгенге маржан

«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңін Абай 1895 жылы жазған. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарылған. Қараңғылық шырмауына шатылған елдің надандығына ыза болған ақын жан наласына сырын қапысыз қабылдар, айтса – түсінер, ақылдасса – ой бөлісер сүйікті ұлынан айырылу қайғысы қосылып, «берген бе тәңірім, саған өзге туыс» деп мұңданады, ақын көңіл жайлауынан ел көшкендей болып құлазиды. Мағынасыз «бос қуыстай» дүниеден уақап таппай, «бір-ақ уыс» болып отырған ақын дінге иек артады. Қошы жоқ құлазыған көңіл күйін ғажап шыншылдық суретпен бейнелеп, шарасыз халін «халық», «махлұқ», «дәһрі», «ләмәкән» сияқты діни лексикамен бедерлейді. Содан ары созерцание ретіндегі ойларын тере келіп, ақын өзінің наным жөнін толғайды. Болып өткен ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір түңілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады.

Мұхтар Әуезов



Білген үстіне біле түс

Тіл мамандарының әдебиетші ғалымдардан бір айырмашылығы – бұлар тек Абайдың қазақ әдеби тіліне қатысы (орны мен рөлі) туралы жалпы пікір айтып қана қоймайды, сонымен қатар ішінара тілдік материалдарға талдау жасайды. Сәрсен Аманжолов Абайдың сөз қолданысындағы кейбір тәсілдерін көрсетеді: «талаптың аты, жүрегіңмен тыңдамай, құлағыңмен қармарсың» тәрізді жаңа сөз тіркестерін жасағанын, бір сөзге бірнеше эпитет қосақтайтынын, өткен шақ көсемшені көмекші етістіксіз тиянақты тұлға ретінде қолданатынын, жатыс септіктегі есімшелерді баяндауыш қызметінде жұмсайтынын талдап көрсетеді. Сондай-ақ Абайдың архаизмдерді қолдану шеберлігін, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыру тәсілін жаңаша пайдаланғанын, аудармадағы шеберлігін сөз етуге болатындығын айтады. Тілдік материалдарды талдауда Нығмет Сауранбаев та Абайдың стильдік тәсілдерін сөз етеді. Халық тіліндегі мақал-мәтел, фразаларды Абайдың сұрыптап, кейбіреулерін өзі жасап қолданғанын атайды, оған мысалдар келтіреді. Зерттеуші Абай текстеріндегі араб, парсы, орыс сөздеріне едәуір талдау жасап, қолданылу себептерін көрсетеді.

Абай тілінің грамматикалық ерекшеліктерін танып-білуге 1950 жылдардың соңғы кезінен бастап біз де кіріскен болатынбыз. «Абайдың прозалық шығармаларындағы негізгі морфологиялық ерекшеліктер» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғап, Абай тілін танып-білудегі ізденістерімізді әрі қарай жалғастырып, арнайы жазылған екі монография жарияладық.

Рабиға Сыздықова



Міне, қызық!

Шығармашылық иелері: суретші, ақын, жазушы, сазгер, күйші т.б. өнерпаздар ішкі қайғы-қасіретін сыртқа шығарып, туындыларында паш ету арқылы жеңілдей алады. Бұл құбылыс психологияда **сублимация** деп аталады.



Кітап – асыл қазына

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Екінші басылым (Жауапты редактор Ф.Қабышұлы). – Алматы, 2010. – 164 б.
3. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті (Жауапты редактор: ф.ғ.д., профессор Ж.Ысмағұлов). Ұжымдық монография. – Алматы: Арда, 2009. – 392 б.
4. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.

Абайдың қарасөздері. Он жетінші сөз

CD 03

Қарасөзді тыңдап, әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талда.



Абайдың қолданған заттары

...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

Абай. Бірінші сөз

Абайдың қарасөздерді жазуына не себеп болды екен?

Абайдың адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары «Он жетінші сөзінде» (1893 ж.) де айқын ашылды. «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті». Осы қасиеттердің барлығын Абай пәлсапалық ой түйіндеу арқылы ғылымға төрелік айтқызады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаса», аяғына бас ұрып, табынатын қасиетті адам сол екенін ескертеді. Бірақ үшеуі ала болып, басы бірікпеген жағдайда тым болмаса жүрегіңді таза сақта, құдайшылық, яғни мейірбандық сонда деген түйін жасайды. Адам баласы өмірге келгенде әртүрлі мінезбен келеді. Егер тәрбиесі дұрыс болмай, теріс ақыл үйренсе, бойындағы қайратына ие болмай, жамандыққа бой алдырса, бір мезгіл жүректі тыңдау керек деген ой тастайды. Өйткені ақыл мен қайрат жүре пайда болады, қолмен ұстап, көзбен көруге келмейді, бұлар – абстрактілі ұғымдар. Ал жүректі сезіне аласың, дүрсілін естисің, суретін көресің. Жүрек – сенің жаратылыстағы қалпың. «Көзімнің қарасы» деген өлеңінде Абай:

Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас, –

дейді. Сондықтан осы ісім дұрыс па, қате ме деп бір мезет жүректі тыңдау керек, «жүрекке өмір жүрмейді» деу бос сөз. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деген сөзді Абай ғылымның

Зерделі ой

Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар – сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Мұхтар Әуезов

Зергер сөз

Абай мен Шәкәрімнің ойлау пайымына қазір Еуропа да, Шығыс та жете алмай отыр.

Мекемтас
Мырзахметұлы

аузына тегін салып тұрған жоқ. Оқыған адам – ақылды, оқыған адам қайратын дұрыс жұмсай алады, оқыған адам жүректің өміріне құлақ аса алады, тыңдайды. Дойырлыққа, надан, нашарлыққа бармайды.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей» ұстаған «толық адамнан» еш уақытта жауыздық шықпайды. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» – дейді емес пе? Мәтін мазмұны парасат-пайымға тұнып тұр. Абай нұсқаған жолмен жүру өмірлік бағытыңды белгілейді, адаспайсың, тіршілікке ұмтыласың, өйткені ол – адамзаттың барлығына ортақ құбылыс. Абайды оқысаң, өмірден жаза баспайсың. Сондықтан «Абайды оқы, таңырқа», «Абайды оқы, ерінбе».



Ойталқы

1. Қарасөз дегенді қалай түсіндірер едің?
2. Абайдың қанша қарасөзі бар?



Себебін анықта

1. Абайдың қарасөздерін неліктен адамзаттың рухани азығы дейміз?
2. Абай не себепті «толық адам» туралы сөз қозғайды?



Тобыңда талдап көр

Абайдың қарасөздерінің қазақ әдебиетіндегі басқа қара сөздерден (өңгіме, новелла, эссе, повесть т.б.) айырмашылығын талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Қарасөздегі ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашып жаз.

«Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша қарасөзден «Мәңгілік Ел» идеясы мен әлемдегі адами құндылықтарды байланыстырып көрсет.



Түйінде

Қарасөзде айтылған «толық адам» туралы ойды өз пікіріңмен толықтырып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Қарасөзде кейіпкер бар ма?



Үйде орында

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек, –
демекші, өз жүрегіңнің кеңесіне құлақ асқан кезің жиі бола ма? Әлде ақылға немесе қайратқа сүйенесің бе?



Білгенге маржан

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – **қарасөздері**. Абайдың қарасөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын қарасөздер тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қарасөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

«Абай» энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – мұнда сөз ырғағы еркін келеді, өлең өлшемі, шумақ, тармақ болмайды. Қазақта қара сөз *ертегі, аңыз, әпсана, хикаят* түрінде туған. Қазір *роман, повесть, әңгіме, эссе* түрінде дамып отыр. Ал Абайдың қарасөздері жалпы саны 45 бөліктен тұрады. Жанрлық тұрғыдан алғанда Абай қарасөздеріне публицистика және эссе табиғаты (Бірінші, Отыз сегізінші) тән.

Эссе (фр. *essai* – тәжірибе, лат. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық шығарма.

Әпсана (парс. аңыз, араб. хикаят-әңгіме) – ерте замандағы оқиғаларға, пайғамбардың, тарихи тұлғалардың, әулие-әнбиелердің ғажайып істерін баяндайтын діни сюжеттерге негізделген фольклорлық проза жанры.

«Әдебиеттануға кіріспе»



Қолданып көр

Абайдың қарасөздерінің өзіңе әсері туралы эссе жаз.



Міне, қызық!

Абайдың қарасөздерінің бірнешеуін ең алғаш М.Әуезов 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарияласа, 1933 жылы қарасөздерді толық қамтып, екі томдық жинағын құрастырды. Бұл академиялық тұңғыш жинақ латын әрпімен

1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Кейіннен Абайдың қарасөздері орыс, қытай, француз, неміс, ағылшын т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Қазақ тілінен тікелей француз тіліне Ғалымжан Мұқанов, неміс тіліне Лариса Захарова, қытай тіліне Хабай (Ха Хуан Жан) аударды.



Кітап – асыл қазына

1. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993.
2. Мырзахметұлы М. Абай ойының өзекті желісі – «толық адам». / Кітапта: Абайтану. 1-кітап. 2-бас. – Астана: Interaktiv Kazakhstan, 2014. –295–300-б.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

Отыз екінші сөз

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Абай

XIX ғасырда өмір сүрген ақын ғылымға неге ынтық болды екен?

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» деген Абай 1895 жылы жазған «Отыз екінші сөзінде» білім-ғылым үйренудің нақтылы жолдарын көрсетті. Мұнда ғылымға жетудің алдымен алты түрлі шарты болатындығын атады.

Абай ең алдымен білім-ғылымды ұсақ-түйек пайда үшін жеке бастың есебімен үйренудің адамға келтіретін зиянына тоқталады. Ғылымға шын мейірлену керектігін ескертеді. Өйткені Абайша айтсақ, «Шала мейір шала байқайды». Сондықтан да ғылымды «ондай-мұндай іске, дүниенің бір қызықты нәрсесіне» жаратар едім деген мақсатпен іздемеу керек. Әуелі білім-ғылым үйренбекке қызығушылық болу керек. Әрбір білмегенінді білген сайын дәулетке кенелгендей сезінгенде ғана адам бойында ризашылық, рахатшылық сезім пайда болады. Міне, сол рақат сезімді берік ұстаған жағдайда білімге деген құмарлық, ынтызарлық оянады. Шын жүрекпен құмартып игерген ғылым ғана адам баласына туған шешесіндей мейірленіп келеді, ал шала үйренген ғылым өгей шешенің мейіріндей толық болмайды. Сол себепті адамды шала сауатты болудан сақтандырады. Бұл ғылым үшін де, талапкердің өзі үшін де аса қауіпті болатындығын ескертеді. Сондықтан «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетін» жағын ойластыру керек.

«Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген Абай ғылымның ақиқат жолына жұмсалуды насихаттайды. «Бес саусақ бірдей емес», адам баласының барлығы бірдей дарынды болып тумайды. Абайдың пайымдауынша, ғылымға қабілеттілігі әртүрлі адам

ұмтылады. Ішінде «мен кімнен кеммін» деп өзін басқадан артық санайтын бақас та (күншіл) болуы мүмкін. Абай ондай адамдардың көбеюінен сескене-неді, өйткені олар «адамды түземек түгіл, бұзады». Ең қорқыныштысы жеке бастың қамын күйттегеннен басқа мақсаты жоқ адамдар ештеңеден тайынбайды. Олар бірдеңенің шетін білсе, соған дандайсып, өзімшіл пиғылын жасыра алмайды. Өзі соған сенгендіктен, көзі жетпесе де өтірікті те, өсекті де жасқанбай айтып, тіпті төбелеске дейін баруы мүмкін. Бұлардың адамдар арасында зияны зор, күндеушілікті зорайтқаннан басқа, ешкімге пайдасы тимейді.

«Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып иждихатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егер де ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» дегенде ғылым жолындағы ақиқатқа анық көзің жетсе, соны «көздің қарашығындай» қорғап, қадіріне жете білу керек деген ой айтады.

«Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге адамның ішінде екі қару бар: бірі – мұлахаза (ойласу), екіншісі – мұхафаза (сақтау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде (күш жұмсау) болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» дегені де адамның ғылым жолындағы төзімділігі мен ізденістерін көрсетеді.

«Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (қалайда), жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың (құдайдың), екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бөрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» деп, ғылым жолына түскен адамға кесел келтіретін зиянды нәрселерден саналы түрде сақ болуды тапсырады.

Абай «Он тоғызыншы сөзінде» адам дүниеге келгенде есті болып тумайтындығын, үйрене келе есті болатындығын айта келіп, ол үшін естілердің айтқан сөзін ынта қойып тыңдау, ұқпаған жерін қайта сұрау, түйсіну, үлгі алу керектігін айтса, «Отыз бірінші сөзінде» төрт түрлі «ой кеселдерінен» сақ болуды атап көрсетті. Олар: 1) уайымсыз салғырттық, 2) ойыншы-күлкішілдік, 3) қайғыға салыну, 4) құмарлық пайда болу. Міне, болашақ ғалым осы зиянды нәрселерден сақ болса, құдай алдында адалдықпен ғұмыр кешіп, ел бетіне тік қарап, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың иесі болатындығына кәміл сенетіндігін білдіреді.

«Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» – деп Абай намысты болуға тәрбиелейді. Бірсөзділікті, тұрақтылықты, ұстамдылықты Абай ақыл мен ғылымның сауытына теңейді. Бір нәрсені бастап, аяқсыз қалдыру, әр нәрсенің басын шалу берік мінезді бұзатындығын айта келіп, ғылымға деген адалдықты, төзімділікті, қайсарлықты насихаттайды.

Жалпы Абайдың қарасөздерінде ғылымға барар жолдың екі түрлі жағдайы көрсетіледі. Бірі адамның ең қажетті ішкі жағдайы, яғни ынтамен оқу, мейірленіп іздену, жігерленіп талаптану, есіткенді ұмытпау, төзімді болу, т.с.с., екіншісі – өмір сүрген ортасы мен тұрмыс жағдайы. Міне, Абай даналығы сонда, ол осы «Отыз екінші сөзінде» адамның сыртқы жағдайы емес, ішкі жағдайына байланысты талаптанушыларға арнап ізденудің алты түрлі шартын көрсетіп берді.



Ойталқы

1. Абай білім-ғылым үйренудің неше шартын көрсеткен?
2. Ғылымды, ақылды сақтайтын не?
3. Елімізде қай ғылымның саласын дамыту қажет?



Себебін анықта

1. Неге ақын «Шала мейір шала байқайды» деген ой айтады?
2. Абай не себепті «білім» және «ғылым» сөздерін жиі қолданған?
3. Неліктен Абайдың пікірі таза ғылым жайлы болмаса да, бүгінге дейін өзекті болып қала береді?



Тобыңда талдап көр

«Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген Абай сөзін «Рөлдегі оқушылар» әдісі бойынша талдап көріңдер.

1-қадам: рөлдерге бөлініңдер.

Баяндаушы – қарасөздің тақырыбы, идеясына талдау жасайды.

Сөз тапқыш – қарасөзде кездескен атауларға түсінік береді.

Бейнелеуші-суретші – қарасөздің мазмұны бойынша суреттер салады.

Дәнекер – қарасөз мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады.

2-қадам: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылаңдар.

3-қадам: тапсырмалар талқыланғаннан соң презентация жасап, топқа бөлініп қорғаңдар.



Дәптеріңе жаз

Отыз екінші сөзді «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыра отырып, білім-ғылым үйренудің нақтылы жолдарын ашып жаз.



Түйінде

Қарасөзде айтылған «білім-ғылым» туралы ойды уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарап, өз пікіріңмен толықтырып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетін» себебін ойлап, анықта.



Үйде орында

Өзің таңдаған мамандықты меңгеру үшін Абайдың «Отыз екінші сөзіндегі» қай кеңесін ескерер едің?



Білгенге маржан

...Абай «ғылым» сөзін осы күнгі «наука» мағынасында жұмсамаған. Ғылым сөзінің бұл ұғымда келуі Абайда сирек. Бұл сөзді ақын көбіне-көп «білім, оқу, сауаттылық» мағынасында жұмсаған. Мысалы, атақты «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын өлеңінде ғылым деп тұрғаны – сөздіктерде көрсетілгендей, «жаратылыстың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылығын білу жүйесі және жеке білім тараулары» (Абай тілі сөздігі, 1968, 183-б., 2011, 155-б.) емес, «сауатты болу, білім алу, оқу» деген жалпы мағынада. Мұны ақынның білім-ғылым деп қос сөз түрінде де келтіруі оның жалпы «білім» деген ұғымда жұмсалғанын көрсетеді.

Рабиға Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі»



Білген үстіне біле түс

Ғылым (араб. عِلْمٌ (ілім) – білім, тану; лат. *scientia* – білім) – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға, жүйелеуге, болжауға, жетілдіруге, түсіндіруге мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы көрсеткіші. Жалпы мағынасы: жүйелік білім мен тәжірибе. Арнайы мағынасы – ғылыми жолмен жинақталған білім жүйесі, сонымен қатар зерттеумен келген ретті білім жинағы. Негізінен ғылымды екі санатқа бөледі:

- Жаратылыс құбылыстарын (биологиялық өмірді қоса) зерттейтін жаратылыстану ғылымы.
- Адамзат өмірі мен заман тынысын зерттейтін гуманитарлық ғылым.

«Қазақ энциклопедиясы»



Міне, қызық!

Ғалым Рабиға Сыздықованың зерттеуінше Абай шығармаларында «оқу» деген сөзді 54 рет, «ғылым» деген сөзді 111 рет, «білім» деген сөзді 31 рет, «өнер» деген сөзді 46 рет қолданған.



Кітап – асыл қазына

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.
2. Рабиға Сыздықова. Абайдың сөз өрнегі / Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004.
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.

Отыз үшінші сөз

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Абай

Абай атамыз өнерліні неге жоғары бағалады екен?

«Отыз үшінші сөзінде» (1895 ж.) Абай «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» деп, «он саусағынан өнер тамған» қандай шаруаға болмасын икемі, бейімі бар кәсіпқой адамды әулие санайды. Абай заманында дүние-мүлік малмен өлшенгендіктен, «Егер де мал керек болса» деген сөзді «ақша керек болса» деп ұғыну керек. «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөздің астарында үлкен мағына бар. Ата-бабадан қалған мал да, қаражат та, байлық та уақыт өте келе таусылуы мүмкін, ал белгілі бір кәсіппен шұғылданып, өнер үйренген адам еш уақытта таршылық көрмейді.

Абай «Он бесінші сөзінде» ақылды адам мен ақылсыз адамның бірнеше түрлі айырмашылығын санамалап көрсетсе, «Отыз бірінші сөзінде» ақыл мен ғылымға зиян келтіретұғын төрт түрлі кеселді атап берген еді. Ал «Отыз үшінші сөзінде» қолөнер шеберлігіне зиян келтіріп, кері әсер ететін талапсыздық, еріншектік, тамыршылдық кеселдерді айтып береді:

«Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады» деп, ең алдымен талапсыздықты, бойкүйездікті сынайды.

«Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады» деп азын-аулақ табысына мәз болып маңғазсынған тоғышар, жан-тәнімен беріліп жұмыс істемейтін, алға ұмтылмайтын, келешегін ойламайтын дүбөра, еріншек адамды сынайды. «Бір-екі қара тапса» дегені – бірер сиыры болса деген сөз. Демек, азын-аулақ табысқа малданбай, ерінбей еңбек етіп, кәсібін жетілдіріп, жандандыруды түсіндіреді.



Абай музейіндегі қобыз

«Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді» деп, жас кездегі өнер үйренуге жұмсайтын алтын уақытты босқа өткізіп алмауды ескертеді. Бұл жерде Абай ешкімге қараспай, жеке өз пайдаңды

ғана біл деп тұрған жоқ. Абай шеберді алаяқтан сақтандырып тұр. Мұнда шебердің мақтаншақтығынан гөрі алдаушының есіруі, іштей масаттануы одан да зиян болатындығын аңғартады. Өйткені «дүниенің қызығы – алдау» деп түйсінген алаяқ тағы да біреуге сол әрекетті жасауға тырысады. Сондықтан «пайдасыз алдауға» түспеу үшін Абай айтып кеткен ой кеселінен де, сөз кеселінен де келетін зиянды іске жоламау керек.

«Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айырылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айырылып, қор болып кетеді. Осы несі екен?» деп, жұмысын істетіп алу үшін уақытша дос, тамыр болған әркімнің сөзіне сеніп, ғұмырының соңында қайыршылыққа душар болған өнер иесінің қор болған өмірін суреттейді. «Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?» деген сұрақты Абай тегін қойып тұрған жоқ. Өйткені қарасөздің бүкіл мазмұнын осы сұраққа сыйдырып, адамды өмірге байыппен қарап, ойланып іс жасауға жетектеп отыр.

Қазақта «Өнерлі өрге жүзер» деген мақал бар. Міне, сол өнерді өмірінің соңына дейін ұстанып, өнерін арттырған адамды Абай әулиеге теңейді. Мейлі етікші, мейлі тігінші, мейлі аспаз, мейлі бапкер, мейлі емші болсын, сол айналысқан кәсібін жетілдіріп, заманға ілесе білген адам – Абай үшін әулие. Қандай да бір өнерді меңгеріп, қолынан іс келетін адам әруақытта қадірлі, көпшілікке керек. Әрі еш уақытта таршылық көрмейді, өйткені жан қалауымен тапқан өнері бар. Ал «өнер жұтамайды». Абайдың негізгі айтпақ ойы осыған саяды.

Десе де, Абайға төн сыншылдық пікір мұнда да айқын көрінеді. Сынай отырып, сақтандырады. Сынай отырып, жол сілтейді.



Ойталқы

1. Абай «Отыз үшінші сөзінде» кімдерді сынап отыр?
2. Кәсіпке зияны тиетін не нәрсе?



Себебін анықта

1. Неліктен «Мал жұтайды, өнер жұтамайды»?
2. Абай қолөнершіні не себепті сынайды?



Тобыңда талдап көр

«Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?» деген Абай сұрағын «Жолаушының

қойын дәптері» әдісі бойынша өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.

1. Топқа бөліну.
2. Қарасөзден сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
3. Осы үзінділердің түрлі кәсіптерге әсері төңірегінде топ ішінде талқылау.
4. Өз әсерлерін жазу.
5. Автор орындығында жазған пікірді оқу.



Дәптеріңе жаз

Қолөнер үйренудің нақты жолдарын өз ойыңмен жаз.



Түйінде

«Отыз үшінші сөздің» мағынасын талдай келе, «Өнерлі өрге жүзер» деген тақырыппен түйіндеп, эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

Өнер жұтамау үшін не істеу керек?



Үйде орында

Абай «Отыз үшінші сөзінде» өнер арқылы табыс табу керектігін айтады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сабағында алған біліміңе сүйеніп, өзіңе жақын өнерді игеріп, қалай дамытатыныңды жоспарла.



Білген үстіне біле түс

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Өнер – өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс.

Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің: көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері т.б. түрлері бар.

«Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығы»

**Міне, қызық!**

«Шалқар» радиосының «Алтын қорында» Қазақстанның халық әртісі, Ұлы Отан соғысының ардагері диктор Әнуарбек Нығметжанұлы Байжанбаев оқыған Абайдың қарасөздері сақтаулы. Бұл – шынымен де нағыз алтын қор.

**Кітап – асыл қазына**

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.

«Ескендір» поэмасы

Абай жазған 4 поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар.

М.Әуезов

Абайдың қандай поэмалары бар?

Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Өзімнің әңгімесі» атты төл туындылары мен «Вадим» секілді көркем аудармасы қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа ғасырдағы алғашқы шығармалары болып саналады. М.Әуезовтің: «Абай жазған 4 поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар», – деген пікірінде ғылыми сындарлы түйін жатыр. «Ескендір» мен «Масғұт» Абайдың 1909 жылғы жинағында жарық көрсе, «Өзім әңгімесі» мен «Вадим» поэмаларын Абай жинағына алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов енгізген. «Вадим» поэмасы Абай шығармаларын ұқыптап көшірген Мүрсейіт Бікіұлы қолжазбасынан табылған, ал «Өзім әңгімесін» 1927 жылы Ысқақ Ырысайұлы деген кісі Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен. Содан бері Абайдың екі томдық шығармалар жинағында бұл поэмалар үзбей жарияланып келеді. Абай М.Ю.Лермонтовтың «Вадим» деген аяқталмай қалған повесінен алып, «Вадим» атты төртінші поэмасын жазған. Орыс қаламгері бұл туындысын нағашы әжесі Е.А.Арсеньевадан естіген әңгімелері бойынша жазып шыққан. Бұл шығарманы зерттеушілер Пугачев көтерілісіне қатысты оқиғалардың сипатталуымен байланыстырады. Бірақ шығарма аяқталмағандықтан, Пугачев көтерілісі толық қамтылмайды. Ал Абайдың басты ерекшелігі: біріншіден – қарасөзбен жазылған шығарманы өлеңмен айшықтап шығуында. Екіншіден – шығарманың сыншылдық жағынан гөрі романтикалық сипатына назар аударуында. Мұнда Абай түпнұсқаның мазмұнын ғана алып, жалпы мазмұнын еркін аударған. Түпнұсқа да, Абай аудармасы да аяқталмай қалған.

Ескендір не себепті поэмаға арқау болған?

Абай ақындық кемеліне келіп, таланты әбден толысқан кезде «Ескендір» поэмасы мен «Мың бір түн» желісі негізінде «Масфұт», «Өзім әңгімесі» деген поэмаларын жазды. Осы шығармалардың ішіндегі ең шоқтығы биігі, ең елеулісі – «Ескендір» поэмасы. Ақын ойының ішкі қуаты мен суреткерлік шеберлігін де, өмір материалының кесектігі мен гуманистік ой-пікірлерін тереңірек танытатыны да – «Ескендір» поэмасы.

Шығарманың негізгі тақырыбы – адамгершілік, қанағат, рақымшылық. Идеясы – әділет пен даналықты дәріптеу, ашкөздіктен сақ болу, пендешіліктен арылу, ол үшін иманды болу, ұятың мен арыңды сақтау. Абай поэмасының көлемі шағын болғанымен, мазмұны эпикалық жүк арқалап тұр, себебі мұнда адамзат баласына ортақ адамгершілік қасиет пен адамның биік мұраты туралы кесек ой айтылған.

Поэmanın басты кейіпкері Ескендір – Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі болған ірі қолбасшы, Шығысқа Ескендір Зұлқарнайын деген атпен тараған. Ескендір жайында Шығыс ақындарының көбі жырлаған. Ә.Фирдоусидің «Шах-нама», Низамидің «Ескендір-нама», Жәмидің «Ескендір даналығының кітабы», Науаидың «Ескендірдің қорғаны» дастандарында оның образын ардақтап көрсеткен. Ескендір Зұлқарнайын хақында қасиетті Құран-Кәрімнің Кәһф сүресінің 83–97-аяттарында да баяндалады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп бастап, «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деп өлең жазған Абай мұсылмандық шығыс ғұламаларының бізге жеткен мұрасының барлығымен таныс болған. Бірақ Абайдың «Ескендірі» бұлардан мүлде бөлек. Неге? Поэmanın «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп басталуында үлкен сыр жатыр. Академик Сейіт Қасқабасов «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі» деген мақаласында «Ескендір» поэмасының қазақ арасында әпсана, хикаят, жыр түрінде тарап, қос мүйізі бар Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір жайындағы әпсана-хикаяттардың сюжеттік негізі Низамидің «Ескендір-намасы» мен Рабғузидың «Қисса-сул-әнбиясынан» таралғанын, ал Абайдың «Ескендірі» ежелгі дәуірдің аса құнды жазба ескерткіші – «Талмуд» кітабына апаратынын алға тартады. Бұл кітаптың «Агада» деп аталатын бөлімінде Ескендір туралы бірнеше мысал-әңгіме бар. «Агада» – біздің заманымыздан бұрынғы V–IV ғасырлардан бастап ауызша айтылып келген алуан түрлі мысалдар мен әңгімелердің, ертегілер мен әпсаналардың біздің жыл санауымыздың III–V ғасырларында жазылып алынып, «Талмудқа» енгізілген шығармалардан тұратын жинақ».

XIX ғасырдағы неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі болған француз Альберт фон Шамиссо (1781–1838) осы кітаптағы сюжет негізінде «Ескендір туралы аңыз (Талмуд бойынша)» деген көлемді өлең жазған. Бұл өлеңді орыстың романтик ақыны В.А.Жуковский (1783–1852) 1844 жылы еркін аударып, «Москвитянин» журналының 1845 жылғы № I санында жариялайды. Осылайша Ескендірдің жұмаққа барып, қу бастан басқа ештеңеге ие бола алмағаны туралы ежелгі Талмудтағы сюжет XIX ғасырда орыс әдебиетіне Жуковский арқылы келсе, қазақ даласына Абайдың «Ескендір» поэмасы арқылы таралған. Шығармада үш кейіпкер бар: Ескендір, күзетші, Аристотель. Поэмада Ескендірге байланысты бір ғана оқиға баяндалады. Жер-дүниені

жаулап, «Ханның ханы, патшаның патшасы» атанған Ескендір қалың әскермен келе жатып, шөл далада бір бұлаққа тап болады. Балдай тәтті, салқын судың дөміне таңғалған Ескендір шаһарды жаулап алмақ ниетпен бұлақ бастауын іздеп, жоғары өрлегенде, алтын қақпаға тіреледі.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жау ғой,
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:
– Қақпаны аш! – деп барынша айғай салды.

Бірақ күзетші Құдайға бастайтын қақпа екенін айтып, оған ашпай қояды. Сөйтіп оған орамалға түйілген бір зат береді. Жүрген жерінен мол асыл қазына жинап дәнiккен Ескендір оның қу сүйек екенін көріп, ашуланады:

Орамалды қуанып қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта салды.
Қараса ішіндегі бір қу сүйек,
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті:
– Ең болмаса білмеді сый бермекті.
Осы менің теңім бе? – деп ақырып,
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Алайда данышпан Аристотель ғана лақтырылған сүйекке мән беріп, оның тегін емесін ескертіп, құпиясын шешіп береді.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,
Лақтырған сүйекті алады сол.
Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель жеке-дара.
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
– Таразыны әпкел де, сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдырып ортаға алды.
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.



Сүйектің қасиеті

Таразының бір басына салынған есепсіз қазына байлығы мен мол алтын-күміс, тіпті патшаның бойындағы бар қару-жарағы да таразының екінші басындағы кішкентай ғана қу басты тарта алмауы дүниенің адамға мәңгілік жолдас болмайтындығын көрсетеді. Аристотель оған жерден бір уыс топырақ алып шаша салғанда, қу бас сылқ ете қалады. «Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда» деген Абай топырақ жамылғанда ғана адам баласының тойымсыз, ашкөздігі түкке тұрмай қалатындығын Ескендір образы арқылы ашады. Тіршілікте ұятың мен арынды сақтаудың маңызын айта келіп, «Ұятсызда иман жоқ» екенін аңғартады.

Поэма сюжеті дүниежүзін жаулаған атақты қолбасшының қу бастан кейін райынан қайтып, тәубе қылуы, «Бекерлік екен менің бұл ісім деп» құдайдың құдіретін мойындап, бейбіт жолмен еліне қайтқан ғибратты ісімен аяқталады.

«Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!» деген өлеңдегі негізгі идея мақтансүйгіш, менменсіген қолбасшының тойымсыз іс-әрекетін әшкерелеу арқылы ашылған.



Ойталқы

1. Поэма сюжеті қайдан алынған?
2. Александр Македонский деген кім?



Себебін анықта

1. Ақын Александр Македонскийді неге Ескендір Зұлқарнайын деп алған?
2. Неліктен Абай «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» дейді?
3. Ескендірдің райынан қайтуына не себеп болды?



Тобыңда талдап көр

«Ескендір» поэмасын топ ішінде «Самаралық әдіспен» кезектесіп оқу арқылы тақырыбы мен идеясына және көркемдік маңызына тоқталыңдар. Әрбір шумаққа мән беріңдер. Мысалы:

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп, –

деген сөздегі автордың айтайын деген ойын қалай түсінеміз? «Антұрған» не үшін мақтанып отыр? Оған күлген дұрыс па?

1. Поэманы үзінділерге бөліп оқыңдар.
2. Топ ішінде оқылған үзінділерді өзара талқылаңдар.
3. Берілген үзінділердің мазмұнын ашатындай 9–10 түйін сөз жазыңдар.
4. Үзіндіні қайта оқыңдар.
5. Әрбір топ ішінен бір оқушы үзіндіні мазмұндап береді.



Дәптеріңе жаз

Поэmanın соңындағы: «Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме, Мұны бір өзге сөздің бірі деме» деп басталатын Абайдың өсиет сөзін «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!» деп аяқталатын жеріне дейін бірнеше қайталап оқып, «Мен осы кіммін?» деген тақырыпқа монолог жазу.



Түйінде

1. Поэмадағы Ескендірдің ең әлсіз тұсын пайымдап, Абайдың негізгі айтайын деген ойын анықтап, түйінде.

2. Қай Ескендірді батыр дейміз: дүниежүзін жаулап алғанды ма әлде ақылға келіп, жауынгерлерін тоқтатып, еліне қайтқанды ма?



Қалай ойлайсың?

Абайдың «Шығысым – батыс, батысым шығыс боп кетті» – деген сөзін «Ескендір» поэмасы бойынша қалай дәлелдер едің?



Үйде орында

1. Ескендірдің бойында көшбасшыға қажет қасиет бар ма?
2. Қосымша әдебиеттерден Македонский туралы оқып шығып, поэмадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыппен үндестігін анықта.



Әдебиет теориясы

Поэма (гр. *poіeta*) – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған не болуға тиісті күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

1. «Ескендір» поэмасында автордың оқиғаларды эпикалық немесе лирикалық сипатта суреттейтін тұстарын тауып, дәлелде.
2. Шығыс классиктерінің қазақ арасында кең тараған қос мүйізі бар Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір туралы аңыздарына шолу жасай отырып, Дулат Бабатайұлының Ескендір туралы «Шаштараз» дастаны мен Мағжан Жұмабаевтың «Ескендірдің екі мүйізі» атты өлеңін және Ыбырай Алтынсариннің мәңгілік өмірді аңсап, шипалы су іздеген Ескендір туралы «Бәріміз бір адамның баласымыз» атты өлеңінің сегіз шумағын оқып, Ескендірдің тарихи тұлғасы туралы ой қорыт.



Шығармашылық тапсырма

«Шоқан – оқығанның жалғызы, Абай – қазақтың жалғызы» деген Ө.Бөкейхан сөзін тақырып ете отырып, екі ғұламаның әлем әдебиеті мен мәдениеті тарихын жақсы білгендігін салыстыра отырып, эссе жаз. Мысалы, Ш.Уәлихановтың антикалық әдебиетті зерттеуі, әсіресе, Гомердің атақты «Иллиада» мен «Одиссея» поэмалары, ағылшын жазушысы, драматург В.Шекспирдің «Гамлет», басқа да Руссо, Карлейл, Диккенс, Теккерей сияқты Батыс Еуропа жазушыларының шығармаларын жақсы білуі, Шығыстану мен Еуропаның мәдени мұрасын қазақ халқының әдебиетімен қатар қойып салыстыра зерттеуі. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ш.Сәтбаева еңбектерін пайдалан.

**Міне, қызық!**

Жуковскийдің мәтіні бойынша, Александр Македонский ақылгөйдің көз сүйегі туралы сөздерін естіген соң да бөтен елге деген шабуылдарын тоқтатпай, керісінше, «өмір қысқа, бәріне үлгеру керек» деп, енді Үндістанды жаулауға аттанады. Елдерді қырып, қандарын судай ағызып, жеңіске жеткен сайын өршелене түседі. Ең соңында: «Тоймас жаугерді бір уыс қана топырақ тоқтатты», – деп аяқтайды Жуковский шығармасын. Абайда, керісінше, Ескендір «қолын алып, жұртына қайта көшеді». Оқиға осымен аяқталады. Одан әрі қарай Абай нақыл, ғибрат айтады. Мұның өзі – 16 жол. Ақынның бұл сөздері оның ғақлияларымен, философиялық және ағартушылық көзқарастарымен ұштасып жатыр.

Екіншіден, поэманың басында шөл аралап жүрген Ескендір Жуковский өлеңіндегідей үлкен өзенге емес, кішкене ғана бұлаққа кездеседі. Осы жерде Жуковскийде жоқ, бірақ Талмудта кездесетін бір эпизод бар.

Талмудта: «Остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель царь начал обмакивать в воду ручья – и рыба получила удивительный запах».

Абайда:

«Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше тәтті тым-ақ!
Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Исі, дәмі өзгеше болып кетті».

Абай нұсқасының тағы бір ерекшелігі – поэманың басында Ескендірдің аты-жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын көрсетуі және Ескендірдің ұстазы Аристотельді енгізуі. Бұл – сөз жоқ, ақынның Александр Македонский туралы тарихи еңбектермен таныстығының куәсі. Сонымен, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал-әңгіме екеніне көзіміз жетті. Талмудтың әңгімесінің сюжеті Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға жеткен. Абай Жуковский өлеңін, Талмудтың өзін, сондай-ақ Македония мен Ескендірге қатысты тарихи еңбектерді шығармашылық түрде пайдаланған. Ал бүкіл Шығысқа тараған Ескендірдің өлмес су іздегені туралы және мүйізін көрген шаштараздарды өлтіріп отырғаны жайлы сюжеттерді алмай, Абай не себепті осы жұмаққа барып, қу бас алып қайтқан Ескендір хақындағы сюжетті пайдаланған? Міне, бұл – арнайы қарастыруды қажет ететін сауал.

Сейит Қасқабасов

**Кітап – асыл қазына**

1. Қасқабасов С. Ескендір поэмасының сюжеттік негізі. / Кітапта: Абай тағылымы (Құр., Н.Ғабдуллин, пікір жазған С.Ақтаев). – Алматы: Жазушы, 1986. – 224–237-б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.

«Өлең – сөздің патшасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

Абай Құнанбайұлы қай өңірде дүниеге келген?

- A) бұрынғы Семей облысындағы Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келген
- B) Абай Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында дүниеге келген
- C) бұрынғы Семей облысының Семей қаласында дүниеге келген
- D) Абай Павлодар облысында дүниеге келген
- E) бұрынғы Семей облысының Үржар ауданында дүниеге келген

«Қазақтың бас ақыны – Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ», – деген кімнің сөзі:

- A) М.Әуезов
- B) Қ.Мұхамедханов
- C) Р.Сыздықова
- D) М.Дулатұлы
- E) А.Байтұрсынұлы

Абай болыс болған жер:

- A) Жидебай
- B) Семей
- C) Қоңыркөкше
- D) Қоңырөлең
- E) Қарқаралы

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің бірі неліктен «Сегізаяқ» деп аталады?

- A) сегіз аяқты жәндікке арналған өлең
- B) Сегіз серіге арналған өлең
- C) 8 тармақты өлең
- D) 8 буынды өлең
- E) 8 шумақты өлең

«Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап» – деген жолдар Абайдың қай өлеңінен алынған?

- A) «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі
- B) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі
- C) «Сегізаяқ» өлеңі
- D) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі
- E) «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі

«Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,

Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда» жолдарының мағынасы

- A) сүрініп құлау
- B) жығылып қалу

- C) қисайып қалу
- D) бас киімі түсіп кету
- E) басынан бағы таю

«Өңкей жалған мақтанмен

Шынның бетін бояйды» жолдары адамның қандай қасиеттерін сипаттайды?

- A) күншілдік
- B) өтірікшілік
- C) еріншектік
- D) мал шашпақтық
- E) жайбасарлық

Абайдың қарасөздерінің саны қанша?

- A) 41
- B) 43
- C) 47
- D) 45
- E) 40

Абайдың қарасөздерінде ғылымға барудың қанша жолы көрсетіледі?

- A) 5
- B) 7
- C) 2
- D) 3
- E) 4

Абай қанша поэма жазған?

- A) 3
- B) 5
- C) 1
- D) 4
- E) 2

2. Сұраққа жауап бер: Суретшінің негізгі құралдары – қылқалам мен бояу. Ал Абай өлеңінен алынған мына жолдарды қалай түсіндірер едің? Бұл жерде суретші кім? Қандай суретші? Мақсаты не?

Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды.

3. «Сөз әлемінің патшасы – Абай» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) зерттеу
- B) хат
- C) өмірбаян
- D) өсиет
- E) естелік

2. Автор қандай іспен айналысқысы келеді?

- A) мал бағумен
- B) ел бағумен
- C) ғылым бағумен
- D) бала бағумен
- E) сөз бағумен

- 3. Автор малды неге баққысы келмейді?**
- A) қалада тұрады
 - B) малы жоқ
 - C) балалар бақсын
 - D) малдың жайын білмейді
 - E) қоралары жоқ
- 4. Мәтінде айтылмаған іс-әрекетті көрсет.**
- A) ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ
 - B) балалар өздеріне керегінше өздері бағар
 - C) ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын
 - D) қарасөздерімді жазып бітірейін
 - E) қалайша бала бағудың мәнісін де білмеймін
- 5. Абайдың бала бақпауының себебін анықта:**
- A) баланың анасы емес
 - B) сәйкес білімі жоқ
 - C) бағудың мәнісін білмейді
 - D) балалары ержетіп кетті
 - E) мал баққанды оңай көреді
- 6. Қарасөзде көтерілген мәселені «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіріп бер.**

II ТАРАУ

ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүйі шарт. Сол сүйоді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек.

Мұхтар Әуезов

Көркем әдебиет деген – ең әуелі жаңды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ.

Ғабит Мүсірепов

Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған.

Жүсіпбек Аймауытұлы

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ



Жүсіпбек Аймауытұлы
(1889–1931)

Жүсіпбек Аймауытұлы қай кезеңде туып-өсті?

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі, қазақ проза жанрының негізін салған майталман жазушылардың бірі, драматург, публицист, аудармашы, Алаш қайраткері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызылтау» (қазіргі Жүсіпбек Аймауытұлы) ауылында туып-өскен. Аймауыттың әкесі кедей болғанымен, аталары Дәндебай, Қуан деген кісілер елге танымал дәулетті кісілер болған. Жазушы өз өмірбаянында: «Қызылтаудың бауырындағы Қараның адыры деген жерде Дәндебай ауылында тусам керек. Руым – Сүйіндік, оның ішінде Күлік. Айдабол мен Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт – Айдаболдан, екеуміз сегізінші атадан, Мәшһүр Жүсіппен жетінші атадан қосыламыз», – деп жазады.

Жүсіпбектің баласы Бектұрдың: «Әкем жазушылығынан бөлек – сан-салалы өнер иесі еді... Ғажап етікшілігінің үстіне, темірден түйін түйетін ұста, музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын еді... Қолы қалт ете қалса, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып көп жазатын», – дегеніндей («Лениншіл жас», 1990, 29 маусым), қаламгердің жазушылығынан басқа да көп қырлы талант иесі болғандығын көреміз.

Жазушы қай жерде білім алып, қызмет істеді?

Жастайынан өнер-білімге құштар болған қаламгер 1907–1913 жылдары Баянауыл, Кереку (Павлодар) мектептерінде, 1914–1919 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында оқыған. Осы кезде алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» (1918) журналын шығарысып, Қ.Сәтбаевпен, М.Әуезовпен танысады. 1918 жылдары М.Әуезовпен бірге «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абайдың өмірі және қызметі», «Абайдан кейінгі ақындар» деген мақалалар жазды.

1920–1921 жылдары ҚазАССР халық ағарту комиссариатында бөлім бастығы, алқа мүшесі, 1921–1922 жылдары Семей губерниялық оқу бөлімінің

меңгерушісі, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922–1923 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болған, 1925–1926 жылдары Орынбор әскери мектебінде сабақ берген. 1923–1926 жылдары «Ақ жол» газетінің редакциясында (Ташкент) бөлім бастығы, Ташкент ағарту институтында, 1923–1924 жылдары Орынборда Халық ағарту институтында мұғалім, 1926–1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумында директор болып істеген. 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен тұтқындалып, 1931 жылы жазықсыз атылып кеткен.

Жүсіпбек Аймауытұлы қандай жанрларға қалам тартқан?

Жүсіпбек Аймауытұлының алғашқы өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде, «Абай» журналында жарияланып тұрды. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының рухани өмірінің жаңа арнаға бетбұрысы оқу оқып, білім алу, ғылымға ден қою, қазақ әйелдерінің бас бостандығы мен ахуалын, ел ішіндегі алауыздықты, әлділердің әлсіздерге зорлығын, адам бойындағы түрлі келеңсіз мінез-құлықты, отаршылдық сипатты, күнделікті өмірге етене еніп жатқан жаңалықты суреттеді. Осы сияқты өмір құбылыстары Ж.Аймауытұлының «Баяғы жұт Қоянда» (1915 ж.) атты алғашқы баспа жүзін көрген өлеңінен бастап, 1917 жылдары жазған «Жазушыларға», «Не қып жатыр?», «Отағасы», «Ах-ха-ха-хау», «Ұршық», «Ұран», «Әскер марсельезасы» және «Көшу» (1918 ж.), «Жәмила» (1920 ж.), «Тұңғиық түпсіз астында» (1924 ж.), «Жаман тымақ» (1927 ж.), «Нұр күйі» (1929 ж.) сияқты өлеңдерінен көрініс тапты. Осы өлеңдерінің ішінен оның «Арғы атам – ер түрік, Біз – қазақ еліміз. Самал тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз», – деп басталатын «Әскер марсельезасы» сол кездегі қазақ интеллигенциясының арман-аңсарын анық танытады. Ежелден етін оқ тессе де, беті еш жаудан қайтпаған, ер түріктің ұрпағы енді «Ат мінсек, жел болып... «Алаш» деп шапқанда, Жауға ойран саламыз»... «Алаштың жолында, жан қисақ – шейітпіз, сау қайтсақ – боламыз қазақтың шын ұлы, қаһарман сарбазы, Жасасын, сақтасын, Алаштың ордасын» деп шабыттана жырлайды. «Не қып жатыр», «Ұран» деген өлеңдерінде де «Ұраным, қорғаным, сен – Алаш» деп тәуелсіздікті аңсаған алашшыл идеясын анық танытады.

1920–1930 жылдарда республикалық мерзімді баспасөз беттерінде «Өмір деген осы ма?», «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», «Елес», «Қойшы тастамақ», «Жидебайдың баяндамасы», «Өнші», «Көшпелі Көжебай», «Жол үстінде», «Боранды болжаған әулие» т.б. әңгіме, новеллалары оқырман жүрегінен жол табады. Бұл қатарда «Жарасымды сүгіреттер», «Жаңа өмірге аяқ басты», «Оралдан пойыз өткенде», «Күмәжнек» (Әмиён), «Тінікейді не ойландырды?», «Нағима», «Соп-соп», «Қырсықты сүлей», «Шамажай», «Кенжем атты», «Бетім-ау, құдағи ғой!», «Делебесі қозған жігіт», «Балалармен әңгіме», «Мен қалай үйлендім?» деген әңгімелерін де атау орынды.

«Рәбиға», «Қанапия мен Шәрбану», «Мансапқорлар» – алғашқы аты «Жебір болыс», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесаларын жазған және орыс тілінен «Тас мейман»

Зергер сөз

Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты шебер жазушыны бұрын-соңды көрмеппін.
Бейімбет Майлин

(А.С.Пушкин, «Каменный гость», 1927 ж.), «Сараң сері» (А.С.Пушкин, «Скупой рыцарь», 1927 ж.) пьесаларын аударған. Олар Семейде және басқа қалаларда ұйымдастырылған ойын-сауық кештерінде сахналанған. Бұдан Жүсіпбектің қазақ театр өнерінің дамуына қосқан зор үлесін байқаймыз. Көзі тірісінде «Қартқожа» романы, «Күнікейдің жазығы» повесі және аударма кітаптары да жарық көрген.

«Қартқожа» романы (1926 ж.) – алғашқы реалистік проза талаптарына сәйкес келетін қазақ романының басы, онда ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік революциялар кезінде тартыс жолынан өтіп, қоғамдық шындықты түсінуге ұмтылған қарапайым қазақ баласының өсу жолы суреттеледі. Роман алғаш рет 1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көреді. Жазушының өзі кітаптың қазақша аңдатпасында ұзақ әңгіме, орысшасында роман деп атаған. Романның бас кейіпкері Қартқожа – өмірде болған адам, оның прототипі – 1937 жылғы зобалаңда мерт болған ауыл мұғалімі. Оның баласы – Төлеш Қартқожаұлы Тоғанбаев техника ғылымының кандидаты, Алматы қаласындағы Ауылшаруашылығы институтында ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарған.

Екінші романы «Ақбілек» кезінде кітап ретінде басылып үлгермеді. Үзінділері «Әйел теңдігі» журналында (1927, №2, 5, 10, 11; 1928, №3, 4, 9, 10) жарияланған. «Ақбілек» – тақырыбы жағынан күрделі шығарма. ХХ ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, әлеуметтік тартыстар, ел аузында «ақ қашқан жылы» деп аталған кезең қайшылығы тұңғыш рет Ж.Аймауытұлының осы романы арқылы ашылады. Қазіргі уақытта бұл роман қаламгердің жазушылық шеберлігін жан-жақты танытқан шығарма ретінде танылды. Мұндағы жаңалық – тақырыптың сонылығы ғана емес, сол кездегі қазақ халқының тіл байлығы осы шығармада төгіліп түскендігі.

Жазушының ХХ ғасырдың басындағы үлкен проза саласындағы тағы бір елеулі еңбегі – «Күнікейдің жазығы» повесі. Ол «Жаңа әдебиет» журналында (1928, №7, 8, 9; 1929, №2, 3) жарияланған. Бұл да «Ақбілек» романы сияқты қазақ прозасында ақ өлең үлгісіне жол ашты. Қара сөздің өзін өлеңше ұйқастырып, прозаға полифониялық сипат дарыту – шеберліктің белгісі.

Ж.Аймауытұлы драмалық шығармалар жазуға да ерте талпынған. Семейде оқыған жылдары жастардың ойын-сауық үйірмелеріне белсене қатысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойған, өзі басты рөлдерде ойнаған. 1917 жылы 17 желтоқсанда «Ескі төртіппен бала оқыту», «Рәбиға» атты бір перделі пьесаларын Семей жастары сахналаған.

Қаламгердің балаларға арналған «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты суретті ертегі кітапшалары бар.

Өмірінің көбін баспасөз маңында өткізген жазушы үлкен публицист ретінде де танылды. Сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде ол жазған мақалалар, оқшау фельетондар, хат-хабарлар көп. Оның әдеби-сын мақалаларының елеулілері: «Абайдан соңғы ақындар» (1918 жылы М.Әуезовпен бірге), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923 ж.), «Аударма туралы» (1925 ж.), «Сұңқар жыры» (1925 ж.), т.б. Ол театр, музыка, өнер тарихына қатысты көптеген мақалалар жазған. Білімге, тәрбиеге, ғылымға үндейтін «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.) атты оқулық кітаптарының маңызы бүгінде де зор.

Зергер сөз

Жүсіпбек – көркем сөздің өрен жүйрік зергері. Ол – әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог-ағартушы.

Қайым Мұхамедханов

Оның «Ғылымды кісінің білімі де күшті, білегі де күшті», «Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ», «... адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында күн көреді», «Ғылым, білім, өнер тапқан адам өзгеден үстем, дүниежүзінің қожасы болады», «Ғылымсыз білім сыңаржақ: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол – тәрбие. Білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байла-

нысты. Тәрбиесіз білімді адам сол білімнің адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды» деген афоризмге айналған сөздерінің өзі бір төбе.

Ол әлемдік танымал тұлғалар – Дже́к Лондон, Рабиндранат Тагор, Ги де Мопассан, Александр Дюма, Конрад Берковичтің бірқатар шығармаларымен қатар, Н.В.Гогольдің «Ревизорын» («Бақылаушы»), С.Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға», М.Горькийдің «Сұңқарға өлең» атты шығармаларын, сондай-ақ тарих, саясат, заң салаларынан да бірқатар туындыларды аударған.

А.Дюмадан «Тамилла» («Дәмелі»), Дж.Лондоннан «Теңсіз, телегей аттаныс», «Күштілердің күші», Ги де Мопассаннан «Су жүзінде», Р.Тагордан «Балжан», К.Берковичтен «Өрбике», «Әкесі мен баласы», «Заң білместің зары», «Мұрда», «Мұрданың өлімі» сияқты шығармаларды аударған. Революция дәуірінде кең тараған «Интернационал» («Еңбекшілдер ұраны») мен «Жас әскер» («Молодая гвардия»), «Жас көсемдер маршы» сияқты пролетариат гимні мен жастар әнін де қазақшаға аударды.

«Өз жайымнан мағлұмат» атты анкеталық жазбасында: «Маған ұнайтын жазушылар: Мопассан, Мольер, Виктор Гюго, Дже́к Лондон (кейбір сөздері), Рабиндранат Тагор, Конрад Беркович. Орыстан: Гоголь, Пушкин, Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов секілділер. Биыл оқыған Степан Цвейк те қатты ұнады», – деп жазған. Бұдан Ж.Аймауытұлының ғылым мен білімнің тереңіне бойлай білген қарымы кең қаламгер болғандығын байқаймыз.

Оның есімі 1988 жылы ақталды. 1989 жылы жазушының 1 томдық, 1996–1999 жылдары 5 томдық, 2013 жылы 6 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығын кімдер зерттеді?

Ж.Аймауытұлы туралы зерттеу ХХ ғасырдың басындағы баспасөз беттері мен сол кезеңдегі мұрағат деректерінен бастау алады. Жазушы жайлы біршама мәліметтерді М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Тоғжанов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасұлы т.б. замандас-қаламдастарының еңбектерінен және «Жас Қазақстан» мен «Әдебиет энциклопедиясынан» кездестіреміз. Бұл белгілі бір мөлшерде «Жүсіпбектану» ғылымының қалыптасу кезеңінен белгі береді.

Тәуелсіздіктен кейін Б.Кенжебаев «Телегей теңіз», З.Ақышев «Жүсіпбектің Қартқожасы», Ш.Елеуенов «Әсем сөздің зергері», Қ.Мұхамедханов «Жүсіпбек Аймауытов», Т.Қожекеев «Көк сеңгірлер», «Жүсіпбек және жастар»,

Р.Нұрғали «Алыптар қайта оралғанда», Д.Ысқақұлы «Ақбілек әлемі», Т.Қоңыратбаев «Жүсіпбектің ұстаздығы», С.Қалиев «Халық жауы атанған ғалымның жаңа қыры», Б.Құндақбаев «Шернияз» атты, сондай-ақ С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Т.Жұртбаев, Қ.Ергөбек, Н.Қуантайұлы, Р.Тұрысбек еңбектер жазды.



Ойталқы

1. Ж.Аймауытұлы қай өңірде туып-өскен?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

1. Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі не себепті қысқа болды?
2. Көптеген тұлғалар неліктен Аймауытұлының шығармашылығын зерттеумен айналысты?



Тобыңда талдап көр

Жүсіпбек Аймауытұлын Абайдың ізбасары деп айтуға бола ма?
 Үш топқа бөлініп, Абай мен Ж.Аймауытұлы шығармашылығын Венн диаграммасы арқылы салыстырып, берілген тақырып бойынша автор бейнесіне қатысты себептер мен дәлелдер тауып қорғандар.

1-топ: Автор – оптимист.

2-топ: Автор – реалист.

3-топ: Автор – патриот.



Дәптеріңе жаз

Жүсіпбек Аймауытұлы өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Жүсіпбек Аймауытұлы туралы білгеніңді қорытып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Егер өмірден ерте кетпегенде Ж.Аймауытұлы өнердің қандай салаларының шыңына шығар еді? Пікіріңді бес сөйлеммен дәлелде.



Үйде орында

Жүсіпбек Аймауытұлының «Білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байланысты. Тәрбиесіз білімді адам сол білімнің

адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды» деген сөзін оқып, өзің біліміңді қалай жұмсайтының туралы әссе жаз.



Білгенге маржан

Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зердеден өткізіп, 1996–1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты. Ол – қазақ әдебиетінде көркем прозада алғаш лиризм әкелген, сондай-ақ пейзаждың үздік үлгісін, психологизмнің терең иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер.

Аймауытұлының көркем шығармалары эстетикалық бояуының қалыңдығымен, көркемдік қуатымен, стильдік даралығымен қазақ әдебиетінде соны бағыт қалыптастырды. Аймауытұлы педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның педагогикалық, психологиялық және методика саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.) т.б. – ғылымның бастауында тұрған ірі ғылыми еңбектер. Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әртүрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған.

«Қазақстан жазушылары» кітабы



Әдебиет теориясы

Проза (лат. *prosa*) – әдеби жанр, қара сөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман). Проза ауызша немесе жазбаша түрдегі «қара сөз» деген мағынаны білдіреді.

Полифония (гр. *poliphonia* – көпдауыстылық, *poli* – көп, *phone* – дыбыс) – «көпдауысты» деген мағынаны білдіретін музыкалық термин. Оның ерекшелігі бір-бірімен байланысты бола тұра, әр дауыс өзінің дара әуезділігімен және гармониялық үндестігімен айқындалады. Прозада бұл ішкі байланыстары берік сақталған динамикалық ойдың ұйқас үйірімімен ерекшеленеді.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Туған жерің немесе анаң жайлы қара сөзді өлеңше ұйқастырып, прозаға полифониялық сипат жасап көр.

**Кітап – асыл қазына**

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 бет.
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: Аң арыс, 2009.

«Ақбілек» романы

Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел – оның анасы.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы

«Ақбілек» романының сюжеті қандай кезеңге байланысты құрылған?

«Ақбілек» романында 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресей империясын ұзақ жыл басқарып келген монархиялық патша өкіметі біржола құлап, Кеңес өкіметінің үстемдік алған дүрбелең кезеңіндегі оқиға суреттеледі. Патша билігін сақтап қалу үшін Кеңес өкіметіне қарсы құрылған Уақытша өкіметтің жеңіліс табуы ел тарихында «Ақ қашып, қызыл құған заманым-ай, Заманның таба алмадым амалын-ай» деген өлең жолдарын қалдырды.

Жаңа өкіметтің қарулы күшінен қашып, Қытай жеріне өтуді көздеген Уақытша өкіметтің қалың қолы қазақ ауылдарының үстімен жүріп өткен. Бұған дейінгі Ресей империясының 200 жылға жуық жүргізген отарлау саясаты нәтижесінде толықтай бодан елге айналған қазақ даласы да осы кездегі қиян-кескі шайқастардан тыс қалмаған. Міне, «Ақбілек» романында суреттелетін негізгі оқиға 1918–1919 жылдары қазақ ауылының басына жаппай төнген орасан қайғы-қасірет әкелген зобалаңды көркем проза жанрында алғаш ашуымен ерекшеленеді. 1917 жылы қызыл қырғынмен орнаған социалистік қоғам 70 жылдан астам уақыт өмір сүріп, тоқырауға ұшырағаннан кейін оның құрамындағы одақтас республикалардың бәрі Кеңес өкіметінен бас тартып, өркениет талабына сай тәуелсіздік алғанын тарихтан білесіңдер.

«Ақбілек» романының ерекшелігі неде?

Ж.Аймауытұлы қаламынан классикалық реализм үлгісінде туған ең көлемді прозалық шығармасы – «Ақбілек» романы әлі көшпенділік салттан арыла қоймаған қазақ ауылының ерекше табиғатын суреттеуден басталады:

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың бер жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай Күршімі – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал, күн



Табиғаттағы мамыра-жай тіршілік

жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны...

Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды, қара саба еміздіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз, шара-шара шыпылдайды.

...Алтай тауын дүрсілдетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс асыр салып жатқаны». Мәтіндегі пейзаждың ерекше эмоционалдық қуаты бейнелі сөздердің өзара ұйқасып, үндесіп, үйлесіп келуі арқылы шығарма болмысына ерекше ырғақ беріп, полифониялық әуезділік бітірген. Сондықтан шығарма жеңіл әрі тез оқылады. Сондай-ақ прозадағы ақ өлең ұйқасы да қазақ әдебиетінде Ж.Аймауытұлы шығармалары арқылы қалыптасты.

Осындай мамыра-жай тіршіліктің бір сәтте шырқы бұзылып, оқырман бірден шытырман оқиғаға тап болады. Шығарма сюжетінің дамуы тартысқа толы. Ең басты оқиға – «ақ қашып, қызыл құған» аласапыранның қазақ ауылын да естен тандыра жайпап өтуі. Шұрайлы Марқакөл жағасында бейқам тіршілік кешіп отырған Мамырбай ауылын кенеттен ақтар шауып, әйелін өлтіріп, бойжетіп отырған Ақбілектей сұлу қызын зорлықпен тартып әкетеді. Осылайша Ақбілектің қиындығы мол тауқыметті өмір жолы басталады. Қаймағы бұзылмаған қыр елінің салт-дәстүрі мен дала романтикасын бойына сіңіріп өскен қазақ қызының «дін-мұсылман жат санайтын» кәпірлердің қолына түсуі оқырманға аяныш сезімін туғызары сөзсіз. Он екіде бір гүлі ашылмаған бейкүне қыздың ар-намысы аяққа тапталады. Орыс офицерінің ермегіне айналған дәрменсіз қыздың күресерге шамасы жоқ. Тірі қуыршаққа айналған Ақбілек орыс офицерінің түр-сипатына қарап, оған Қарамұрт деген ат қояды. Олардың дінінен де, тілінен де бейхабар Ақбілек Қарамұртпен «теке көз, бұжыр сары»

**Зерделі ой**

Жүсіпбек Аймауытұлының роман-повесі – қазақ өмірінің айнасы. Ондағы сурет өлі, виртуалды сурет емес.

Шерияздан Елеукенов

**CD 04**

Үзіндіні тыңдап, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талда.

**Зерделі ой**

«Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедияларын көруге болады.

Рамазан Тоқтаров

аудармашы арқылы ғана тілдесе алады. Текті жерден шыққан Қарамұрттың өмір тарихы туралы автор «Офицер» деген арнайы тарауша беріп, оны кейіпкер баяндауы арқылы жеткізеді. Қарамұрт та – Ресей империясын 300 жыл басқарған Романовтар әулетіне төнген зобалаң құрбандарының бірі. Бұл жерде жазушы тағдырға шара жоқ деген ой тастайды. Таяп қалған қызыл әскер дүмпінен ақ гвардияшылардың жан сақтайтын барар жер, басар асуы – тек қана Қытай шекарасына жету. Сондықтан тағы да қаша соғысып, көздеген жерге аман-есен жету керек. Бірақ Ақбілек Қарамұртқа ілескісі келмейді. «Бұралқы күшіктей қаңғырып» айдалада жалғыз қалса да, Ақбілек оған өкінбейді. Өйткені «орыстың оғынан өлгеннен де, құлазыған иесіз тауда тентіреп өлгенін артық көреді».

Қоста жалғыз қалған Ақбілекті енді қасқырлармен арпалыс тосып тұрған еді. «Қасқыр қамалайды. Ақбілек сабалайды. Қасқыр абалайды. Ақбілек сабалайды. Қасқыр қамалайды. Ақбілек абалалайды». Қасқыр долданады. Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр күрілдейді, Ақбілек шырлдайды. Қасқыр қырқырайды. Ақбілек шырқырайды...». Ақбілек бұл арпалыстан таң атқанша от жағып, аман қалады. Белінде түндіктің бауы, етегі ышқырында, қолында түндегі сойылшаны кімді ұрып жығатынын білмесе де ала шыққан Ақбілек ауылын іздеуге шығады.

Романға Ақбілек құтқарып қалған торғай туралы эпизодты жазушы әдейі қосқан. Өйткені жыланға арбалып, бір орнынан тапжыла алмай, әуеде қалықтап тұрған торғай шырылы мен Ақбілектің халі ұқсас. «Жылан торғайды арбап жейді» дегенді Ақбілек бала кезінде естіген. Мынаны көрген соң, «Құлақ естігенді көз көрет» деген осы-ау деп ойлады. «Бұ жауыздың көзінде не сиқыр бар?!» – деп ішінен таңғалды. Ешкімге жазығы жоқ құсты ажалдан сақтап қалғанына қуанған Ақбілек мұны ырым көреді. Көп ұзамай Іскендір деген дуанаға жолығуы бұған айғақ. Қысы-жазы жалаң аяқ жүретін жан баласына жазығы жоқ Іскендір Ақбілекті жақын жердегі бір ауылға жеткізіп тастайды.

Ендігі жерде Ақбілекті бұдан да сорақы ар азабы күтіп тұрған еді. Өйткені Ақбілектің Қарамұрттан аяғы ауыр. Өрттей қаулаған өсек, мазақ,

қорлық Ақбілекке жан таптырмайды. Сөз салып жүрген ғашық жігіті Бекболат та көп ұзамай, теріс айналады. Төсек жаңғыртқан әкесі Мамырбайдың Өрік деген тоқалы да жайсыз адам болып шығады. Қамқор болған жалғыз адам – жеңгесі Ұрқия ғана. Баласы жоқ Ұрқия Ақбілекке де, басқа адамдарға да білдіртпей, одан туған баланы бауырына салып алады.

Шығарма сюжеті Ақбілектің тауқыметті тағдыры бойынша өрбитіндіктен, бас кейіпкерге қатысты әрбір образдың өзіндік орны бар. Іскендірдің де, басқа да бір рет қана көрінетін кейіпкерлердің барлығының өмір тарихын, мінез-құлқын, түр-сипатын автор тәптіштеп суреттеп, авторлық баяндау, монолог, диалог, кейіпкердің өзін-өзі сипаттау тәсілдері арқылы нанымды жеткізеді. Мұндағы барлық оқиғалар тікелей өмірден алынған.

«Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым отыз бесте. Әкем Тойбағар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес» деп өзіне-өзі сипаттама беретін Мұқаш – Абайдың «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңіндегі болыс сияқты қолынан ел ұстау келмесе де, мансапқа жанын сала ұмтылатын содыр, сойқан адам. Ақбілекті жау қолына ұстап берген себебі де – Мамырбайдың қаладағы баласы Төлегенге деген ескі араздығы. Болыс болмай қалғанын содан көреді. Шығармадағы Жылтыр деген кейіпкер де аты айтып тұрғандай сабындай сусып тұрған сужұқпастың тап өзі. Жазушы осындай пәлеқор адамдардың кесір-кесапатынан туындайтын жауыздықты дәл сипаттап, әлеуметтік төңкерістер тұсындағы заман тынысын нақты көрсетеді. Бұлардан басқа Әбен, Мұсабай, Тезекбайлар арқылы ауыл тұрмыс-тіршілігі ашыла түссе, Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабек, Төлеген бейнелерімен жаңа замандағы зиялылар ортасының ахуалы терең айқындалады.

Шығарма соңында Ақбілек Балташ есімді оқыған азаматпен бас қосып, Ұрқияның қолындағы перзенті – Ескендірін алып, зор бақытқа кенеледі.



Ойталқы

1. «Ақбілек» романында қандай кезең суреттеледі?
2. Патша өкіметінің державалық-империялық саясатын автор қандай образ арқылы көрсеткен?



Себебін анықта

1. «Ақбілек» романы тәуелсіздік алғанға дейін неге оқытылмай келді?
2. Ақбілек не себепті сүйген жігіті Бекболатпен қосыла алмайды?
3. «Кім біледі, қолына қару берсе, орыс жұртына жау болып кетпесіне кімнің көзі жетеді?» – деген сөзді офицер неліктен айтады?
4. «Ақбілек» романы неліктен күрделі шығарма саналады?



Тобыңда талдап көр

«Ақбілек» романындағы қазақтан шыққан мансапқор, шенқұмар, қаскөй адамдардың кесірінен туындаған оқиғаны сол кездегі заман тынысымен салыстырып, талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Әр кейіпкердің монологінен образды ашатын ойларды теріп жазып, кейіпкерлер жүйесін жинақтап, тура және жанама мінездеулерді жіктеп жаз.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу



Түйінде

1918–1919 жылдары қазақ ауылының басына түскен ауыртпалық пен қазақ қызының тағдырын ұлттық таным тұрғысынан түсініп, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Роман XX ғасыр басындағы М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты», Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мария», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармаларымен «Ақбілек» үндес келе ме? Ақбілек образының қандай ерекшелігі бар?



Үйде орында

Ақбілектің бойындағы қандай қасиеттері оны алға жетеледі?
Шығармадағы Ақбілектің алға ұмтылған кездері баяндалған эпизодты көшіріп жазып, кесте бойынша негіздеме жаса.

Шығармадан үзінді	Маңызды эпизод екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір
	1. 2. 3.	1. 2. 3.



Білгенге маржан

«Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең» деген мәтел бар. «Дүниеде бір ағаш бар түбі жуан, он екі ұл, алпыс екі қыз бір күн туған» деген жұмбақтағы он екі ұл – он екі мүше, 62 қыз – алпыс екі тамыр, ал ағаш – адам. Осы он екі санға орай «он екіде бір гүлі ашылмаған» (өте жас, пәк) деген тұрақты сөз тіркесі қалыптасқан. Бұл – тек қыз балаға қаратылып айтылатын сөз.



Әдебиет теориясы

Пейзаж (фр. *paysage* – мекен, өлке) – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі.

Эпизод (гр. *epeizodion* – қоспа, үстеме) – көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиғаның бір бөлшегі, көрінісі. Эпизод сюжеттің өрбуіне сәйкес келгенімен, сюжет компоненті эпизодта өрістемейді, керісінше, сюжет бірнеше эпизодтан тұруы мүмкін. Эпизод кейіпкер характерін ашып, оқиғаны ширата түседі.

Ақ өлең – әлемнің бірқатар халықтары әдебиетінде кездесетін ұйқассыз өлең үлгісі. Ағылшын тіліндегі *blank* (ұйқасты өшіру, жоғалту) сөзі, француз тіліне *blanch* (ақтау) мағынасындағы сөздің қате аударылуынан орыс тіліне француз тілінен «Белый стих» болып аударылып, қазақ әдебиеттану ғылымына орыс тілі арқылы сол атаумен енген. Сырттай қарағанда, ұйқаспаған сияқты көрінгенмен, мүлде ұйқассыз да емес, бірақ ұйқасы шумақтың немесе тармақтың кез келген тұсында тұра береді. Оқырманның сезіміне әсер ету үшін кейде ұйқас түйдегері де кездесуі мүмкін. Ақ өлең үлгісі көбіне көне түркі жазба ескерткіштерінде (Күлтегін, Тоныкөк), қазақтың шешендік сөздерінде кездеседі. Көркем прозада ақ өлең үлгісін Ж.Аймауытұлы қалыптастырған.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

«Ақбілек» романынан пейзаж, эпизод және ақ өлеңге мысалдар жаз.



Шығармашылық тапсырма

Ақбілектің басынан өткен жайт қазақ қыздары үшін өте қиын жағдай болып саналады. Дегенмен сол заманның өзінде Ақбілек барлық қиындыққа төзіп, жанашыр жандардың қолдауымен оларды жеңіп, білім алып, теңін тауып, баласымен табысты. Ақбілектің бойындағы оны алға жетелеген қасиеттерді негізге алып, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген тақырыпта эссе жаз.



Міне, қызық!

Ж.Аймауытұлы «Ақбілек» романын небәрі екі жарым айдың ішінде жазып бітірген. Күніне алты сағат бала оқытқан, басқа уақытта тапжылмай отырып, осы романды жазған.

Ақбілектің прототипі – Дариға Әбішқызы Шығанши ауылында болыс болған, кейін ішкі істер халық комиссариаты солдаттарына тегін киім-кешек тіккен, ауылындағы қыз-келіншектерді тігіншілікке баулыған.



Кітап – асыл қазына

1. Аймауытов Ж. Ақбілек: роман / – Алматы: Раритет, 2003. – 240 бет.
2. Қайнарова М. Ақбілек – Марқакөл аруы. Менің өлкем, 2013.

Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы.
Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас.

Қуаныш Сұлтанов

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ



Әбіш Кекілбаев
(1939–2015)

Әбіш Кекілбаев қай өңірде туып-өсті?

Әбіш Кекілбаев 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы, Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жаңайұлы Қожаназар ел ішінде беделді, дәулетті адам болған. Ол – кіші жүз қазақтарының көшін Маңғыстауға бастап келгендердің бірі (*Кіші жүз оған дейін қай жерді мекендеген? Тарих пәнінен алған біліміңді есіңе түсір*).

Әбіш Кекілбаевтың әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында басталады. 5-сыныпта оқып жүргенде ауылшаруашылығындағы кемшіліктерді сынап мақала жазса, 8-сыныпта бірі қазақ, бірі орыс екі жазушының бір-бірінен айнымайтын шығармаларын оқып, ұрлықты әшкерелеп жазған мақаласы әдеби ортаны дүрліктіріп, қызу талқыға түскен. Әбіш 1957 жылы «Лениншіл жас» газетінің белсенді ауылдық тілшісі ретінде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің мақтау қағазымен марапатталады.

Жазушы қай жерде білім алып, қызмет істеді?

1957 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне түседі. Мұнда ол әдебиет бірлестігін басқарады. Соңғы курста оқып жүріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарады. 1962–1965 жылдар аралығында «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істейді.

Әбіш Кекілбаев Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері (2009 ж.), көрнекті мемлекеттік, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы

Зергер сөз

XX ғасырдың екінші жартысынан басталған ұлттық әдебиеттегі жаңа дәуірді еске алсақ, «Әбіш шыңы» осылардың дәл ортасында, биікке самғап, қол жетпейтін өрде тұрғанын бүгін әрқайсысымыз-ақ мойындаймыз.

Серік Қирабаев

Ұлттық ғылым академиясының академигі (2009 ж.), Қазақ ұлттық университетінің, Л.Гумилев атындағы Ұлттық университеттің, Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жезқазған университеттерінің және ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті профессоры, Кентукки штатының (АҚШ) құрметті полковнигі, Маңғыстау, Атырау облыстарының, сондай-ақ республикамыздың бірқатар аудандарының құрметті азаматы атанады.

Жазушы 2015 жылдың 11 желтоқсанында дүниеден өтті. Денесі Астана қаласындағы Ұлттық пантеонға жерленді.

Әбіш Кекілбаев шығармалары қандай бағытта жазылды?

Әбіш Кекілбаевтың алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, ал «Бір шөкім бұлт» повесі 1965 жылы басылып шықты.

Повесть, әңгімелерінен тұратын «Дала балладалары» ауыл өміріне арналған. «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағы, Маңғыстау түбегінің өткені, бүгінгі, болашағы туралы толғайтын «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи-танымдық кітабы жарық көрді. Кекілбаевтың «Үркер» (1981 ж.), «Елең-алаң» (1984 ж.) романдары қазақ әдебиетіне қосқан қомақты үлесі ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

1990 жылдардан бастап Әбіш Кекілбаев шығармашылықтың биік шыңына көтеріліп, 2 томдық, 5 томдық, 12 томдық өте құнды еңбектер мен шығармалар жазды.

Әбіш Кекілбаевтың көптеген шығармалары бірнеше тілге аударылды. Ол 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері және 2009 жылы Қазақстанның Еңбек Ері атанып, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алады. 1989 жылы «Құрмет белгісі», 1999 жылы «Отан» орденімен, 2004 жылы «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды.

Жазушы қандай шығармаларды тәржімелеген?

Ә.Кекілбаев Ги де Мопассанның «Пьер мен Жан», «Өмір» романдарын, Ш.Айтматовтың «Ерте қайтқан тырналар» повесін қазақ тіліне аударды. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясын, И.Буниннің бірқатар шығармаларын тәржімелеуге қатысты. Сондай-ақ В.Шекспирдің «Король Лир», «Ромео мен Джульетта», К.Гоццидің «Турандот ханшайым», М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн», М.Фриштің



Зерделі ой

Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында – ол ежелгі аңыз әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек.

Герольд Бельгер

«Дон-Жуанның думаны» пьесалары және басқа да шығармалар Ә.Кекілбаевтың аудармасы арқылы республика театрларының репертуарына енді.



Ойталқы

1. Жазушының әдебиетке құмарлығы қай кезден басталған?
2. Ә.Кекілбаевты суреткер ретінде сипаттаған Г.Бельгердің пікірінде қандай тұжырым бар?



Себебін анықта

1. Әбіш Кекілбаев шығармаларының ерекшелігі неде?
2. Не себепті жазушы шығармаларындағы авторлық идея өмір шындығымен байланысты деп айта аламыз?



Тобыңда талдап көр

«Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас» деген Қуаныш Сұлтановтың сөзін талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Әбіш Кекілбаев туралы білгендеріңді «Түртіп алу кестесіне» толтыр.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Әбіш Кекілбаевтың жазушылық шеберлігі туралы ойыңды түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Жазушының адам өміріндегі жазудың рөлі туралы айтқан пікіріне қосылар ма едің?



Үйде орында

Әбіш Кекілбаевтың талантты жазушы ғана емес, мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтерілуге оның қандай қырлары себеп болды? Пікіріңді дәлелдеп жаз.

**Білгенге маржан**

Ө.Кекілбаевтың қанатты сөздері. Адамзаттың ақыл-ойы талай ғажайыптарды ойлап тауып жатыр ғой. Алда да небір ғаламат жаңалық ашылар. Бәрібір ең ұлы жаңалық – жазу. Одан асқан жаңалық болған емес. Жазудың ойлап табылуы мәңгіліктің біржола мойындалуы. Жазу Адам нәсілін ақылды, айлалы етіп қана қойған жоқ, иманды да ибалы, парасатты да етті. Шын мәнінде Ғылым, Дін, Мәдениет жазудың арқасында пайда болды. Осы арқылы өткен ұрпақтардың құндылықтарымен сусындады, кемелденді.

Дәстүр-әдеппен, әдет-ғұрыппен, мың жылдап қалыптасқан дағдымен күресу – есуастық. Бірақ оның бәрін жаңа жағдайға лайықтамай, жаңғыртпай, сол қалпында ұстануға тырысу – өз аяғыңды өзің тұсап, өз қолыңды өзің кісендеумен бара-бар.

Уақыттың өтетіні рас, көп нәрсенің ұмытылатыны рас. Алайда өмір бір-ақ рет беріледі деген өзіміз білетін қағида бар. Ол қандай заманда, қандай жағдайда өтсе де бәрібір қымбат. Сондықтан өз басым өткенге өкпе жүрмейді деп ойлаймын. Өткенге тек тәубе жүреді деп ойлаймын.

**Міне, қызық!**

Кітапты, бұрынғының кітаптарын көп оқитын. Бала болып алысып-жұлысу дегенді, бұрқырап беталды жүру, темекі тарту дегенді білмейтін. Балалардан гөрі үлкен кісілерге үйір еді. Олар да бетінен қақпайтын. Оныншы класты бітіргесін ауылдан да, ауданнан да қызмет ұсынды. Мен оған «былай бол» деп бір ауыз сөз, ақыл айтқан емеспін. Қызметке тұрып, ауылда қалайын деп жатқан жерінде жалғыз немере ағасы: «Жас та болсаң, бассың, оқы. Қызмет қайда қашады? Алматыға бар», – деді. Алматыға да жалғыз кетті. Дәм айдап келген ғой, оқуын бітірген соң, осында қалды.

Айсәуле Жұмабайқызы «Ана сұхбаты»

**Кітап – асыл қазына**

1. Ө.Кекілбайұлы. Азаттықтың ақ таңы: көркем әдебиет. – Алматы: Қазақстан. Уақыт мінбесінен айтылған сөз. – 1998.
2. Ө.Кекілбайұлы. Он екі томдық шығармалар жинағы: көркем әдебиет. – Алматы: Өлке. 1-т. – 1999.
3. Ө.Спан. Заңғар: көркем әдебиет. – Алматы: Нұрлы Өлем. Роман-эссе. – 2008.
4. Ж.Дүйсенбаева. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тағылым. – Алматы: Арыс, 2007.

«Аңыздың ақыры» романы

Кекілбаев дарыны – мейлінше
ғибратты дарын.

Оның кеңістігінің өзінен
ұғымтал көкірек пен жіті көз
адуын өнердің мінезін көреді.

Асқар Сүлейменов

«Аңыздың ақыры» романының қандай өзіндік ерекшеліктері бар?

«Аңыздың ақыры» романы – аңыздың ізімен жазылған философиялық-психологиялық шығарма. Роман алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған. Кейіннен осы атпен Ақсақ Темірдің образын бейнелейтін сахналық туынды жасалды. Роман «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» деген 4 бөлімнен тұрады. Шығармада маңызды үш кейіпкер бар. Олар: Әмірші, Кіші ханым және сәулетші шебер. Бұдан басқа Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер т.б. осы үш кейіпкерді ашу үшін ғана алынған. Роман мазмұны түркі дүниесінің тарихында өзгеше орны бар, ұлы билеуші Әмір Темір өмірінің бір үзік сырын ашуымен ерекшеленеді. Шығармада билеушінің аты аталмайды, Әмірші Алмас хан образы арқылы ашылады.

Әміршінің ішкі жан толғанысы қалай сипатталады?

Тегін адам әмірші болмайды. Романда «Ұлы жаулаушы» атанған Әміршінің ішкі сезімін беру үшін жазушы терең философиялық ойларға бойлап, табиғаттың сипатын да соған сәйкес астармен шебер толғайды. Сырт қарағанда жалаңаш көрінетін барқан құмның өзін жұмбақ, қорқынышты етіп көрсетеді. «Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр. Әмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды». Автор осылайша бір жағынан өмірдің өткінші елес екенін, екінші жағынан роман сюжетінде шым-шытырық оқиға баяндалатынын сездіреді. «Төрт жыл бойы жорықта жүрді. Жүз мың аттың тұяғының баспаған жері жоқ. Сонда күндердің күнінде соның бәрін де дәл мынандай қып, жел үйіріп, құм жұтып қоя ма? Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жады да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой. Сонда анау аспан мен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқасының бәрі – өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе? Кім біліпті, солай болса солай да шығар».

Әмірші ұзақ уақыт жорықта жүргенде, жұбайын сағынған Кіші ханым оған арнап жұртта жоқ керемет ескерткіш салдырмақ болады. Оны, әрине,

Алмас хан білмейді. Жорықтан қайтып келе жатқанда оның көзіне алыстан бір сырық шалынады. «Әлгі бір елден ерек серейіп көрінген көк сырық та бірте-бірте селдір мұнарға сіңе түсті. Көк қойнауудағы көп қарайған айқындала бастады. Қарсы алдарынан қарақұрым қалың қол кес-кестеп тұра қалғандай зәулім мұнаралары көк мұнарда қалқып, байтақ шаһар шыға келді. Қақ төрде әлгі бір аспанмен бой таласқан көк сырық, енді байқады – мұнара. Оны бұрын бұл шаһардан көрмеген сияқты еді. Көк масаты көйлек киген әлдебір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына қол бұлғап, көкке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап, жарқырай түсті».

Осы мұнараны салдыру оңайға түспейді. Кіші ханымды сыртынан көрген сәулетші жас жігіт оған әлердей ғашық болып қалады. Сөйтіп, мұнараның соңғы кетігін бітірмей жүріп алады. Кіші ханым өзінің киімін кигізіп, бір қызметші қызды жібереді. Шебер оған (Кіші ханым деп ойлап) ғашық екенін айтады. Әмірші айналасы да Кіші ханым мен шебердің арасында бірдеңе бар деп есептейді, бірақ ешқайсысының қаһарлы ханға айтуға жүрегі дауаламайды. Тек бәйбішесі – Ұлы ханым өзегін құрт жеген қызыл алманы Әміршіге жіберткізу арқылы оның ең сүйікті әйелі Кіші ханымның «сырын» әшкерелемек болады. «Міне, бүгін де ол көп ұзамай тағы да атқа қонатын келесі жорығы туралы ойланғалы келіп еді, есіне қайдағы бір алма сап ете қалды. Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқан-ды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып тағы әкеліпті. Ол өзге алмалар жетпегендей, тап соны ұстай апты. Арасын ашып қарап еді, бұлаңдап құрт шықты. Қызметшілерінің алдында мінез шақырып жатпайтын; байқамаған боп табаққа қоя салды.

«...Бұрын қызметшілеріне назарын тіктемеуші еді, бұ жолы тінте қарады. Тайсала қоятын қызметші әйел көрінбейді. Сонда қалай, мына әйел манағы құрт шыққан алманы әліге дейін көрмеген, білмеген болғаны ма? Көрсен, бұдан нағып қысылмайды?

Қызметші әйел беті бүлк етер емес, дастарқанды реттеп болды да, басын иіп, тағзым еткен күйі есікке жылысты. Есік жабылған соң барып, дастарқанға қарады. Көзі қақ алдында жатқан манағы нарт қызыл алмаға түсті. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсиып айқын көрінеді. Өзін өзге тағамдардан бөлектеп оқшау қойыпты. Әлгі әйел бәрін біледі екен!». Бұдан соң әміршінің ойы онға бөлінеді.

«Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі «мен мұндалап» қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына



Құрт түскен алма

барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнаны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген...».

Шығармадағы қызыл алма – опасыздықтың символы. Алмас хан өзегіне құрт түскен қызыл алма арқылы отбасындағы алауыздықты, күндестердің қылығын ғана емес, сонымен қатар, дүниежүзін тітіреткен атақ-даңқының да адам осалдығы, пендешілігі мен сезіміне бөгет бола алмайтын дәрменсіздігін түсінеді. Алыстан әсемдігімен сиқырлана баурай көз тартып, жақындағанда төкаппарси қалатын мұнаның өзіне емес, ғашығына арналғаны оны тірідей жерге көмеді. Осылайша өткір қылышымен талай жанды жер жастандырған Алмас хан әйелі мен қарапайым жас шеберден оңбай жеңіледі.

Жазушы Әміршінің бар болмысын, ішкі арпалысын соны көркемдегіш құралдармен оқырмандарына жеткізе білді. Бұл – жазушы стилінің өзіндік ерекшелігі.



Ойталқы

1. Шығармадағы басты кейіпкерге сипаттама жаса.
2. 77-беттегі құрт түскен алманың суретін көргенде саған қандай ой келді?
3. Романдағы құрт түскен алма кімнің бейнесі?




Себебін анықта

1. Неліктен автор шығармасының атауын «Аңыздың ақыры» деп алған?
2. Жазушы не себепті әлеуметтік статусы әртүрлі кейіпкерлерді жинақтаған?



Тобыңда талдап көр

1. «Даңқ», «дақпырт» ұғымдарын Венн диаграммасы арқылы салыстыр.



2. «Аңыздың ақыры» романы мен тарихи аңыз желісінің айырмашылығы қандай? Романның тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.



Дәптеріңе жаз

Үзіндінің астарын ашып, автордың қандай ойға меңзеп отырғанын анықтап, дәптеріңе жаз: «Шіріген жемістен жексұрын нәрсе бар ма? Кеше ғана аппақ боп үлпілдеп тұрған гүл-ау бұл. Одан түйнек салды, көк

жапырақты жөргек қып, мынау жатаған ағаштар жан-тәнін салып әлдилеген кішкене түйнек жер қойнауынан нәр еміп, аспан төсінен нұр еміп, өсе берді. Сары алтындай құлпырып, көзге түскенше асықты. Болды-толды... Болғаны-толғаны осы, сирақтары салтақ-салтақ мына бір малғұндарға жем болды. Миуаның қадірі, шіркін, көзіңе от боп басылып, биікте тұрғанда ғой... Биіктен бір құлаған соң, мынау өріктердей аяқ астыланып қор бола-сың... Жұрт аймақ түгілі тыжырынып жиіркенеді... Кешегі бал шырынға толып балбыраған тәтті мәуе екеніңді не қылсын. Бұтаққа біткен жеміске бұлай өз бәсін өзі түсіріп, биіктен құламасқа Құдай тағала ақыл бермеген... Ал тырмыса-тырмыса биікке шыққан адамның өзі құлағаны – өлгені...».



Түйінде

1. Шығарманың жазылу ерекшелігіне мән бере отырып, автордың қолтаңбалық ерекшелігін, стилін анықта.
2. Романның сюжеттік-композициялық құрылысын қарастырып, идеялық мазмұнын түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

1. Көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекетінің бүгінгі күнмен сабақтастығы бар ма?
2. Тарихи тұлғалар өмірі жайындағы шығармалар қазіргі таңда оқырман қауымның қызығушылығын тудыра ма?



Үйде орында

«Кейіпке кіру» әдісі бойынша автор кейпіне еніп, шығармаға детальді анықтама бер. Романның позитивті түрде аяқталуы үшін Кіші ханымға қандай қабілеттер жетіспеді?



Білгенге маржан

Әмір Темір (Темір бін-Тарағай Барлас. 8 сәуір 1336 жыл, Қожа-Илғыр ауылы, қазіргі Шахрисабз – 18 ақпан 1405 жыл, Отырар) – атақты моңғол және түркітөктес халықтарының билеушісі, Темір әулеті империясының негіздеушісі. Ол 1370 жылы Мәуереннахрды басып алып, 1405 жылға дейін 35 жыл билік құрған, 27 мемлекетті қол астына бағындырған «әлем жаулаушысы». Шайқастардың бірінде Темірдің екі саусағы кесіліп, бір аяғы жаншылады. Аяғы өмір бойы сырқырап ауырып, ақсақ болып қалған. Ол Темирлан (дұрысы Темирленг, «ленг» парсыша – ақсақ) – Ақсақ Темір атанады.

XIV ғасырдың 70-жылдары оның қолбасшылық дарыны толық ашылып, атақ-даңқы жер жүзіне тарады. Осман империясы мен Орталық Азия аймағында ол «Ақсақ Темір» (Ақсақ Темір), ирандықтарға Тимурленг, еуропалықтарға Тамерлан есімімен белгілі болды. Әмір Темірдің әскерлерінің тегеурінді шабуылдары арқасында Хорезм мемлекеті (1372–1388), Шығыс Түркістан (1376), Герат (1381), Хорасан (1381),

Қандағар (1383), Сұлтания (Оңтүстік Әзербайжан, 1384), Тәбриз (1384), Иран және Ауғанстан толық бағындырылды. Әмір Темірдің Алтын Орданы талқандауы Ресейдің тәуелсіздік алуына оң жағдай жасады.

«Ұлттық энциклопедия»



Әдебиет теориясы

Психологизм – әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу.

Типтендіру (гр. *typus* – үлгі) – әдеби туындыда кейіпкердің мінез ерекшелігін белгілі бір қоғамдық топқа тән белгі, нышандар арқылы көрсету.

Ішкі монолог – кейіпкердің ішінен айтылатын сөзі, іштей сөйлесуінің, (өзімен-өзінің сырласуы, өзін-өзі іштей саралау) көрінісі.

Стиль (лат. *stylus*, гр. *stylos* – жазуға арналған таяқша) – қаламгердің жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі.

Мінез – әр адамның өзіндік әрекетінен, тәртібінен байқалатын психикалық және рухани қасиеттерінің жиынтығы.

Трагедия – драмалық жанрдың бір түрі. Трагедия алғаш ежелгі грек мәдениетінде қалыптасып, сахна өнерімен қатар дамыған. Трагедияның жанрлық ерекшелігі – өмірдегі шиеленіскен тартысты, бір-біріне қарама-қарсы күштердің ымыраға келмес күресін, қақтығысын суреттеу. Трагедияда қоғамдағы түрлі көзқарасты ұстанған күштердің, топтардың арасындағы тартыс бейнеленеді. Өмірдегі ауыр жағдай мен қиын-қыстау кезеңдегі адамзат басына түскен ауыртпалық баяндалып, шығарма көбіне негізгі кейіпкердің қазаға ұшырауымен аяқталады. Бірақ жеке адамның трагедиялық халге ұшырауы оның үміті кесіліп, арманы орындалмады деген сөз емес, керісінше, ол ғұмырын арнаған арман-мақсаттың биік те зор екендігін танытады.

З.Қабдолов «Сөз өнері»



Қолданып көр

Әдебиет теориясында берілген ұғымдар санына қарай бірнеше топқа бөлініңдер. Әр топ осы ұғымдарға сай мысалдарды романдан тауып, сипаттамалық эссе жазады.



Кітап – асыл қазына

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999.
2. Әбіш Кекілбаев: Өмірі мен шығармашылығы жайлы. // Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. 9-т. Кеңес дәуірі (1956–1990). Алматы: ҚазАқпарат, 2005.

«Прозадағы көркем ой» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

Ж.Аймауытұлының қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығы:

- A) поэма жазу
- B) роман-эпопея жазу
- C) прозадағы ақ өлең үлгісін жазу
- D) аударма жасау
- E) мақала жазу

Ж.Аймауытұлы қай жерде қызмет істемеді?

- A) Семейде
- B) Түркістанда
- C) Қарқаралыда
- D) Шымкентте
- E) Павлодарда

Ж.Аймауытұлының тәрбие туралы ұстанымы: «Білімді орнына жұмсайтын ...»

- A) адамгершілік
- B) тәрбиелілік
- C) мейірімділік
- D) көзі ашықтық
- E) рақымшылық

Ж.Аймауытұлы қандай музыкалық аспапты меңгермеген?

- A) рояль
- B) скрипка
- C) домбыра
- D) гитара
- E) күйсандық

«Жүсіпбек – көркем сөздің өрен жүйрік зергері» деген кімнің сөзі?

- A) М.Әуезов
- B) Қ.Мұхамедханов
- C) С.Сейфуллин
- D) С.Қирабаев
- E) Р.Нұрғали

Ж.Аймауытұлының тұңғыш романы – ...»

- A) «Қартқожа»
- B) «Ақбілек»
- C) «Сылаң қыз»
- D) «Күнікейдің жазығы»
- E) «Шернияз»

«Әбіш Кекілбаев – заманымыздың заңғар тұлғасы» деген кімнің сөзі?

- A) С.Қирабаев
- B) Г.Бельгер
- C) Қ.Сұлтанов
- D) Р.Нұрғали
- E) Ф.Оңғарсынова

Әбіш Кекілбаевтың 5-сыныпта жазған сыни мақаласы қандай мәселеге арналған?

- A) авторлық құқық мәселесіне
- B) мектеп қабырғасындағы тәрбие мәселесіне
- C) отбасы мәселесіне
- D) оқулықтар мәселесіне
- E) ауылшаруашылығы мәселесіне

Әбіш Кекілбаев аударған «Өмір» романының авторы кім?

- A) И.Бунин
- B) Л.Толстой
- C) Ш.Айтматов
- D) Ги де Мопассан
- E) В.Шекспир

Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы қанша бөлімнен тұрады?

- A) 3
- B) 4
- C) 1
- D) 5
- E) 2

2. «Кекілбаев дарыны – мейлінше ғибратты дарын. Оның кеңістігінің өзінен ұғымтал көкірек пен жіті көзі адуын өнердің мінезін көреді» деген Асқар Сүлейменовтің сөзін пайдаланып, «Аңыздың ақыры» романындағы Ақсақ Темірдің бейнесін түрлі деректермен салыстырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын жаз.
3. «Ақбілек» романындағы бір үзіндіні алып, ондағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдап, түйінде.
4. «Прозадағы көркем ой – ішкі сөз» деген тақырыпта Ж.Аймауытұлы мен Ә.Кекілбаевтың шығармашылықтарын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың оң жағында әлемге аян Алтай бар.

Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар.

Алтай Күршімі – не заманнан қалың Найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал, күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны.

Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған, ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алтай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалына сайран етіп жатқаны. Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізиктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл хор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды; ауызы қобыз гүілдейді; мас болады, жас болады; жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүрсілдетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс асыр салып жатқаны.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Алтын, күміс – Алтай кені; алтын сырға алты қарыс алып түсіп құлақтарын, жүзі Алтайдың айындай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы Қопа талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күлбіресіп, көлеңдесіп, езу тартса, есің кетіп, сұңқыл қақса, шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қиян кезеді.

1. Мәтінде еліміздің қай аймағы сөз болады?

- A) Солтүстік Қазақстан
- B) Семей
- C) Сарыарқа
- D) Шығыс Қазақстан
- E) Арқа жері

2. Мәтінде қанша су көзі әңгімеге арқау болады?

- A) 4
- B) 1
- C) 2
- D) 5
- E) 3

3. Гипербола қолданылған сөйлем:

- A) шарап сулы Марқакөлі
- B) Марқакөлдің самалына сайран етіп жатқаны

- C) алтын сырға алты қарыс алып түсіп құлақтарын
- D) быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды
- E) ойың босап, қиялың қиян кезеді

4. Мәтінде айтылмаған іс-әрекетті көрсетіңдер.

- A) күр-күр еткен Күршім бар
- B) Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді
- C) Алтай тауын дүрсілдетіп, таудың тасын күтірлетіп
- D) қасы қарлығаштың қанатындай болып
- E) ауызы қобыз гүілдейді

5. Мәтінде неше ыдыс туралы айтылады?

- A) 4
- B) 3
- C) 2
- D) 5
- E) 6

6. Алтай аймағы туралы жарнама жасау үшін мәтінді қалай пайдаланар едің?

«Аңыздың ақыры» романы туралы Ш.Айтматовтың пікірін оқып, сұрақтарға жауап бер.

Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық жүйелер мен құрылымдарды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап – ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен.

1. Пікірге атау қой.
2. Ш.Айтматовтың Ә.Кекілбаев туралы пікіріне қандай баға берер едің?
3. Осы пікірмен танысқан оқырманның бірі роман тек аңызға құрылған, бүгінгінің оған қатысы жоқ деген ойда. Бұл дұрыс па? Ойды өз дәлелің арқылы қолда не қарсы пікір білдір.
4. Осы пікірді өзің қолдана алар ма едің? Қай кезде? Неліктен? Жауабыңды түсіндір.

III ТАРАУ

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

Аңыз әңгімелер – халық шежіресі.

Мұхтар Әуезов

Мені жазушылық еңбекке жетелеген – 32-жылғы азап.

Мұхтар Мағауин

МҰХТАР МАҒАУИН



Мұхтар Мағауин
(1940 жылы туған)

Мұхтар Мағауиннің өмірі мен өскен ортасы жайлы не білесің?

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин – тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1984 ж.), Қазақстанның халық жазушысы. 1940 жылы 2 ақпанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында туған. 1962 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін, 1965 жылы оның аспирантурасын бітіріп, еңбек жолын бастайды.

Мұхтар Мағауин «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары, одан соң Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істейді. Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді. Бұған кезінде Олжас Сүлейменов: «Мұхтар Мағауин біздің жазба поэзиямыздың тарихын бірнеше ғасырға тереңдетіп, әдебиет және өнер институтының барлық жұмысын жалғыз өзі атқарып шықты», – деп әділ баға берді. 1983–1984 жылдары еркін шығармашылық қызметте болса, 1984–1986 жылдары «Жазушы» баспасының бас редакторы қызметін атқарады. 1987 жылы еркін шығармашылық қызметте болса, 1988–2006 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы қызметін атқарды. Қазір шетелде тұрады.

Жазушының қандай туындыларымен таныссың?

«Мұхтар Мағауинсіз қазіргі қазақ руханиятының аспаны әлдеқайда көмексіз көрінер еді... Қадым замандар тақырыбына алғаш қалам тартқан ғалым ретінде ұлттық көркем ойдың ең кемел күштерінің төл тарихымыздың кенже зерделеніп келе жатқан кезеңдерін көрсетуге жаппай жұмылуына түрткі болды. Өзі де сол бәйгеде озып шыға алған жұлделі жүйрік», – деп Әбіш Кекілбаев айтқандай жазушының қазақ әдебиеті мен тарихына қосқан үлесі ұшан-теңіз. «Қобыз сарыны» атты ғылыми монографиясынан бастап, «Аласапыран»

историка роман-диалогиясы, «Шыңғыс хан» роман-эпопеясы, «Тасқа басылған қолжазбалар», «Жармақ» және т.б. историка тақырыпқа жазылған шығармалары автордың талантты тұлға екенін аңғартады.

Сонымен қатар «Бір атаның балалары», «Көк мұнар», «Шақан-Шері», «Мен», «Құмырсқа-қырғын», «Ұлтсыздану ұраны» сияқты көптеген кітаптары жарық көрген. Шығармаларының көбі шетел тілдерінде басылған.

«Аласапыран» историка роман-диалогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сондай-ақ Мұхтар Мағауин – Қазақстанның Халық жазушысы, Түркияның Халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының лауреаты.

Мұхтар Мағауиннің шығармаларынан қандай жаңашылдық көре аламыз?

Зергер сөз

Тіл, стиль жөніне келсек, Мағауин қолтаңбасы барынша айқын, оның жай мәтінінен-ақ ешкіммен шатастырмай танып алуға болады. Онда қосақ арасында бос жүретін, басы артық, бұралқы сөз кездеспейді. Көбенсіген көбігі жоқ, бірыңғай бұлшық еттен тұратын таза проза. Мұхтар шығармаларының басқа тілге аударылғанда азайып-апшымай, қалпын сақтап қалатыны да сондықтан. Мұхтарда біздің көбімізде жетіспейтін тас-түйін жинақылық, бастаған ісін аяғына жеткізбей тынбайтын қайсар табандылық бар...

Қабдеш Жұмаділов

«Мұхтар Мағауин ана тіліміздің байлығын, оралымды, астарлы әрі от-жалынды, әрі нәзік те биязы бояу-сырларын алғашқы адымдарынан бастап-ақ көрсетеді. Тіліміздің оралымдығын тереңдетуге қосқан үлесі де аз емес», – деп Ғабит Мүсірепов жоғары бағаласа, ал жазушының қаламгер ретінде өсу жолын Тұрсын Жұртбаев былайша сипаттайды: «Шындығында да, «Қос ағаш» жазылғанға дейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа да, «Тамыз әңгімелерінен» кейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «Мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнері – әртүрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі – құбылмалы, әдеби әдістері – алмағайып, алмасып отырады, шендестірулері – ширақ әрі күрделі, тұспалдары тылсым, емеуріні – екі-үш мөнге ие, нысанасы – әрі биік, әрі терең, оқиғаға өзін де, өзіңді де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилы-қилы әсерде қалдырады...».



Ойталқы

1. Мұхтар Мағауин шығармаларының негізгі тақырыбы қандай?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

1. Мағауиннің замандастары не себепті оған жоғары баға берді?
2. Неліктен жазушыны шығармаларындағы мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашқан қаламгер деп айта аламыз?



Тобыңда талдап көр

М.Мағауин Шыңғыс ханды басқыншы болса да, кемеңгер басшы санаған. Жазушының көзқарасын терең тарқатып талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Мұхтар Мағауин өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Мұхтар Мағауиннің өмірі мен шығармашылығы туралы білгеніңді жинақтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Мұхтар Мағауин: «Мені жазушылық еңбекке жетелеген – 32-жылғы азап», – дейді. Егер «32-жылғы азап» болмаса, жазушы болмауы мүмкін бе еді?



Үйде орында

«Төрт сөйлем» тәсілі бойынша Мұхтар Мағауиннің жазушылық портретін жаз.

1. Пікір. Жазушы туралы мәліметті жинақтап, ол туралы пікірді бір сөйлеммен жеткіз.
2. Дәлел. Мәтіннен үзінді келтіре отырып, өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікіріңді қазақ әдебиеті тарихымен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Жазушы туралы қорытынды шығар.



Міне, қызық!

Мұхтар Мағауин қазақ әйелі туралы: «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі», – деген екен.



Кітап – асыл қазына

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 376 б.
2. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 1960–2002 жж. / 8-том – Алматы: Қағанат, 2002. – 742 б.
3. Фабдуллин Н. Мұхтар Мағауин. / 1-том – Алматы: Жазушы, 1990. – 468 б.

«Шақан-Шері» романы

Адамды кейде баршылық сынайды,
Кейде жоқшылық сынайды.

Мақал

Адамның негізгі міндеті – күнелту емес, өмір сүру.

Джек Лондон

Шақан-Шері деген кім?

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романы – ұлттық құндылықтардың маңызын айқындауға мән бере отырып, өте күрделі, шым-шытырық сюжетке құрылған шығарма. Роман 3 тараудан тұрады. Алғашқысы «Қамыстағы үй» деп аталады. Бұл тарау өз ішінде 5 кіші тармақшаға бөлінген. 2-тарау – «Жолбарыс жымы» 7 тармақша болса, соңғы «Сары құмның шапқыны» тарауы 10 тармақшадан тұрады.

Шығармада түз тағысы – жолбарыс Шақанның отбасын қырып тастайды. Жазушы жолбарыстың күшін көрсету үшін аң патшасы – арыстанды да өз мекенінен ығыстырып шығарғанын сипаттайды. Өз бауыр еті балалары – шөп-жіктерінен айырылған жолбарыс адамзатқа өшігіп, бас кейіпкердің әйелі мен баласын өлтіреді. Осылайша жүрегінен қайғының қаны сорғалаған Шақан жолбарыстың терісін жамылып, жыртқышқа айналғандықтан, ел арасында Шақан-Шері атанады.



Екі Шерінің кездесуі

Шығарма кейіпкері Шақанның іс-әрекетіне қандай баға берер едің?

Автор кейіпкері арқылы адами болмыстың ішкі күйзелісі кез келген жан-ның қатты өзгеріске түсуіне себепкер болатынын аңғартады. Адам жанының нәзік те жұмбақ құбылыстарын көрсетуде басты образ – Шақанның әрекеттері соның айғағы. Дегенмен автордың ұтымды әдісі қаншама қайғыны басынан өткізсе де, ызалы, кекті адамның бойынан да саналы түйсікті тауып, адамдықтың, ізгіліктің жұрнағы қалатынын, адамды жыртқыштан айыратын да осы адами ізгі қасиеттер екенін баяндайды. Автордың идеясын түсіну үшін романды бір рет оқып шығу жеткіліксіз. Сондықтан Шақан-Шері алғашында аңыз, ертегілердегі дию, жын-перідей, қорқынышты мақұлық болып көрінуі мүмкін. Алайда жазушы өз идеясын жеткізу үшін Шақан-Шері образын символ ретінде алған. Шақан-Шері – біріншіден, өз отбасын шексіз сүйетін кәдімгі адам. Екіншіден, өз Отанына (Отан – отбасы) ауыз салушыға, яғни отарлап алушыға қарсы қасық қаны қалғанша күресетін ержүрек батыр. «Шері» деген сөздің өзі «жолбарыс перісі» деген ұғым тудырады. Бұл шығармадағы Мұхтардың жолбарысы – империялық өктемдіктің, зұлымдықтың символы. Осы тұрғыда Шақан – өз Отанының тәуелсіздігі үшін күрескен батыр.

Мұнда Шақан басында күнкөріс қамымен ұсақ-түйек аң аулап жүрген қарапайым аңшы болса, ең қымбаты – бала-шағасынан айырылған соң өлімнен қорықпай, жыртқышпен жыртқышша алысатын тағы-адам кейпіне көтеріледі. Бұл психологияда агрессормен идентификациялану (қарсыласының рөліне, образына кіріп, онымен біте қайнасу) деп аталады.

Жазушының шеберлігінің келесі бір қыры – градация тәсілін ұтымды қолдануы. Дегенмен адамның аты – адам, оның төрт аяқты хайуаннан артықшылығы – саналылығында. Сондықтан Шақан бір күні өзіне кезіккен шөнжікті өлтірмей, асырайды. Жолбарыстың бекерден бекерге адамға шабуыл жасамайтынын уақыт өте келе түсінеді. Әрине оған дейін небір қауіп-қатерге толы кезеңдерді бастан кешіреді. Бұдан біз Мағауиннің адам психологиясының қырсырын өте жетік меңгерген қаламгер екенін көреміз.

Эпилогта автор қазақ даласында Шақан-Шері атымен аңызға айналған көптеген ерлеріміздің болғанын, бәрі де елі үшін еңіреген елеулі азаматар екеніне тоқталады. Халықтың бірлігіне, елдігіне үндеген шығармада салмақты ой, терең мағына бар. Ұрпақтың кек құмай, еңсесін түсірмей, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, қазақ халқының қасиетін арттыруға ұмтылғанын қалайды.

**CD 05**

Үзіндідегі соңғы жолбарыстың тағдырын ғаламдық, экологиялық проблемамен байланысты қарастыр.

**Ойталқы**

1. Роман кейіпкерлерін ата.
2. Шығармаға басқаша қандай атау берер едің?

**Себепін анықта**

1. Не себепті Шақан-Шері түз тағысына айналды?

2. Үзіндіде берілген адам мен хайуанның айырмасын бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, ой қозға. Неліктен экология мәселесі осы заманда ғана өзекті болып отыр?

«...Құдайым адамға өзгеше туыс берген... Қайраты кем болар, қажыры артық. Айласы кем болар, ақылы артық. Аңның тісі мен тырнағы ғана бар. Сенің бойыңда бес қару. Алыстан атасың, жақыннан шабасың. Күш пен құрал, парасат пен амал өз алдына, адаммен айбар таластырар мақұлық жоқ... Адамның аруағы асқар таудан да биік... Хайуанат атаулы жан үшін, тамақ үшін алысады, ал кісі ұлының керегі басқа. Пенденің қасиеті де, қасіреті де осы...».



Тобыңда талдап көр

Шақан-Шерінің басындағы жағдайды «Оптимистер», «Пессимистер», «Реалистер» болып үш топқа бөлініп, талдаңдар.

1-топ – «Оптимистер». Олар Шақан-Шеріге қандай кеңес береді?

2-топ – «Пессимистер». Олар Шақан-Шеріге қандай кеңес береді?

3-топ – «Реалистер». Олар Шақан-Шеріге қандай кеңес береді?

Ал автордың шешімі қандай болды? Қорытынды жасаңдар.



Дәптеріңе жаз

Үзіндіде берілген кейіпкердің портреттік сипатын негізге ала отырып, тұз тағысына айналған Шақан-Шеріге мінездеме жаз:

«Жел қаққан қоңырқай. Момақан. Тек салқын ұшқын атқан жанары ғана өжет кейіп, ер мінезін танытқандай. Байсалды көңдік бар. Қайратына, қажырына сенген, ешкімге ырық бермеген асау жанның салқам бітімі. Бірақ бұл – оң жағынан қарағанда ғана. Сол жақтан... Сол жақ бетте – самайдан иекке түскен бұжыр-тыжыр, терең үш қатар тыртық. Қиығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштана түйіледі. Ұрты да жырық. Әппақ, өткір сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошырлық. Қарсы алдынан қарағанда адам шошырлық. Әйтсе де құбыжық емес, өзгеше тұрпатты пенде».



Түйінде

Романдағы және шынайы өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріп, пікіріңді түйінде.

Романдағы материалдық және рухани құндылық	Шынайы өмірдегі материалдық және рухани құндылық
Заманауилығы	
Жаңашылдығы	

**Қалай ойлайсың?**

Романда айтылған «Төріне тарғыл жолбарыс ілінбеген үйде найза ұстар ұл тумайды» деген пікір дұрыс па? Қазіргі ұл қандай болуға тиіс?

**Үйде орында**

Шақан-Шерінің монологін оқып, оның психологиялық жай-күйіне баға бер.

«...Мен бар екем, – деп ойлады. – Бар екем. Көрім қазылған жоқ. Атым өшкен жоқ. Сонда қалай... Жоқ. Мен – өлгем. Мен алдымен баламды, содан соң әйелімді өз қолыммен ажалға бергемін. Көз алдымда жегіздім. Өзім жедім. Содан соң өлдім. Ал мына мен – түргеп тұрған, жаны жоқ, сүлдері бар, аты жоқ, аруағы бар – Шақан емес, тарғыл жолбарыс, ендеше, менің атым – Шері!».

Не себепті Шақан өзін өлген адамға теңейді? Осыған ұқсас оқиғаны бастан кешірген адамдар не істегені, кіммен кеңескені жөн?

**Білгенге маржан**

Жолбарыс (лат. *panthera tigris*) – сүтқоректілер класының мысықтар тұқымдасына жататын ірі жыртқыш аң.



Түз тағысы – жолбарыс

XX ғасырдың 50-жылдарына дейін Тұран жолбарысы Қазақстанда Сырдарияның төменгі ағысындағы қалың қамысты, тоғайларды мекендеген. Осы өңірде соңғы жолбарыс 1933 жылы, ал Балқаш жағалауында 1948 жылы атылған.

Көзінің қарашығы ашық сары түсті. Сойдақ тістері өте ірі әрі өткір, иілген тырнақтары мықты, алдыңғы аяғы артқы аяғынан жақсы жетілген. Көбінесе, қоныс ауыстырып, жеке жүреді. Жабайы шошқа, бұғы, марал, елік т.б. тұяқты жануарларды ұстап жейді, кейде малға, қасқырға, итке де шабады. Жолбарыс 2–3 күшік туады. Табиғи жағдайда 40–50 жылдай тіршілік етеді. Дүниежүзінде жолбарыстың саны жылдан жылға азаюда. Қазіргі уақытта жабайы ортада (13 мемлекетте) мекендейтін жолбарыстардың саны 3200 шамасында ғана қалды. Сондықтан жолбарыстың

барлық түрі қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

Жолбарысты қазақ халқы ежелден күштіліктің символы санаған. XII–XIII ғасырларда Тоқтамыс хан соқтырған тиында жолбарыс бейнесі салынған.

«Қазақ энциклопедиясы»



Әдебиет теориясы

Градация (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыс, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне мол өріс ашады. «Шақан-Шері» романында градация бас кейіпкердің бойынан үнемі көрініп отырады. Ол күнделікті күйбең тіршілікті қанағат тұтқан қарапайым жаннан айбарлы, қатыгез тағы-адам образына кіреді. Ал әбден кегін алып, ашу-ызасы басылғаннан кейін, тәжірибелі аңшы ғана емес, көпті көрген данаға айналды.

Хронотоп (уақыт және кеңістік) – уақыт пен кеңістік белгілерінің бір шеңберде табиғи көрініс табуы. Орыс әдебиеттанушысы М.Бахтин «хронотоп» деген атау беріп, анықтамасын жазған. Ал қазақ әдебиетіне мұны әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов «мекеншақ» деп енгізді.

Пролог (гр. *prologos*) – көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі.

Эпилог – көркем шығарманы қорытындылайтын компонент.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Әдебиет теориясында берілген ұғымдар санына қарай бірнеше топқа бөлініндер. Әр топ осы ұғымдарға сай мысалдарды романнан тауып, анықтамалық эссе жазады.



Шығармашылық тапсырма

Ақын Қ.Мырзалиевтің «Қызыл кітап» туындысынан берілген үзіндіні пайдаланып және экология мәселесінің адамдарға да қатысы жөнінде ойлана отырып, «Табиғат пен адам экологиясы» деген тақырыпта шығарма жаз.

...Жақсылықтың алдында бас иетін,
Бабалардың не істейміз өсиетін?
Жер жоғалтса, не болмақ перзенттерін?
Ер жоғалтса, не болмақ қасиетін?!

Түгел жыртып,
Тастақты айдағандай
Отырмын мен,
Отырмын ойға қанбай:
Адамдығын жоғалтсақ адамдардың
Хайуанатты жоқтаудан пайда қандай?!

Отыра алмас ұл шыдап,
Қызың шыдап.
Жоғалғандар тізімі ұзын шұбақ.
Қызыл кітап –
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылатын қызыл шырақ!

Келеді кез,
Күрделі біздің бұл кез!
Жауаңдайды адамға түзде мың көз.
Қызыл кітап –
Опат боп кеткен аңның
Бастарына қойылған қызыл күмбез.



Міне, қызық!

- М.Мағауиннің әлемдік деңгейдегі классикалық туындысы – «Шақан-Шері» романының желісі бойынша Голливудта кино түсірілетін болды.
- Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры мен Қазақстан Үкіметі Тұран жолбарысын Іле-Балқаш өңіріне қайта жерсіндіру бағдарламасын іске асыру туралы меморандумға қол қойды. Ол үшін «Іле-Балқаш» табиғи резерваты құрылатын болды.
- Әйгілі актер Леонардо Ди Каприо – жолбарыстың әлемдік популяциясын құтқаруға атсалысып жүрген жандардың бірі. Сондықтан оны «жолбарыстар елшісі» деп атайды.



Кітап – асыл қазына

М.Мағауин. Шақан-Шері, Алматы: Жазушы, 1993.
М.Мағауин. Шақан-Шері, Алматы: Атамұра, 2005.

Шыңғыс Айтматов – бүкіл түркі әлемінің мақтанышы.

Ғарифолла Есім

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ



Шыңғыс Айтматов
(1928–2008)

Жазушының өмірі мен қызметі жайлы не білесің?

Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда Қырғыз Республикасы Талас өңірі, Шекер ауылында дүниеге келген. Қырғызстанның халық жазушысы, Қырғызстан Ғылым академиясының, Еуропа Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері, мемлекет қайраткері.

Жазушы 1948 жылы Жамбыл зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын, 1953 жылы Қырғыз ауылшаруашылығы институтын бітіріп, Қазақстанның Жамбыл облысында зоотехник болып істеген. 1956–1958 жылдары Мәскеудегі Жоғарғы әдебиет курсы бітірген. 1959–1960 жылдары «Литературный Киргизстан» журналының редакторы, 1960–1965 жылдары «Правда» газетінің Қырғызстандағы меншікті тілшісі, 1965–1986 жылдары Қырғызстанның Кинематографистер одағының төрағасы, 1986 жылы Қырғызстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, 1988 жылы «Иностранная литература» журналының Бас редакторы, 1990 жылы КСРО-ның Люксембургтегі елшісі, 1994–2006 жылдары Қырғызстанның Бенилюкс елдеріндегі төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды.

Зергер сөз

Ш.Айтматов – шығармаларында өзінің шығармашылық позициясы мен өмірге көзқарасын жаңа бір биіктен танытып, адамгершілік негіздерін зерттеуде, адамның табиғи қасиетін танытуда шебер қаламгер екенін дәлелдеген жазушы.

Зейнолла Қабдолов

Шыңғыс Айтматовтың қандай шығармаларымен таныссың?

«Аспалы көпір», «Жәмила», «Алғашқы ұстаз», «Қош бол, Гүлсары», «Ертегіден соң», «Ерте қайтқан тырналар», «Қызыл алма», «Ақ кеме», тағы басқа әңгіме, повесть жинақтары, «Жанпида», «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн»), «Кассандра таңбасы» т.б. романдары жарық көрді. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы – гуманизм. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық,

мейірімділік пен қатыгездік сияқты антогонистік қарама-қайшылықтарға құрылған жазушы шығармалары оқырмандарынан оң бағасын алып, көп тиражбен таратылды. Айтматов стилінің ерекшелігі – мифтік шығармаларды пайдалана отырып, олардың деңгейін жаңа белеске көтеріп, заманауи тақырыпта сөйлетуі.

Шыңғыс Айтматов шығармалары француз, неміс, жапон, араб, түрік және т.б. әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Қырғызстанда, Қазақстанда және Ресейде Ш.Айтматовтың көптеген шығармалары экрандалып, сахнада қойылды. Белгілі режиссер Ә.Мәмбетов «Ғасырдан да ұзақ күнді» 1983 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында, 1984 жылы Мәскеудегі Е.Вахтангов атындағы Мемлекеттік академиялық драма театрында қойды. Айтматовтың драматург Қ.Мұхамеджановпен бірігіп жазған «Көктебедегі кездесу» атты спектаклі 1974 жылы академиялық театр да тұсауы кесіліп, өзге де елдердің театрларында қойылды.

Фазиза Жұбанова «Боранды Едіге немесе Айтматов аңыздары» атты опера жазды. Белгілі режиссер Ардақ Әмірқұлов Айтматовтың шығармасы бойынша «Қош бол, Гүлсары» атты көркем фильм түсірді.

Айтматов – КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының, Лениндік сыйлықтың, көптеген халықаралық сыйлықтардың, оның ішінде түркі әлемінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін ТҮРКСОҮ тағайындаған халықаралық көрнекті сыйлықтың да тұңғыш лауреаты. Халықтар достығы орденімен, 1-ші дәрежелі «Манас» орденімен, «Дустлық» орденімен (Өзбекстан), Токиодағы Шығыс философиясы институтының «Әлемде бейбітшілік пен өркениет игілігі жолындағы мәдениет пен өнердің дамуына қосқан зор үлесі үшін» Құрмет медалімен т.б. марапатталған.

Жазушының қазақ әдебиетімен байланысы бар ма?



Зерделей

Жалпы тәуелсіз елдер дейтін кеңістіктегі бай әдебиеттің ерекше дамуына, өрістеуіне, жаңа биіктерден көрінуіне, жаңа айдындарға шығуына себепкер болған үлкен мектеп жасады.

Нұрлан Оразалин

Шыңғыс Айтматов әрқашан қазақ әдебиетімен және оның көрнекті өкілдері – М.Әуезов, З.Қабдолов, Ш.Мұртаза және т.б. қаламгерлермен шығармашылық байланыста болды. Шығармаларының кейбірін осы ұстаздарына, замандастарына арнады. Айтматов екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға қосқан еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен 1993 жылғы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының лауреаты атанды.



Ойталқы

1. Шыңғыс Айтматовтың қандай шығармаларымен таныссың?
2. Оның шығармалары қандай тақырыпта жазылған?



Себебін анықта

1. Шыңғыс Айтматовтың замандастары не себепті оған жоғары баға берді?
2. Жазушы шығармаларының әлемнің көптеген тілдеріне аударылу себебі неде?



Тобыңда талдап көр

Жазушының адамзатқа тән мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу шеберлігін талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Шыңғыс Айтматов өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Шыңғыс Айтматов туралы білгеніңді жинақтап, түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Ғарифолла Есімнің «Шыңғыс Айтматов – бүкіл түркі әлемінің мақтанышы» деген пікірімен келісесің бе?



Үйде орында

Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, «Адамзаттың Айтматовы – ғасыр мақтанышы» деген тақырыпта эссе жаз.



Білгенге маржан

Жазушыны алғаш әлемге танытқан таңдаулы туындысы – әйгілі «Жәмила» повесі (1958). Мұхтар Әуезов пен француз жазушысы Луи Арагон осы шығарма арқылы Айтматов дарынын жоғары бағалап, пікір айтқаннан бастап оның шығармалары ерекше құбылыс болып саналып, оның қаламынан туған әрбір туындысы әлемдегі мың сан оқырман асыға күтіп, қолдан қолға тигізбей оқитын құрметке ие болды.

«Ұлттық энциклопедия»



Білген үстіне біле түс

1964 жылы Ә.Мәмбетов «Ана-Жер ана» қойылымын М.Әуезов атындағы қазақ драма театрында тұңғыш рет сахналады. Аталмыш спектакль Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарына да енді.



Міне, қызық!

Тұрар Рысқұлов Шыңғыстың әкесі Төрәқұлды қолынан жетектеп жүріп, Ташкентке оқуға түсірген екен. Осылайша Төрәқұл Айтматов Т.Рысқұловтың тікелей тәрбиесін көрген шәкірті болған. Ол кейін қырғыздың көрнекті қоғам қайраткеріне айналады.

**Кітап – асыл қазына**

1. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2005.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, 1-том.
3. М.Әуезов. Путь добрый. Шығармалар жинағы, 1-том, Алматы, 1985.
4. Ә.Кекілбаев. Мәңгілікпен үндестік. Алматы: Жалын, 1988.

«Алғашқы ұстаз» повесі

Бұлардың қайсысына тоқтаймын,
салған суретім қандай болып шығады,
мен оны әлі білмеймін. Менің көзім
жеткен бір нәрсе ғана бар: ол – талмай,
тайынбай іздену.

Шыңғыс Айтматов

Атын әлем таныған қырғыз халқының көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» атты шығармасы елден де, жолдан да жырақ тау баурайындағы шағын қырғыз ауылында болған бір үлкен оқиғаны суреттейді. Бұл жағдай Кеңес өкіметінің енді ғана орнап, жаңа заманның талабына сай елдің сауатын ашу кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Повесть сюжеті сол оқиғаның кейіпкерінің бірі болған Алтынай Сүлейменова деген академиктің әңгімені баяндаушыға жазған хаты бойынша өрбиді. Шығарманың экспозициясы сол ауылда туып-өскен суретшінің қиялынан басталады. Ол әуелі «Дүйсен мектебі» деп аталған жермен-жермен болған қорасы бар төбені, оған тақау жерде мәуелеп өсіп тұрған қос теректі көріп, үнемі соның суретін салғысы келіп, ойға беріледі. Дегенмен суретші бұл ойынан қайтады. Бұған философия ғылымының докторы, Мәскеу университетінде кафедра меңгерушісі болып, шетелге шығып лекция оқып жүрген танымал ғалым Алтынай Сүлейменованың жазған хаты себеп болады. Осылайша суретші «Дүйсен мектебі» мен ауылға кірген бетте көзге түсетін қос теректің тарихын ашу үшін оның суретін салмай, болған оқиғаны халыққа хат мазмұнымен таныстыру арқылы жеткізгенді жөн санайды.

Бір күні ауыл адамдары жаңа мектептің ашылу салтанатына белгілі суретші мен осы ауылдан шыққан ғалымды қатар шақырады. Мереке кезінде пошта тасушы Дүйсен деген кісі әр жерден келген құттықтау телеграммасын береді де, кідірмей кетіп қалады.

Алтынай Сүлейменова Дүйсеннің атын естігенде дегбірінен айырылып, сол күні ұйымдастырылған басқа шараларға да қарамай, асығыс Мәскеуге аттанып кетеді. Біраз уақыт өткеннен кейін суретшіге Сүлейменовадан «Дүйсен мектебі» мен қос теректің тарихы жазылған хат келеді.

Хатта жазылғандай, 1924 жылы Ақ-Жар тауының етегінде орналасқан шағын ауылға үстіне әскери шинель киген бейтаныс жігіт келеді. Бұл ауылда «Мектеп, оқу» деген ұғымдардың өзі де ол кезде ауыл адамдарына онша таныс емес, жаңа сөздер болатын. Келесі күні «ауыл ортасындағы дөңге жиналсын»

деген хабар айтылғасын, ауыл халқы түгел дөң басына жиналады. Бұған сол кезде он төрт жастағы жетім қыз Алтынай Сүлейменова да қатысады. Дүйсен – теміржолшы Тастанбек деген қарапайым адамның баласы. Бірнеше жыл әскери қызметте болып, хат танығаннан кейін оны осы бір шеттегі ауылға мұғалім етіп жібереді. Ауыл халқы басында балаларын оқытуға қарсы болғанымен, Дүйсен өзінің өкімет тапсырмасымен арнайы келгендігін өктем үнмен айтып, баласын оқытпағандар жазаға тартылатындығын ескерткеннен кейін ғана келісуге мәжбүр болады. Бірақ қай жерде, қайда оқытатынын ешкім сұрамайды. «Өзің біл» деген кейіппен жан-жаққа тарап кетеді. Содан Дүйсен жалғыз өзі төбе басындағы бір байдан қалған ескі қораны жөндеп, ішін тазалап, пеш салып, құлаған жерлерін қайта тұрғызып, әуре-сарсаңға түседі. «Ертеңіне суға барғанымызда кетпен, күрек, балта көтерген Дүйсеннің суды кешіп өтіп, төбе басындағы жаман тамға қарай кетіп бара жатқанын көрдік. Осы күннен бастап күнде таңертеңгісін үстіне қара шинелін киген Дүйсеннің қарасы жоғары бір өтіп, күн батарда төмен бір түсіп жүрді. Кейде сабан арқалап, кейде құрай құшақтап тасыды. Ауылдағылар оны көргенде бұл кім болды екен деп көзін көлегейлеп қарап, әңгіме қылатын... Мұғалімнің ол жерде не істеп жүргенін білуге қызығып, бір күні адырдан тезек теріп келе жатқан үш-төрт қыз сонда бардық. Бұл жаман там о баста бір байдың атқорасы болған. Қыстың көзі қырауда құлындаған биелер құлындарымен осында бағылады екен. Кеңес үкіметі орнап, бай қашып кеткен соң атқора қаңырап қалып, айналасын жантақ-тікенең, жусандар басып, кісі барудан қалған болатын. Дүйсен тікенеңтерді кетпенмен қопара шауып, тамның құлап қалған жерлерін жөндеп жүр екен. Дәл өзіміздің бойымыздай үлкен ала қаптарды арқалап, біз осы жерге дем алуға отыра қалғанымызда, үсті-басы лай, жеңін түріп алған Дүйсен тамнан шығып келді де, бізді көріп, бетінің терін сүрте жымысып күлді», – дейді Алтынай.

Қыздардың келгеніне жас балаша қуанған Дүйсен мектепті қалай жөндеп жатқаны туралы айтып, оларды оқуға шақырады. Қыздардың естияры Алтынай болғандықтан, оны: «Сен өзің ақылды бала екенсің», – деп, еркелете сөйлеп: «Басқа балаларды да мектепке оқыық деп ертіп кел, жарай ма?» – дейді жылы жүзбен.

Жеңгесінің ұрып-соққанынан басқа өмірі жылы сөз естіп көрмеген Алтынайға мұғалімнің «Сен өзің ақылды бала екенсің» деген сөзі қатты әсер етеді. «Мектептің ішін көріңдер, қорықпаңдар... Мен күн батқанша отынға тағы бір барып келе қояйын» деген мұғалім сөзінен кейін қыздар үйге қайтуға жиналады. Сол кезде Алтынай: «Мектепке отын керек екен, тезегімізді тамның түбіне төгіп кетейік, ішке өзі кіргізіп алар» деген ұсыныс айтады. Бірақ басқа қыздар бұған көнбеген соң, өзінің бір қап тезегін там түбіне төгіп кетеді.

Әңгіме осы тезектен басталады. Өйткені Дүйсен мұғалім мұны Алтынайдың төгіп кеткенін іштей сезеді. Бірде балалардың суды жалдап өтпеуі үшін аттағыш тас төсеген мұғалімге көмектесем деп Алтынайдың аяғы тартылып қалады. Жағада жатқан шинелімен Алтынайдың аяғын орап тамырын жазғаннан кейін «Өттең, қолымнан келіп, сені үлкен шаһарлардың бірінде оқытсам, ө-ө! Адам боп шығар едің!» – дейді Дүйсен қиялға беріліп. «Баяғыда тезекті сен төгіп кетіп пе едің? – деп сұрағанда, «иә» деп жауап берген Алтынайға: «Мен де солай деп ойлап едім» дегендей басын изеп, мәз болып қалады. Ауылдағы бірде-бір ересек адамның мектеп қабырғасын көтерісуге өресі жетпегенде, қаршадай қыздың қолынан келген аз ғана көмегі, әрине, мұғалім жанын тебіrentкені анық.

«Мен сонда не үшін сөйткенімді осы күнге дейін түсінбеймін. Әлде қыздар менің сөзіме көнбей қойғанына намыстандым ба, я болмаса қаршадайымнан сорым қайнап, қағу-соғу көріп, жалтақ өскендіктен, мені бұрын көрмеген, білмеген адамның жүрегімді жылыта мейірлі қарап: «Сен өзің ақылды екенсің» – деп екі ауыз сөз айтқаны жүйкемді босатып кетті ме, айта алмаймын. Бірақ қазір ойлап-ойлап отырып, менің нағыз тағдырым осы бір қап тезектен басталды ма деп те қаламын. Өйткені сол күні бұл жорығымның аяғы не болар екен деп тартынбай бел байлап, өмірімде алғаш рет өзім дұрыс деп тапқан ойымды орындадым» деп жазады. Алтынай жалғыз өзі жанталасып, қайта тезек терем дегенше қараңғы түсіп кетіп, біреу ұстап алардай қорыққанынан ауылға қарай жанұшыра тұра жүгіреді. Сол күні жеңгесінен оңдырмай таяқ жеген Алтынайдың көңілсіз күндері өтіп жатады. Екі күннен кейін үй-үйді аралап, мектепке оқушы жинап жүрген Дүйсен Алтынайдың да үйіне келеді. Жеңгесінің ұрыс шығарып, қарсы болғанына қарамай, туысқан ағасы Алтынайдың мектепке баруына рұқсат береді.

Дүйсен жай қара танығаны болмаса, көп оқығаны жоқ. Тіпті қолында әліп-песі де жоқ. Десе де, бар білгенін оқушыларға үйретіп, әйтеуір әріп танытуға шамасы келеді. Кеңес өкіметінің көсемі В.И.Ленин туралы қызықты әңгіме айтып, ол қайтыс болғанда көзіне жас алып, қайғырғаны оқушылардың көз алдында өтеді. Дүйсеннің әкесімен бірге шойын жолда істеп жүріп, Михаил Семенович деген қарт мұғалімнің қолында екі қыс оқып жүргенін, әскерге барғанын, ақтармен соғысқанын, үлкен қалалардағы бұларға беймәлім қызықты өмір туралы айтқанын балалар ұйып тыңдайды.



Алғашқы ұстаз – Дүйсен

Мектепке барар жолдағы арнасы шағын суды балалар жалдап өтетіндіктен, көпшілігінің сирағы қақсап ауыра бастайды. Сол кезде Дүйсен жалғыз өзі суық суды тізесімен кешіп жүріп, балалардың бірін көтеріп, бірін арқалап, бірін жетектеп өткізіп жүреді. «Адамдардың сондағы қараңғылығы ма, әлде түсінбестігі ме, білмеймін, Дүйсеннің мұнысын келеке етіп күліп жүрді... Қазір ойлап отырсам, сонда ауылдағылар-ақ екі ағаш тастап бітіре қоятын жұмыс, бірақ онда оқудың мәнісін түсінбеген жұрт Дүйсенді істейтін ісі жоқ әпендідей көріп, шыдасаң оқыт, болмаса қой дегендей, ат кешіп өткен жерге көпір салып көрмеген немелер өздеріне керегі жоқ болған соң, біздің жайымызды естеріне де алмапты. Бірақ олардың неменеге осынша азап шегіп, мазақ болып, біреуден артық болмаса еш кем емес, осы жас жігіт қолынан келген барлық әрекетін істеп, жұрттың балаларын оқытып жүр екен дегенді ойланулары керек еді» деп жазады Алтынай хатында.

Бір күні Дүйсен екі тал жас ағаш әкеп төбе басына отырғызады. Ол бұл теректерді Алтынайдың болашағына арнағанын айтып, осы ағаш өскен сайын шәкіртінің де өмірдегі жолы өсе беретінін, халқына қалаулы, еліне елеулі адам болып шығатынына үлкен сенім білдіреді.

Дүйсен мұғалім мен Алтынай повестің басты кейіпкерлері болса, оқиғаны баяндап отырған суретші мен Алтынайдың аға-жеңгесі және Қартаңбай шал мен Сайқал кемпір (Сайқал қырғыз халқында «сұлуым», «жаным» деген жақсы мағынада қолданылады) – жанама кейіпкерлер. Дүйсен мұғалім осы шал мен кемпірдің үйінде тұрады. Олар шығармада мейірімі мол қамқор адамдар ретінде суреттеледі.

Алтынайдың жеңгесі өзінің жиен туыстарымен астыртын сөйлесіп, қызды сыртынан екінші әйелдікке сатып жібереді. Жеңгесі бастаған үш-төрт адам мектепте сабақ оқып отырған Алтынайды күштеп алып шығып, жанұшыра қарсылық көрсеткен Дүйсенді қанға бөктіріп, тартып әкетеді. Жылап, шулаған балалар мұғалімнің айналасында қалады. Бұл оқиғадан үш күн өткен соң, қолы-басын дәкемен таңып алған Дүйсен екі милиционермен келіп, Алтынайды құтқарып алады. Көп ұзамай Қартаңбай ақсақал мен Сайқал кемпір бастаған бүкіл ауыл тұрғындары, бірге оқыған балалар Алтынайды Ташкенттегі балалар үйіне шығарып салады. Ал жас қызға обал жасаған адам түрмеге жабылады.

Алтынай ғалым бұл хатты не себепті жазды?

Өйткені жаңадан салынған мектептің ашылу салтанатын ең алғаш сол ауылға «мектеп» деген ұғымды қалыптастырған тұңғыш мұғалім Дүйсен атқаруы керек еді. Ұйымдастырушылар бұл тарихты білмейтіндіктен, ауылдан шыққан белгілі адамдарды ғана шақырып, Дүйсенді ескерусіз қалдырады. Сондықтан Алтынай Сүлейменова өз хатында авторға жаңа мектеп Дүйсеннің атымен аталуы керек деген ұсыныс жасайды.

Ал суретші болса, туған ауылының бірінші мұғалімі, кейіннен хат тасушы болып жүрген Дүйсен ақсақалға арнап осы оқиғаны толық баяндай алатындай сурет салатындығына кәміл сенеді.



Ойталқы

1. Повестегі оқиға қай жерде өтеді?
2. Шығармадағы терек ағашы ненің символы?



Себепін анықта

1. Дүйсен мұғалім болмаса да, жазушы шығарманы неліктен «Алғашқы ұстаз» деп атаған?
2. Шыңғыс Айтматов не себепті оқиғаны екі кейіпкердің атынан баяндау тәсілін таңдаған?



Тобыңда талдап көр

1. Аймауытұлының Ақбілегі мен Айтматовтың Алтынайын салыстырып, талдап көріңдер. Олардың ұқсастығы неде?
2. Оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Әр топ төмендегі бөліктер бойынша шығарманың жанрлық ерекшелігіне (көлемі, сюжеті, кейіпкерлері) талдау жасап, сюжеттік-композициялық жоспар жасайды:
 - оқиғаның басталуы;
 - оқиғаның дамуы;
 - оқиғаның шиеленісуі;
 - оқиғаның шарықтау шегі;
 - оқиғаның шешімі.



Дәптеріңе жаз

Шығармадағы басты кейіпкерлердің портреттерін жаз.



Түйінде

Графикалық органиайзерді пайдаланып, берілген тақырыптардың бірін таңдап, автор идеясын түйіндеп, әдеби сын жазып, түйінде.

Талданатын тақырыптар:

1. «Алғашқы ұстаз» повесінің әлеуметтік құндылығы;
2. «Алғашқы ұстаз» повесінің қоғамдық құндылығы;
3. «Алғашқы ұстаз» повесінің психологиялық құндылығы.



Қалай ойлайсың?

Монетада повесть мазмұны тұтас бейнеленген бе?



Үйде орында

Хрестоматиядан үзіндіні оқып, интернеттен «Первый учитель» фильмін көріп, екеуін салыстыр. Өз дәуірі үшін Дүйсен еңбегінің маңызы қандай болды? Ойыңды қорытындылап, аргументті эссе жаз.



Шығармашылық тапсырма

«Креативті жазу» әдісімен Дүйсеннің өмірін қысқа түрде басқаша баянда: ол да Алтынай сияқты атақты ғалымдардың бірі болады.



Білгенге маржан

Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі бойынша режиссер Андрей Кончаловский толық метражды фильм түсірді. Бұл туынды 1966 жылы «Советский экран» журналының сыйлығын, Венециядағы Озелла күміс медалін, сондай-ақ Римдегі «Капитолдық Юпитер» сыйлығын алды. Ал әйелдің (Алтынайдың) рөлін үздік сомдаған Наталья Аринбасарова Венециядағы «Волони алтын кубогі» кинофестивалінің Бас жүлдесінің иегері атанды. Сол жылы бұл жүлдеге Джейн Фонда, Ингрид Тулин, Джули Кристи сияқты әлемдегі белгілі жұлдыздар да таласқан болатын.



Әдебиет теориясы

Психологиялық параллелизм – адамның көңіл күйін табиғат құбылысымен салыстыра суреттеу. Әдебиеттегі бұл тәсіл адамның психологиялық жағдайын бейнелі де дәл суреттеуге мүмкіндік береді.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Жоғарыда берілген ұғымға байланысты шығармадан мысалдар келтір.



Міне, қызық!

Шыңғыс Айтматов Жамбыл малдәрігерлік техникумында оқып жүргенде төрт түлік малмен бірге есек жайлы да қосып оқытады. Бірде студенттер оқытушымен көшеде келе жатқанда ұстазы тұрған есектің жанында кілт тоқтап, осы жануар туралы Шыңғыстың білімін тексереді. Айтматов бөгелместен есек жайында сартылдатып айтып береді. Сөйтсе, бұл есектің иесі ауыл адамдары болып шығады. Осыдан соң ауылда «Төреқұлдың баласы есектің оқуын оқып жүр екен» деген қауесет тарап кетеді.



Кітап – асыл қазына

1. Ақ кеме. Бетпе-бет. Алғашқы ұстаз: әңгімелер / Ш. Айтматов; құраст. О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2006. – 480 с.
2. Ш.Айтматов. Ғасырдан да ұзақ күн. – СПб.: Азбука-классика, 2004.

Ұлықбектің әр өлеңі – зәмзәм суы құйылған құтыдай,
өртенген жаныңның бір дертіне дәру боп дарып жатқандай.
Ә.Кекілбаев

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ



Ұлықбек Есдәулет
(1954 жылы туған)

Ұлықбек Есдәулет қай өңірде туып-өсті?

Көрнекті қазақ ақыны, эссеші, әдебиеттанушы, аудармашы Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында туған.

1977 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін, 1985 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының Жоғары әдеби курстарын бітірген. Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақ ПЕН-клубының, ЮНЕСКО жанындағы Әлемдік өнер және мәдениет академиясының мүшесі.

Газет, баспа, теледидар редакцияларында әдебиет, әдеби сын бөлімдерінде, Сыртқы істер, Мәдениет және ақпарат министрліктерінде бөлім бастығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратында мәдениет секторының меңгерушісі, т.б. жауапты қызметтер атқарған. «Жас қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің бас редакторы болған. 2008 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, «Жұлдыз» әдеби журналының бас редакторы болып істеді. 2018 жылы Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының («Ақ керуен» кітабы үшін, 1986 ж.), «Алаш» әдеби сыйлығының («Заман-ай» кітабы үшін, 1999 ж.), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты («Киіз кітап» үшін, 2002 ж.), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2013 ж.) атағын алған, «Құрмет» орденінің иегері.

Қазақстан Журналистика академиясының толық мүше-академигі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі, М.Әуезов атындағы Мемлекеттік университеттің құрметті профессоры.

Зергер сөз

Ұлықбек ерте көзге түсті. 9-сыныпта оқып жүргенде бір топ өлеңімен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің жарты бетін алып жарқ ете қалғанда, әдебиетке тегеурінді таланттың келгенін үлкен-үлкен ақсақалдарымыздан бастап, есімдеріміз көпшілікке енді-енді таныла бастаған біздерге дейін түгел мойындадық. Содан кейін-ақ Ұлықбек қаламынан өлең сүйер қауымды тамсанып, тәңті еткен жырлар жиі-жиі, тоlassыз туа бастады.

Темірхан Медетбек

Ресейдің Л.Толстой, М.Лермонтов, С.Есенин атындағы, Қырғызстанның «Жеті Мен» тәуелсіз сыйлығының және Б.Сарноғаев алтын медалінің иесі. Халықаралық өнер және мәдениет академиясының Алтын медалінің лауреаты.

Ұлықбек Есдәулет шығармашылығының ерекшелігі неде?

Қазақ поэзиясында ақ өлең және верлибр жанрының негізін салушылардың бірі. 13 жасынан өлеңдері баспасөз бетіне жариялана бастаған ақынның тұңғыш кітабы 20 жасында жарық көрген. «Қанат қақты» (1974 ж.), «Көзде-ріңе ғашықпын» (1974 ж.), «Жұлдыз жарығы» (1977 ж.), «Алтайдың алтын-тамыры» (1979 ж.), «Ұлыстың ұлы күні» (1982 ж.), «Ақ керуен» (1985 ж.), «Жаратылыс» (1989 ж.), «Жүректегі жарылыстар» (1995 ж.), «Алтай асулары» (1988 ж.), «Заман-ай» (1999 ж.), «Киіз кітап» (2001 ж.), «Ахиллестің өкше-сі» (2003 ж.), «Ынтық зар» (2009 ж.) т.б. кітаптарының авторы. 2006 жылы «Қазығұрт» баспасынан 5 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Өлең кітаптары және бірқатар шығармалары түрік, қытай, орыс, қырғыз, моңғол, испан, ағылшын, жапон, өзбек, татар, гагауз, Балтық бойы елдерінің, украин, беларусь, болгар т.б. тілдерде жарық көрген. Сахналарда қойылып жүрген «Бейбарыс» операсы либреттосының, «Қара пима» драмалық поэма-сының, «Зере» драмасының авторы. «Әбілхаят» атты эсселер мен естеліктер кітабы соңғы онжылдықтағы ең көп оқылатын таңдаулы 10 кітаптың қатарына кірген.

Ұлықбек Есдәулет М.Лермонтов, А.Блок шығармаларын, сондай-ақ түрік, араб, қырғыз т.б. елдердің ақындары өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Ақын шығармаларының негізгі идеясы – Отан, елге, ауылға деген сүйіс-пеншілік. Мысалы,

Қазақиям – азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан
Сөз саптаған сүлейім.

Немесе

Топырақтың табын сездім,
Жүгірдім де жығылдым.
Отан деген назым сөздің,
Мәнін сенен ұғындым, –

деп елін, жерін шексіз сүйетінін білдіреді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін пір тұтады:

Аялаған азаттығым
Бұл-бұл ұшса басымнан,
Кімге керек қазақтығым
Мақтан еткен жасымнан?

Ұлықбек Есдәулеттің қаламынан шыққан әрбір шығарма ұлттық рух пен азаматтық сарынға толы. Ақын бірде Міржақып Дулатұлы сияқты:

Найзамен қанша түртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.



Зерделі ой

Ұлықбек ақын – өлең техникасының озық үлгілерін қалтқысыз меңгерген қалам иесі. Рубаят ұйқастарының табиғаты жасанды емес, халықтық, сондықтан жеңіл ұйқасып, оңай сырласып кете бересің. Жалпы, халық тіліне жүйрік, асыл қазынасын бойына сіңіріп өскен дүлдүл шайыр рубаилары қиындықсыз тез жаталады.

Дидар Амантай

Мұнша қалың ұйқыны,
Бердің бізге ой, Алла-ай, –

жалқаулығымызға әрі күйінеді, әрі таңғалады, халқын бейжайлықтан оятпақ болады. Экология мәселесі де ақын қаламынан тыс қалмаған: шетелге де кеңінен таралған «Заман-ай» өлеңінен басқа бірнеше өлеңі антиядролық бағытта жазылды.

Жидебайда жарылса талай атом,
Жырлап жүрген біз соны – сарай ақын.
Ұрпағыңа «Тоқтат!» – деп тоқтам айтшы,
Бар еді ғой ардақты Абай атың!

Ұ.Есдәулеттің келесі бір топ өлеңі тарихи тақырыпты қамтиды. «Қобда. Исатай басында», «Күршім. Жаралы Барақ батыр», «Біз түркілерміз» және т.б. өлеңдерін ақын жауынгер атабаба рухына бағыштайды.



Ойталқы

1. Ұлықбек Есдәулеттің қандай шығармаларын білесің?
2. Ақынның өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?



Себебін анықта

1. Ұлықбек Есдәулет неліктен Қазақстанның соңғы 60 жыл ішіндегі ең таңдаулы 10 ақынының қатарына еніп отыр?
2. Ақын шығармаларының көптеген тілдерге аударылу себебі неде?



Тобыңда талдап көр

«Ұлықбектің әр өлеңі – зәмзәм суы құйылған құтыдай, өртенген жаныңның бір дертіне дәру боп дарып жатқандай» деген Ә.Кекілбаевтың сөзін түсініп оқып, талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Ақын туралы білгендеріңді «Түртіп алу кестесіне» толтыр.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Ұлықбектің ақындық шеберлігі туралы ойыңды түйіндеп жаз.

**Қалай ойлайсың?**

Ұлықбек Есдәулет неліктен ақ өлең немесе верлибр жанрын таңдап алып отыр?

**Үйде орында**

Ұлықбек Есдәулеттің ғаламдық мәселелерді көтеру деңгейіне баға беріп, әдеби сын жаз.

**Білгенге маржан**

Әдебиет порталы сайты жұртшылыққа арнап, «Қазақтың 10 үздік ақыны» деген сауалнама жүргізеді. Бұл – біріншіден, оқырманның қазақ поэзиясына деген қызығушылығын ояту, екіншіден, шын мәніндегі қазақ өлеңінің майталманы болуға лайық ақындарға көрсетілген жария құрмет, үшіншіден, әлеуметтік желідегі түрлі халтураға, «бетімен кеткен поэзияға» тосқауыл қою, оқырманды таза поэзиямен таныстыру, сусындату, төртіншіден, әдебиеттің ағзасына қан жіберу, жан беру, қозғалыс жасау мақсатында қолға алынған шара. 55 ақынның ішінен Ұ.Есдәулет көркем тілімен, образ ашу шеберлігімен, ұлттық құндылықтарымен «Қазақтың 10 үздік ақыны» қатарына еніп отыр.

adebiportal.kz/kz/news/view/

**Әдебиет теориясы**

Верлибр – (фр. *vers libres* – еркін) дәстүрлі өлең түрлеріне бағынбайтын лирика жанры. Верлибрде буын сандары тең болмай, ұзынды-қысқалы болып келуі мүмкін, кейде бір сөздің өзі де бір қатарды аңдатады. Ақын өз пікірін еркін білдіру үшін верлибрді қолданады. Верлибр, негізінен, ХХ ғасырдағы еуропалық поэзияға тән болып келеді.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»

**Қолданып көр**

Қосымша дереккөздерден Ұлықбек Есдәулеттің верлибр жанрында жазылған бір өлеңін іздеп тауып, оның аталмыш жанрға жататынын нақты мысалдармен дәлелде.

**Міне, қызық!**

Ұлықбек Есдәулет өлеңін жазған «Заман-ай» әні антиядролық қозғалыс гимніне айналған, жапон тіліне аударылып, жеке компакт диск болып шыққан және жапон караокесіне кірген.

**Кітап – асыл қазына**

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

«Біз – түркілерміз» өлеңі

CD 06

Өлеңдегі көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан аш.

«Киіз кітап» деген тамаша жыр жинағымен оқырман жүрегінен орын алған Ұлықбек ақын қазақ руханиятының қараша үйіне қаршадай бала боп кіріп, бүгінде, міне, қара шаңырақтың төрінде отыратын ақсақалымызға айналды.

Дәулеткерей Кәңұлы

Түркілерге қандай халықтар жатады?

1996 жылы жазылған «Біз түркілерміз! Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз» деп асқақ пафоспен басталатын өлең сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының өткен өмірі мен қазіргі жағдайынан сыр шертеді. «Біз түркілерміз» деген бір ауыз сөз – өрлік пен қайсарлықтың символы іспетті. Түркілердің ерте замандағы мекені Алтай аймағы болған. Археологиялық қазбалар бойынша түркі қорғандары Байкал өңірінен Дон мен Дунайға дейін созылады. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдерінің лұғатында» Түркі деген атауды «Ұлы Тәңір» (Тенгри) бергендігі туралы айтылған.

Түркілер соңғы үш мыңжылдықта Қытайда, Үндістанда, Таяу Шығыста Египетке дейін және Еуропада билік жүргізген. Ғұн патшасы Атила «Құдайдың қамшысы» атанған. Түркілер жаулап алған жерлерінде халықтарды жаппай қырып-жойып, геноцид жасаған жоқ. Өйткені түркілер алдымен үлкенді сыйлап, аруаққа тағзым еткен және зұлымдық дегенді білмейтін табиғат діні – Тәңірге табынған. Кейіннен адамды ұлты мен нәсіліне бөлмей, барлығын ағайын деп қарайтын мұсылман дінін ұстанды. Ұ.Есдәулеттің «Біз түркілерміз» деген бір ауыз сөзінде осындай мағына бар.

Түркілердің Алтай өңірінен шыққаны туралы жырланған ертедегі «Көкбөрі» дастанында қыс Тәңірінің қызынан туған тұңғыш ұл аса күшті, қайсар болғандықтан, оған «Түркі» (күшті, мықты, ержүрек) деген ат қойып, ата-тегін бөрі деп таныған. Түркі мемлекеттерінің туларында бейнеленген «Көк Тәңірі», «Көк аспан», «Көкбөрі» – бөрі түркілер үшін қасиетті ұғымдар болған. Көкбөріні түркілер өздерінің пірі санаған. Ақынның «Көкбөріден туғанымыз рас болса, Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз» деген сөзінде «Көкбөрі» туралы аңыз-дастандардың сорабы жатса, екіншіден, тәуелсіздігіміздің жарқын болашағы бой көрсетеді. 250 жылдан астам уақыт отар елге айналған қазақтың «өктем үнін» ғасырлар «жұтып қойса» да, «Кеудемізді билеген асқақ арман» жойылмайды, өйткені «Тарихымыз дастан боп таста қалған».

Өлеңдегі тағы бір ерекшелік – қазақтың атқа мінсе, «аруақтанып, айбаттанып» кететін мінезін дәл басуы. «Қазақ тарихы – жылқы тарихы»

**Зерделі ой**

Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабынан» іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Бұдан қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгірте аласыз.

Әбіш Кекілбаев



Ел қорғаны – ер жігіт

**Зергер сөз**

Ұлықбек Есдәулет – өз тұстарынан әдебиетке әлдеқайда ерте келіп, жұрт көзіне ерте іліккен жігіт. Ол шәкірттік мектептен шұғыл түрде өтті де, өлеңдегі өз жолын, өз үнін бірден-ақ белгілеп алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін бұл ақын өлеңдері де бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, бұрынғыдан да тереңдей түсті. Оның өлеңдері енді қазіргі қазақ поэзиясының принциптері сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз.

Темірхан Медетбек

деген мақала жазған белгілі ақын Қажытай Ілиясұлы: «Уа, дариға, неден айырылмадық?! Қазақтың қайран, тұлпарлары-ай!.. Ұлы даланың о, шеті мен бұ, шетіне көшпелі алтындай қопарылып, көк теңіздей сапырылған қазақ ұлысының мыңжылдықтан мыңжылдыққа іріктеп, ғасырдан ғасырға сұрыптаған ең үлкен олжасы да, ең қарулы қанаты да тұқымы озған тұлпарлары еді-ау! Өріде оны өте қастерлеген ата-бабаларымыз бейнесін тасқа қашап, аңыз-ертегілерге іліктірсе, берідегілері ер-тұрманына дейін алтынмен аптап, күміспен күштеп, иесінің сүйегімен бірге жерлемеді ме?! Ат бәйгесін қазақ дарақылықтан жасамаған, қандай жерде қандай тұлпардың тұқымы бар, соны білу үшін ат айдаған» («Жас қазақ», 2007) деген сөзінен де жылқымен біте қайнасқан қазақ тарихын тануға болады.

Ақын «Намысымдай ешкімге таптатпаған, Түркістанның күмбезі асқақтаған» деп V–VI ғасырларда іргетасы қаланып, «Кіші Мекке» атанған Қазақ хандығының астанасы – Түркістан қаласын өзінің намысына теңейді. Халық даналығында «қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген сөз тегін айтылмаған. Түркістан күмбезі дегені – XIV ғасырда Ақсақ Темір салдырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Қазіргі мәлімет бойынша мұнда қазақтың 21 ханы мен 110-ға жуық билері мен батырлары жерленген. Бұлардың ішінде біз білетін Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қаздауысты Қазыбек би, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Мамай батыр т.б. көрнекті тұлғалар бар. Бір есте болатын нәрсе, кесенеге қазақтар кез келген адамды жерлеуге рұқсат бермеген, тек қана үш жүзге даңқы жайылған хандар мен билер, батырлар мен қайраткер тұлғалар ғана алыстан арнайы әкелініп жерленетін болған. «Бабаларым жатыр ғой бата беріп, Аруақтар аманатын ақтап бағам» деп осы кесенеді жатқан әрбір тұлғаның «еліміздің құт-берекесін қашырмауға, жерінің шетіне жау аяғын тигізбеуге, дұшпанды басындырмауға, басынан сөз асырмауға» тигізген ықпалына бас иіп, тағзым етіп отыр.

Өлеңнің «Көкбөрілі көк байрақ көкке шықса, Қай дұшпанның алдында іркілерміз?» деген асқақ үнмен аяқталуы бүгінгі жарқын күндегі жарық болашақты меззейді. Тонькөк негізін қалаған «Мәңгілік Ел» ұғымы – тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы. Түрік шежіресінде «Мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастама-сымен асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды көрсететін «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналуы – бабаларымыз арманының салтанат құруы, болашағымыздың баянды етілуі. Ал ақынның «Көкбөрілі көк байрақ көкке шықса» дегені – түркі әлемінің кемел келбеті.



Ойталқы

1. Қандай түркітілдес ұлттарды білесің?
2. Өлеңнің тақырыбын оқығанда көз алдыңа не елестейді?



Себепін анықта

1. Ақын неліктен өлеңнің атауын «Біз түркілерміз» деп алған?
2. Не себепті ақын қазақ атқа мінсе, «аруақтанып, айбаттанып» кетеді дейді?



Тобыңда талдап көр


«Намысымдай ешкімге таптатпаған,
Түркістанның күмбезі асқақтаған.
Бабаларым жатыр ғой бата беріп,
Аруақтар аманатын ақтап бағам», –

деген шумақ арқылы өлеңде көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан ашып көрсетіңдер. Өлеңдегі көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтаңдар.



Дәптеріңе жаз

Жүсіпбек Аймауытұлының «Арғы атам – ер түрік, Біз қазақ еліміз» деп жырлаған «Ұран», «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан», Ұлықбек Есдәулеттің «Біз – түркілерміз!» деген өлеңдерін салыстырып, Венн диаграммасын толтыр.



**Түйінде**

«Көк Тәңірден көңілге нұр тілерміз, Көк аспандай әлі де күркірерміз» деген өлең жолдары бойынша түйін жаса.

**Қалай ойлайсың?**

Өлеңде көтерілген мәселені бүгінгі күнмен қалай байланыстырар едің?

**Үйде орында**

«Қазына іздеу» әдісі бойынша өлеңнің ұлттық мақтаныш, ел намысы, халық арманына толы жарқын тұстарын тауып, «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастырып, өз көзқарасыңды білдіріп, әссе жаз.

**Шығармашылық тапсырма**

Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты өлеңіндегі Тұран, Теңіз, Арал, Ыстықкөл, Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун, Балқаш, Тянь-Шань, Хантәңірі, Тарбағатай, Памир, Алтай, Қазығұрт, Сарыарқа сияқты жер-су аттары мен Нұх пайғамбар, Афрасияб хан, Кей-Қысырау, Зұлқарнайын, Шыңғыс хан, Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле, Жолбарыс Сұпұтай мен көкжал Жебе, Тарағай би, Ақсақ Темір, Ұлықбек, ибн Сина Әбуғали, әл-Фараби, Қасқа жолды Қасым хан, Назар, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары сияқты кісі аттарын қосымша тарихи дереккөздермен салыстыра отырып, қазақ тарихының хронологиялық тізбесін жасап, кестені толтыр.

**Білгенге маржан**

Түрік қағанаты (552–603 жж.). (VI ғ. ортасы). Түрік қағанатының жер аумағы, этникалық құрамы. Алтайдан бастап, Каспий теңізіне дейінгі аралықта жеріміздегі ең алғашқы ірі мемлекет Түрік қағанаты деп аталды. Халқының негізгі құрамы түркітілдес ұлттар еді. Ішіндегі ең көбі теле тайпалары болды. Қытай деректері бойынша «теле» сөзінен «түрік» атауы қалыптасқан, оның құрамына 30-дан аса теле тайпасы енген. **Түріктердің тәуелсіздік жолындағы күресі. Саяси жағдайы.** Түрік қолбасшысына 545 жылы қытай елшісі келіп, бейбіт қарым-қатынас орнатты. Түрік қолбасшысы Бумын 552 жылы Жужан қағаны Анағұйды жеңіп, осы жеңістен кейін «Елхан» деген атақ алады. Түріктер алғашында жужандарға темір өндіріп, оларға тәуелді болған. Жужандардың жеңілуі Мұқан қаған (553–572) кезінде түріктердің Ұлы даланың қожасына айналуына жол ашты. Түрік қағанатының оңтүстік-шығысындағы Қытай билеушілері Мұқанға сый-сияпат жасап, өз жақтарына тартуға әрекет жасайды. Түріктер 563–567 жылдары эфталиттерді (Каспий жағалауынан Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейінгі жерді алып жатқан Орта Азияның отырықшы тайпалары) жаулап алды. Бумын қағанның інісі Иштемидің кезінде VI ғасырдың 70-жылдары Түрік қағанатының үстемдігі Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін жетті. Түркілер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне дейін баратын Жібек жолына иелік етті.

Шаруашылығы. Түріктер негізінен көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығымен айналысты. Орта Азияның отырықшыларымен араласып, олардың кейбіреулері отырықшылыққа көше бастады.

Мәдениеті. Олардың мәдениеті шаруашылық түріне байланысты еді. Баспаналары көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй болды. Басты көлік жылқы болғандықтан, олар түрлі атөбзелдерін т.б. керекті заттар жасаған. Жерлеу рәсімдерінің алғашқы кездерінде мәйітті өртеп, күлін қойғандығы байқалады. Ол отқа табынушылықтан туған.

Түрік қағанатының ыдырау себептері. Қаған әулеті арасында билік үшін талас, басқа халықтардың тәуелсіздіктері үшін күресі елге зиянын тигізді. Оның үстіне кең байтақ жерді алып жатқан халықтардың саяси не экономикалық жағынан бірлікте болмауы және 581 жылы олардың өз ішіндегі соғысы елді әлсіретті. Осыны пайдаланған Қытай және басқа мемлекеттердің шабуылы Түрік қағанатының бөлінуіне әкеліп соғып, 603 жылы Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып, екіге бөлініп тынды.

Батыс Түрік қағанаты (603–704 жж.). Жер аумағы, этникалық құрамы, ордасы. Оңтүстік-шығысында Іле, Шу өзендерінен бастап, солтүстік-батысында Еділ мен Кубань, солтүстік-шығысында Есіл мен Ертіс, оңтүстік-батысында Әмударияға дейінгі аралықты алып жатты. Астанасы Суяб қаласы болды. Қағанаттың этникалық құрамы он-оқ бұдун тайпалары еді, оған бес нушеби мен бес дулу (Шу, Іле өзендері бойында өмір сүрген) тайпалары енген. VII ғасырдың 40–50-жылдарындағы нушебилер мен дулулардың өзара соғысынан Батыс Түрік қағанаты әлсіреп, олардың жер аумағы Шығыс Қаратаудан Жоңғарияға дейінгі аралықта (Жетісу) ғана қалды.

Қағанаттың саяси жағдайы. Батыс Түрік қағанатының саяси күшейген кезі Шегу (610–618 жж.) мен Тон (618–630 жж.) қағандардың билік құрған мезгілі болды. Тон қаған батыстағы елдерді жаулап алуды ойластырып, Орта Азия мемлекеттеріне қатаң саяси бақылау орнатты. Тон қаған Византияның Иранға қарсы күресін қолдап, көмек беру үшін 627 жылы әскер аттандырған. Алайда қағанат ішінде 630 жылы билік үшін талас-тартыс басталды.

Қағанаттың әлеуметтік жағдайы. Жоғарғы билеуші және әскербасы қаған деп аталды, билік мұрагерлікпен беріліп отырды. Қағанаттағы ябғу, шад, елтебер сияқты атақтар қаған руынан шыққан ақсүйектерге ғана берілді. Жергілікті жерлерде қағанның негізгі тірегі бектер болған. Сот істерін бұрықтар мен тархандар атқарған. Қарапайым халықты «қара бұдундар», ал құлдарды «тат» деп атаған.

Шығыс Түрік (Шығыстағы түріктер) қағандығы (682–744 жж.). Шығыстағы түріктер билік үшін күрестің салдарынан әлсіреп, біраз уақыт қытай билігін мойындауға мәжбүр болған. Олар 682 жылы Моңғолия жерінде Құтлық қаған кезінде өз мемлекеттерін қалпына келтіріп, Қапаған қаған кезінде қуатты мемлекетке айналды. Аймағын Шығыс Қазақстан, Орталық Азия (Моңғолия), Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір жерлері алып жатты. Күлтегін мен Білге қағандардың кезінде Қытаймен тиімді шарттарға қол жеткізілді. Түрік жауынгерлерінің даңқын шығарған Тоныкөк қолбасшы болды. Бірақ 741 жылы Білге қағаннан кейін әлсіреп, ыдырай бастады.

«Қазақстан тарихы» анықтамалығы

«Аңызбен өрілген көркем сөз» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

М.Мағауин туралы бұрыс ақпаратты көрсет.

- A) жазушы
- B) ғалым
- C) прозаик
- D) ақын
- E) тілші

М.Мағауин ... үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлық алды.

- A) «Бір атаның балалары»
- B) «Ұлтсыздану ұраны»
- C) «Шыңғыс хан»
- D) «Тасқа басылған қолжазбалар»
- E) «Аласапыран»

М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романы қанша тараудан тұрады?

- A) 3
- B) 4
- C) 2
- D) 7
- E) 5

Ш.Айтматов қай өзеннің маңында дүниеге келген?

- A) Шу
- B) Тарым
- C) Нарын
- D) Талас
- E) Амудария

Ш.Айтматовтың қай шығармасында қазақ жеріндегі оқиға желісі баяндалады?

- A) «Жәмила»
- B) «Алғашқы ұстаз»
- C) «Боранды бекет»
- D) «Ақ кеме»
- E) «Жанпида»

Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» шығармасының негізгі тақырыбы:

- A) махаббат
- B) туған жер

- C) майдан
- D) гуманизм
- E) тарихи

Ш.Айтматовтың шығармасы бойынша Ардақ Әмірқұлов түсірген көркем фильм:

- A) «Ақ кеме»
- B) «Жәмила»
- C) «Ғасырдан да ұзақ күн»
- D) «Алғашқы ұстаз»
- E) «Қош бол, Гүлсары»

Ү.Есдәулеттің шығармалары қанша жасынан баспасөз бетінде жариялана бастады?

- A) 14
- B) 11
- C) 10
- D) 13
- E) 12

Ү.Есдәулет қазақ әдебиетіндегі қай жанрдың негізін салушы?

- A) қара өлең
- B) полифония
- C) рубаят
- D) элегия
- E) верлибр

Ү.Есдәулеттің антидролық қозғалыс гимніне айналған өлеңі:

- A) «Заман-ай»
- B) «Жаратылыс»
- C) «Қазақиям»
- D) «Отаным»
- E) «Жанартау»

2. Тараудағы аңыздың ізімен жазылған шығармалардың ұқсастығы мен ерекшелігін дәлелдеп, тарауды түйінде.
3. «Аңызбен өрілген көркем сөз» деген тақырыпта М.Мағауин, Ш.Айтматов, Ү.Есдәулетов шығармашылықтарын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

«Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық шығармашылығының ерекше бір саласын құрайды» деген Мұхтар Әуезовтің пікірін пайдаланып, М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» шығармасынан берілген үзіндіні (ескерткіш тастың сөйлегені) талда.

...Сен – Баба. Мен – өзің кейіптеген Ана. Екеуімізді биік қорымның қасына, күн шығыс бетке, ең даланың төсіне қатарымызбен орнатты. Қайта қосылдық. Мәңгіге. Тозбас аруақ, азбас кие ретінде. Кейінгі әулет етегімізге құрбан шалды, басымызға тәу етті. Елдің құты, жердің егесі ретінде, маңғаз далада, кеудемізді керіп... аз ба, көп пе, тура алты жүз жыл тұрдық...» «Иә, – дедім. – Бәрі есімде. Алты ғасыр бойы мызғымай тұрдық. Заман – құтты еді. Ел – қуатты, біз – аруақты едік. Ақыры заман азды, құт тайды, аруақ әлсіреді. Қайран қыпшақ даласына қаптай төгілген қара дұшпан – күні кеше ғана саны да кем, ерлігі де төмен болған, атыңды естігенде тітіреп тұрған, енді есесі толып, ебі асқан, әбден күшейген рақымсыз жау тұмшалай басты. Ерің жеңіліс тапты, жерің қараң қалды. Талайсыз жұрттың оқ пен оттан аман шыққан аз ғана жұрағаты Үзе дарияны да, Таң дарияны да тастап, бей-берекет ықты. Бір пара қауым әуелі Қырымға өтті, одан ары Ақ теңізге асты. Көпшілік жұрт жайқын Еділді кесе көктей, Шығыс Қыпшақ қонысына ауды. Сөйтіп, ежелгі мекен – ұйықты, дарқан дала адыра қалды – жау табанына түсті. Ал біз... екеуіміз ғана емес, бүкіл Балбал аруақ, – ешқайда көше алмайтын едік, сол, әуелгі бекіткен жерімізде, қайғы жұтып, қаңқайып қала бердік. Бірақ көп тұрмадық. Халқымыздың қырғанын қырып, қалғанын қашырып, бет қаратпай жеңген дұшпан, жазғы жайлау, қысқы қыстау – неше мыңжылдық құтты қонысты өртеп, қиратып, табанына түсірген соң, қыпшаққа тиесілі қала атаулыны қалқиған қабырғасына дейін түгел құлатып, тозбас кірпішінен өздеріне жайлы, жаңа мекен, қамал мен шіркеулерін тұрғызып, біржола орныққан соң, кезек бізге – қу тасқа жегіпті. Шетімізден жыға бастады. Бөлшектеп қиратып, құрылысқа салды, аузын, мұрнын бұзып, мойнын жұлып, қол, аяғын сындырып, қатардан біржола шығарып, боқтыққа көмді, мертіктеріп, мүгедек, кемтар етіп, шошқа қорасына қарақшыға қойды, басынан айрылған құр кеудені мылтық атар нысанаға айналдырып, мазаққа ұшыратты...» «Иә. Мазаққа... Сені... түбіріңмен қопарып, мойныңа бұғау салып, қос атқа жегіп, сүйретіп әкеткенін білем. Бұдан соң... сірә, жарқалап шағып тастаған шығар. Сөйтіп, сенің жаның біржола бостан болып, арада тағы да жүз және елу үш жыл өткенде қайтадан дүниеге келдің. Өстің, жеттің, жан-жағыңа қарандың. Ең алдымен тәңірі берген өнеріңді таптың. Содан соң мені!..» «Ал сен ше? Сен? – деппін ышқынып. – Сен – әлі күнге тассың ғой...» «Тасын. Және тас емеспін... – дейді Айсұлу. – Тас кейпimde, мертіксем де аман қалдым. Құлаған, қираған қалпымда. Көп ұзамай үстімді топырақ басты, төңірегіме қалың ағаш шықты. Тас тұлғам зақымданды, алайда біржола өлген жоқ, көмілді, бірақ мен азатқа шыға алмадым, бет-бейнем әуелгі көркін сақтаған, аналық нысаным қалпында, ешқайда кете алмайтын

едім, жіпсіз арқандалып, сол төңіректе жүрдім де қойдым. Бәрін көрдім, бәрін білдім, тек дүние ісіне араласар дәрмен жоқ. Ақыры, бізді жеңген, өсіп-өніп, қисапсыз көбейген жат жұрт жайылымды түгел жыртып, төңіректі тегіс қазып, жаңа құрылыс, быж-тыж қалалар салып, жердің астын үстіне шығара бастағанда... қайта табылдым. Төңірі сыйлаған, сен таңбалаған көркім өшкен елдің жұртындағы жаңа жарыққа жеткізді. Қорасының астынан қойма қазғанда мені тапқан қаба сақалды, жайын ауыз, қушық бет, сары жүзді момын шаруа таңырқап тұрды да, одан әрі қиратпай, керісінше, басымды кеудеме жалғап, кең қоршаулы тұрғын үйіне іргелес бақшаның бір шетіне әкеп орнатты. Одан ауыл мұғалімі көрді. Газетке шығарды. Ақыры, музейге жеттім. Одан ғылыми кітапқа.

1. Үзіндіні қандай белгісіне қарап, аңызға жатқызуға болады? 2–3 сөйлеммен дәлелде.
2. Осы аңызға автордың қосқан үлесі қанша болуы мүмкін? Автордың мамандығын ескер.
3. Берілген М.Әуезовтің пікіріне сүйеніп, кейіпкерді тарихта болған адам деп дәлелдей аласың ба?
4. Үзіндідегі оқиғаның желісі тарихи мәліметпен үйлесе ме? Жауабыңды дәлелде.
5. Мәтінде айтылмаған ойды белгіле:
 - A) Біз қайта қосылдық
 - B) Ауыл мұғалімі газетке шығарды
 - C) Сенің ескерткішің бұзылмай сақталды
 - D) Мені сұлу қыз етіп жаратты
 - E) Алты ғасыр бойы мызғымай тұрдық

IV ТАРАУ

ЗАМАН, ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

Заман толқыны тарих теңізінің жағалауындағы көркем өнердің, әдебиеттің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды.

Мұхтар Әуезов

Менің қаламымды қозғаушы күш – шындықты айтуға құштарлық.

Қ.Жұмаділов

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ



Қабдеш Жұмаділов
(1936 жылы туған)

Қабдеш Жұмаділов қай жерде туып-өсті?

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Тарбағатай тауының күнгеі бетіндегі Шәуешек шаһарынан елу шақырым Малдыбай бұлағы дейтін жерде дүниеге келген. Шығыс хиссасы негізінде қойылған Арнұрашит деген ағасына ұйқастырып, ата-анасы оған Қабдырашит деген есім береді. Бірақ ағайын-туған, ауыл-аймағы еркелетіп Қабдеш атандырған. Жазушы – 1690 жылдары жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлікпен қаза тапқан Бұқа батырдың оныншы ұрпағы. Ал Бұқа батырдың немересі, төртуыл еліне ұран болған Баймұрат батыр жазушының немерелес туысы еді, яғни Қ.Жұмаділов Баймұрат батырдың туған ағасы

Баймәмбеттен тарайды. Қытай жеріндегі қазақ руларының Маншың әскері басқыншыларымен және сондағы ойраттардың қалдығымен үздіксіз шайқасы, Ресей мен Қытай Қазақстан жерін еншілеп, шекара бөліскен кездегі тарихи оқиғалар жазушы құлағына жастайынан сіңісті болғандықтан, тарихи романдарының негізгі өзегіне айналған.

Жазушы қай жерде білім алып, қызмет істеді?

1947 жылы Малдыбай қыстауына жақын Сібеті деген жердегі өз әкесі салдырған төрт кластық бастауыш мектепке сегіз жасынан барғанымен, емтихан алғанда әліппені тақылдап оқып, қисса, дастандарды жатқа айтып тұрған баланы бірден екінші сыныпқа қабылдайды. Үшінші сыныптан бастап дін сабағын да қосымша оқытады. Сібеті мектебін 1947 жылы үздік бағамен бітіріп, 1949 жылы Шәуешек қаласында оқуын жалғастырады. 1952–1956 жылдары Шәуешек гимназиясында оқиды. Тұрсын, Шәкен, Сейітбек, Дәуітбек, Үркінші сияқты жетекші мұғалімдерден дәріс алады. Кейін осы адамдар жазушы шығармаларының кейіпкеріне айналады. Әсіресе халық жауы ретінде жазықсыз жапа шегіп, өлім жазасына кесілген Тұрсын мен Шәкен бейнесі «Соңғы көш» романында ерекше сезіммен сомдалады.

Зергер сөз

Қабдеш Жұмаділов – біздің буындағы өмірбаяны аса бай жазушы.

Әкім Тарази

Зерделі ой

Әдебиеттің бірінші шарты – тіл. Қабдеште осы тілдің байлығы бар. Автор сан қуу үшін сөз термейді, терген сөзді шығармасына зорлап телімейді. Сондықтан да әр сөзі қалауын тапқан қардай жарасып тұрады.

Тәкен Әлімқұлов

Зергер сөз

Әділін айтқанда, Қабдеш Жұмаділов қазақ тарихи романистикасының бүгінгі таңдағы ең беделді өкілінің бірі болып отыр. Бұл – оның Қазақстанның бергі бет, арғы бетіндегі досы да, дұшпаны да мойындаған шындық.

Рымғали Нұрғалиев

Қ.Жұмаділовтің алғашқы шығармасы Жаңа жылға арналған өлеңнен басталады. «Шыңжаң газетіне» шыққан осы өлеңнен кейін аймақтық «Тарбағатай газеті» мен өлкелік «Шұғыла» журналына үзбей өлеңдері басылып тұрады. Ал тұңғыш прозалық шығармасы – 1956 жылы «Шұғыла» журналының бірінші санында жарияланған «Жамал» атты әңгімесі. Ал Қазақстандағы алғашқы шығармашылық қадамы өлеңмен басталған. 1957 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне бір топ өлеңі басылады. Қаламгер осылайша әдебиет айдынына өлеңмен келсе де, қазақ халқына ақын емес, талантты жазушы ретінде танылды.

1956 жылы арнайы өкімет жолдамасымен Қазақстанға, Алматы қаласына келіп, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетіне түседі. Алайда Қытай өкіметі 2-курста оқып жатқан шетелдегі студенттерді қайта шақыртып алады. Жазушы өмірі 1958–1962 жылдары саяси қуғын-сүргінге айналады. Қ.Жұмаділовке «бала жасынан ұлтшыл» деген айып тағылады. 1957 жылы «Іле газеті» бетінде алфавит туралы пікірталасқа өз ойын білдіріп жазған мақаласы газет бетіне шықпай жатып, Үрімшідегі «стиль түзету» штабына жіберіледі. Оған сол кезде «Гимназияда оқып жүргенде тіл тазалығы жайында мәселе көтеріп, ұлттар арасына жік салған. Қазақтың басын қосу жөнінде «Әр елдегі қазақтардың түп-тамыры бірге. Сондықтан Шыңжаң қазақтары Қазақстан алфавитіне көшуі керек» деген мазмұнда жазған мақаласы бар. Қазақ ұлтшылдарының идеологтары Қажығұмар Шабданұлы мен Жағда Бабалықовты ежелден таниды. Қ.Жұмаділов – жай ғана ұлтшыл емес, марксизмге қарсы адам» деген тұрғыда жала жабылады.

1962 жылы ол өлкені біржола тастап, шекара маңындағы тұтас көтерілген елді бастап, бергі бетке өтіп кеткеннен кейін 1971 жылы «Соңғы көш» романын жазады. Осы жылдар (1962–1965) ішінде Қ.Жұмаділов (әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дегі) үзіліп қалған оқуын жалғастырып, университетті бітірген соң, әуелі «Қазақ әдебиеті» газетінде, сосын 1967 жылы «Жазушы» баспасының проза бөлімінде 1976 жылға дейін аға редактор болып жұмыс істейді, 1976–1981 жылдар аралығында Мемлекеттік Баспасөз комитетінде қызмет атқарады. 1981 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін тек шығармашылық жұмыспен ғана айналысып келеді.

Қ.Жұмаділов – Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының және Платиналы «Тарлан» сыйлығының, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың және М.Әуезов атындағы әдеби сыйлықтың иегері, Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай, Аягөз және Үржар аудандарының құрметті азаматы.

Қаламгер қандай туындыларды дүниеге келтірді?

Жазушының «Бір түп тораңғы» (1981 ж.), «Сәйгүліктер» (1982 ж.), «Қарауыл» (1983 ж.) сияқты повесть-хикаяттары мен «Көкейкесті» (1968 ж.), «Соңғы көш» (1-кітап, 1974; 2-кітап, 1981 ж.), «Сарыжайлау» (1977 ж.), «Тағдыр» (1988 ж.), «Дарабоз» (1994 ж., 1-кітап; 1996 ж., 2-кітап), «Таңғажайып дүние» (1999 ж.), «Прометей алауы» (2001 ж.), «Қылкөпір» (2002 ж.), «Атамекен» (2003 ж.) атты романдары қалың жұртшылыққа кеңінен танымал. «Көкжалдағы» – Оспан батыр, «Абылайдың ақырғы күндеріндегі» – Абылай, «Абылайдың ақырғы батырындағы» – Бердіқожа, «Ханның басы қанша тұрадыдағы» – Кенесары, «Аққуды атпас болардағы» – Шәкәрім, «Қанды қақпандағы» – Мұхаметқали үкірдай, «Академиктің көз жасындағы» – Қ.Сәтбаев, «Шамырқанса, шарт сынатын тектілердегі» – Қ.Аманжолов пен М.Мақатаев, «Қысқа өмірдегі қырық құбылған дүние-айдағы» – С.Мұқанов, «Ағалардың алақанындағы» – С.Шаймерденов, «Әріп пен Сара» т.б. тарихи эссе табиғатымен жазылған хикаяттары – тың дүниелер.

Жазушы туралы жазылған дүниелер бар ма?

Қ.Жұмаділовтің шығармашылығы туралы жазбаған әріптестері кемде-кем: «Қазақ қара сөзінің дарабозы» (Б.Шарахымбай), «Соңғы көштің қара нары» (Н.Қазыбеков), «Тағдыры бөлек тарланбоз» (А.Нүсіпханұлы), «Тәуелсіздік жыршысы» (Ш.Елеуқенов), «Тағдыр» мен «Соңғы көш» романдары – жұрт назарын аударарлық құбылыс (Р.Бердібаев), «Қазақ прозасының музтауы» (Т.Ахметжан), «Жаны күйген халқының тағдырына» (Н.Ақыш), «Тағдыр тамыршысы» (Қ.Ысқақұлы), «Мұраты биік суреткер» (М.Хамзин), «Тағдырлы тұлға» (Т.Жұртбай), «Ұлт жазушысы» (Ө.Мендеке), «Дарабоз жазушы» (Ж.Елшібек), «Соңғы көштің соны сарбазы» (Ө.Дәулетхан), «Ұлттық тарихи сана әліппесі» (А.Егеубаев), «Қ.Жұмаділов – қазіргі замандағы қазақ әдебиетінің хас шебері» (Д.Ысқақұлы).



Ойталқы

1. Қабдеш Жұмаділов қай жерде дүниеге келді?
2. Оның қандай шығармаларын білесің?



Себебін анықта

1. Жазушы не себепті оқуын тастауға мәжбүр болды?
2. Қабдеш Жұмаділов неліктен «Тағдыры бөлек тарланбоз» жазушы атанды?



Тобыңда талдап көр

Егер Қ.Жұмаділов ақындықты таңдағанда тарихи тақырыптарды кезінен аша алар ма еді? «Көшпелі бекет» тәсілі бойынша төрт топқа бөлініп, жазушы туралы мәліметті талқылаңдар:

- 1-топ: Қ.Жұмаділов – қазақ қара сөзінің дарабозы;
- 2-топ: Қ.Жұмаділов – қазақ тарихи романистикасының беделді өкілі;
- 3-топ: Қ.Жұмаділов – ерен еңбек иесі;
- 4-топ: Қ.Жұмаділов – ұлтжанды жазушы.



Дәптеріңе жаз

Қабдеш Жұмаділов өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Қабдеш Жұмаділовтің портретін ұлттық мүддені көздеген қаламгер ретінде түйінде.



Қалай ойлайсың?

Жазушының тарихи шығармаларын Қазақстанның тарихының бір бөлшегі ретінде қабылдай аламыз ба?



Үйде орында

Қабдеш Жұмаділовтің Абылай, Кенесары, Шәкәрім сияқты т.б. ірі тұлғаларды шығармаларына арқау еткеніне талдау жасап, әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

«...Сөйтіп мен 22 жасымда «ұлтшыл» атандым. Бұл – менің империялық өкімет берген тұңғыш атағым еді. Әуелде құлаққа түрпідей тигенімен, келе-келе етім үйреніп, бұл аттан онша үрікпейтін болдым. Тіпті, мақтаныш етуге де болатындай. Алаяқ, сатқын, ұры-қары, қарақшы атанбай, ұлтшыл атанғанымға мың бір тәуба! Әрине, кейін абыройға жетіп, елге танылған кезімде халық берген, үкімет бекіткен басқа да атақ-дәрежелерім бар. Сол қатарда жастай тағылған «ұлтшыл» деген айдарды да далаға тастағым келмейді. Тегінде, қай елде болмасын, отаршыл өкіметтің «халық жауы» дегендерін – «Халық қаһарманы», «ұлтшыл» деп атағандарын «елін сүйген патриот» деп ұқсақ, қателеспейміз». Кеңес өкіметі алашордалықтарды «ұлтшыл» деп атағандықтан «отаншыл», «халықшыл» деген сөздермен салыстырғанда әлі күнге дейін құбыжық сияқты көрінетіндіктен, бұл сөздің «қорқынышты» сипатынан арылмай келе жатқандығын Қ.Жұмаділов «Таңғажайып дүние» атты өмірбаяндық кітабында ашына жазады.

**Міне, қызық!**

Қ.Жұмаділов М.Әуезовті ұстаз тұтқан. Ең алғаш Шыңжаңда М.Әуезовті 1949 жылы араб әрпімен басылған «Абай» романы арқылы біледі. Қабдештің бастауыш мектепті бітірген он үштегі кезі екен. Оқудан қайтып келе жатқан Абайдың да он үште болғаны оған ерекше әсер етеді.

**Кітап – асыл қазына**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние: ғұмырнамалық роман. – Алматы: Тамыр, 1999. – 624 бет.
3. Дәуір және әдебиет. Алматы, 1996.

«Тағдыр» романы

Бір халық – бір ел – бір тағдыр.

Нұрсұлтан Назарбаев

Роман неліктен «Тағдыр» деп аталған?

«Тағдыр» романындағы негізгі оқиға қазіргі Шыңжаң аймағының Шәуешек қаласында ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, ХХ ғасырдың басында дүниеден өткен «мыңмен жалғыз алысқан» қаһарман тұлға Демежан айналасында өрбиді. Шыңжаң аймағына танымал Демежанмен Шоқан, Ыбырай, Абайдың ұқсас жақтары көп. Біріншіден, төртеуі де замандас, екіншіден, төртеуі де отарлаушы елдің тілі мен ділін жақсы білді, үшіншіден, төртеуі де туған халқын жаңа заманның прогрестік жақтарына ұмтылдыру үшін алға сүйреді. Айырмашылығы Шоқан, Ыбырай, Абайдың прогресс құралы қағазы мен қаламы болса, Демежан жеке басын бәйгеге тікті. Бірақ Демежан қайтыс болғаннан кейін ол туралы қаншама тарихи жыр-дастандардың дүниеге келуі халықтың ұлттық намысы мен сол кездегі қоғамдық-тарихи факторлардың маңыздылығын көрсетеді.

Роман сюжеті қандай?

Роман «Жол торабы», «Тағдыр талқысы», «Уақыт керуені», «Дар ағашы» деген төрт бөлімнен, қырық тараудан және эпилог пен түсініктерден тұрады.

Шығарма сюжеті, негізінен, екі арнада бір-бірімен желілес дамып отырады. Оның бірі – тарихи оқиғалар мен нақтылы деректер негізінде өрбісе, яғни Еженхан (Цин-Қытай императорына жергілікті қазақтардың қойып алған аты) мен Ақ патшаның (Ресей) арасындағы шекара бөлісі, одан кейінгі ел тағдыры,

отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық қарсылық, ұлттық бөліну туралы мәселе болса, екіншісі – Демежанның жеке өмірімен байланысты. Мұндағы бір ерекшелік, жазушы Демежанның шыр етіп жерге түскен күнінен бастап, қайтыс болғанға дейінгі жарты ғасырлық өмір жолын тұтас қамтиды. Өйткені Демежанның өмірге келуінің өзі – жатқан бір хикая.

Роман сол өлкеге белгілі Құрбан қажының қызы Бибі ханымның ұйқысы құждың (алып күш иесі) ұйқысынан да қатты, құдай қосқан қосағы, бас кейіпкер Демежанды оятудан басталады. Бибінің сұлу сипаты, Шәуешек қаласының келісті табиғаты көркем тілмен нанымды баяндалады.

«Тағдыр» романында ертеден келе жатқан билік жүйесінің жалпы сілемі сақталған. Мұнда хандар ғана жоқ, басқаларының аты басқа болғанмен, заты бір. Мысалы, үкірдай – аға сұлтан дәрежелі лауазым болса, зәңгі – болыс дәрежелес лауазым, басқалары осылайша төмендеп, ретімен кете береді.

Цин (Қытай) империясының жоғары дәрежелі өкілі, Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы Ши-амбыға Керімбай зәңгі баласы Демежанды 13 жасында аманатқа тапсырады. Ол уақытта ру көсемдері өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Түбін қуып келгенде Демежан – Керімбайдың өз баласы емес, оның Гүлдерайым деген жалғыз қарындасынан туылған жиені. Төртуыл руының болысы Керімбайдың аулына керейдің меркіт руынан бір қашқын жігіт келіп сіңеді. Өте сымбатты, көркі көз тойдыратындай өнді жігіт деген Керімбайдың бойжетіп отырған сұлу қарындасы Гүлдерайымға ғашық болып, сөз байласады. Алайда бұлар көздеген армандарына жете алмайды. Қашқынның ізіне түсіп жүргендер оның қайда екенін анықтаған соң, бір түнде жылқышыны тұтқынға алады. Содан қайтып оралмайды. Артында аяғы ауыр Гүлдерайым еңіреп қала береді. Жас баласы бар Керімбайдың әйелі Ажар баланы бауырына салып, атын өз баласы Сүйежанға ұйқастырып, Демежан қояды. Келесі жылы Гүлдерайым қайтыс болады.

Демежан қытай-маньчжур балаларымен Ши-амбының қолында гимназияны бітірген соң, тілмаш қызметінде қалып қояды. Ши-амбы Демежанды шекара бөлісіне қатысатын комиссияның құрамына кіргізеді.

Демежанның әкесі Керімбай да, оқу оқытқан Ши-амбы да тарихта болған адамдар. Керімбай Төртуыл руының алдымен зәңгісі, одан соң 1884 жылы қайтыс болғанша үкірдайы болады. Керімбай байға да, кедейге де бірдей қарайтын әділетті, жарлы-жақыбайға қамқорлығы мол, адамгершілік қасиеті өте жоғары, ел ішінде үлкен беделге ие құрметке бөленген адам ретінде танылады.

Ши-амбы – шын аты Ши Лун. Ел арасында Ши және Ши-амбы деген аттармен танылған. 1878 жылдан бастап, Тарбағатай аймағының амбысы (князь, губернатор) болады.

Бұлардан басқа Ысмайыл, Балкашин, Әсет Тәңірбергенов, Керімбай, Бор батыр, Күдері, Әсет Найманбаев, Мамырбек төре т.б. сияқты кейіпкерлер де романда өз атымен алынған.

Жазушы отарлау саясатынан зардап шеккен қазақ халқының қытайдан көрген теперішін де, орыстан көрген зорлығын да тарихи деректерге сүйене отырып, ашына жазады. Патшалық Ресей отаршылдары XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстанды толық жаулап алғаннан кейін екі империя

Зергер сөз

...Бір елде туып-өсіп, есейген шағында екінші бір елге келіп, сол ел туралы көркем шығарма жазу – екінші бірінің қолынан келер жеңіл нәрсе емес. Бірақ Қабдеш бұл сыннан сүрінбей өтті. Оған бұл жолы да өзінің табиғи талантымен қоса өмір тәжірибесі көмектескені анық. Оның басқаларымыздан бір артықшылығы – өзі көрген екі түрлі өмірді, екі түрлі қоғамдық формацияны салыстыра зерттеуге мүмкіндігі бар. Осы қасиеті Қабдешті жазушы ретінде тез есейтті. Біздің көзіміз үйреніп, етіміз өліп кеткен көп мәселеге ол тың көзбен, сұңғыла реалистің көзімен қарай білді...

Әкім Тарази

арасында шекара мәселесі туындап, қазақ даласына таласу дау-дамайы басталды. Қытай-Цин патшалығы мен патшалық Ресей өкіметтерінің өкілдері 1861 жылдан бастап, өздерінің шекараларын қалай белгілеу туралы келіссөз жүргізеді. 1864 жылы Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс солтүстік шекараны белгілеу келісіміне» қол қойылады. Қазақтың жерінің Қытайға тиген бөлігінде отырған қазақтар жерімен бірге Қытайға, Ресейге қараған өңірдегі қазақтар жерімен бірге Ресейдің басқаруына қарады.

«Тағдыр» романындағы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты келтірілген деректер тарихи нақты деректермен сәйкес келеді. Демежан – тарихи кейіпкер. Ол Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, Цин империясының жоғары дәрежелі өкілі Ши-амбының қарамағында тілмаш болып жұмыс істейді. Бұдан кейін төртуыл руының үкірдайы Керімбай қайтыс болғаннан кейін Демежан Тарбағатай аймағын мекендейтін сол руға үкірдай болады. 1880 жылдары екі елдің шекара бөлісі тұсында комиссияның құрамында болып, шекара сызығы жүретін межені нақты айқындауда, қырғын болып кететін талай қиын-қыстау сәттерде шешімін тауып отырады. Неден болса да тайынбауға дайын тұрған қарулы қазақтарға істің мән-жайын түсіндіріп, қантөгістен сақтап қалады. Ал шекара бойына жақын отырған қазақтардың екі елдің ішінен өздері таңдаған жағынан өріс-қоныс берілу мәселесінің шешілуіне де ықпал жасайды.

Ши-амбының орнына келген Мөтен-амбының саясатына Демежан бірден қарсы шығып, жайылым жерді жөнсіз егіншілікке айналдыруға, сондай-ақ егіншілік жерлер мен суды халдайлардың иелігіне беруге батыл қарсылық білдіреді. Тоған салдыруға үкімет тарапынан рұқсат қағазы бар екендігін көре тұра, бұған жол бергісі келмеген халдайлардың жүрегін қайтару үшін кеуде соққан белсендісі Дохалдайдың тоқпақтай айдарын тай күзегендей дәл түбінен борт еткізіп кесіп алады. Мөтен-амбының парақорлығын әшкерелейді. Мөтен-амбы өз қылмысын қалайда жасырып қалу үшін қолдан келген қастығын аямай, ең алдымен Қызылбаланың БІсқағымен келісіп, оны

Зерделі ой

«Тағдыр» деген сөз: Жазушы Тағдыры, Ұлт Тағдыры, Тіл Тағдыры, Ел мен Жер Тағдыры, Сіз бен біздің Тағдырымыз. Әдебиетте, жазушыда бұлардан артық қандай биік мұрат болсын.

Асқар Егеубаев

қаруландырып, Демежанға жабылатын жаланың себепкері ретінде пайдаланады. Ысқақтың тасада тұрып атқан оғы иесіне тимей, итіне тиіп, ойлаған қастандығы жүзеге аспай қалғандықтан, енді бұлар жаңа жоба жасайды. Берекесі айрандай ұйыған қазақтың біреуін екіншісіне айдап салып, өзін-өзімен құрту деген отаршылардың әккі саясаты дәл осы тұста айдан айқын көрінеді. Ысқақ Демежан тұрған үйді полицейлерге қоршатып, жанында қалған бір жас полицейді дереу өлтіртеді де, оның қорасындағы талдың түбіне көміп кетеді. Қаскүнемдердің мұндағы есебі «Демежан өзін ұстауға барған полицейлерге қарсыласу барысында өкімет адамын өлтірді» деген жаланы жабу болатын. Келісім бойынша ертеңінде одан да көп полицей мен тергеушілер тобын әкеліп, өздері көмген дайын өлікті «тауып алған» болып, Демежанды дереу тұтқындайды. Демежанды ақтаған халық атынан жазылған арызды тексеруге Құлжа қаласынан шыққан өкіл – князь Дуаньді Мөтен-амбы бастаған халдайлар және сол халдайлардың ықпалынан шыға алмайтын Мамырбек төре, Ысқақ бастаған қазақтар Шепейзі деген жерден қарсы алады. Жазушының суреттеуінде бұл өңір – ұрттам суы жоқ, сексеуіл мен жыңғыл ғана өсетін, жергілікті халық «Тозақ – жетеу, Шепейзімен сегіз» дейтін алыс жол. Оның үстіне жан шыдатпайтын масасы бар. Жол азабынан әбден қажыған князь Дуаньді бәрі ортаға алып, Демежанды қаралайтын қағазға қол қойдырып алады. Ал өкілге Шәуешекке баратын ендігі жол өкілдің басып келген жолынан да ауыр екенін айтып, үрей тудырады. Сөйтіп алдауға түскен өкіл Демежанға тағылған айыптың ақ-қарасын ашудың орнына халдайлармен ауыз жаласып, істі жауып кетеді. Демежанның ісі ақ болғанымен, осындай қолдан жабылған жаланың құрбаны болып, 1907 жылы көктемде дарға асылады. Бірақ Демежандай халық батырының рухы сөз түсінетін, сөз ұстайтын, ерін ардақтайтын елде мәңгі өлмейтінін автор Әсет ақын аузымен айттырады.

«Тағдыр» романының негізгі сюжетін құрайтын басты оқиғалар:

- Демежан сияқты халық қайраткерін дарға асып өлтірген патшалық Цин өкіметінің 1911 жылға дейінгі бірнеше ғасырға созылған өткен тарихы, халқының құрамы, салт-санасы, өмір сүру дағдысы романда тарихи құжаттар негізінде ретімен кіріктіріліп, осы арқылы сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайлары мен уақыт тынысы жан-жақты көркем айналымға түсуі;
- Шыңжаңның Тарбағатай аймағындағы қазақтардың орналасу тәртібі мен билік жүйесі, ел билеуші амбы, үкірдайлар мен зәңгілердің образы;
- романдағы бас кейіпкердің есімін төртуыл елінің үкірдайы Керімбай қарындасы Гүлдерайымнан туған баланы өз баласы Сүйежанға ұйқастырып, Демежан қоюы;
- Демежан он жасқа толғанда әке орнына әке болған Керімбайдың аймақ әміршісі Ши-амбыға қарасты мектепке қытайша оқуға беруі;
- бас кейіпкердің оқу бітірген соң тілмаш болуы, одан шекара бөлісіне қатысуы, әкесі қайтыс болғаннан кейін оның орнына төртуыл еліне үкірдайлық қызметке сайлануы;
- елді диқаншылыққа үйретіп, Демежан займкесінің атағы жер жаруы;
- Демежанның өз қолымен отырғызатын жалғыз тал қарағашының үлкен бау-бақшаға айналуы;

- Тарбағатайдың теріскейіндегі (Зайсан) атағы екі өлкеге де кеңінен жайылған атақты бай Құрман қажының қызы, әйелі Бибі ханымның ағайын арасына, абысын-ажынға жайлылығы, қайырым-мейірімі, балаларын алаламай дұрыс тәрбиелеуі, осының бәрі жиналып келіп Демежан беделін биіктете беруі.



Ойталқы

1. Тарихи роман деген не?
2. Роман оқиғасы қай жерде болған?



Себебін анықта

1. Неліктен роман «Тағдыр» деп аталған?
2. Не себепті Демежан жабылған жаладан құтыла алмады?



Тобыңда талдап көр

Романда көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырып, «Демежан кім?» деген сұрақты «Рөлдегі оқушылар» әдісімен топтарға бөлініп, тақырып бойынша талдап көріңдер.

1-топ: Із қуушы – кейіпкерлердің ізін қуады.

2-топ: Кейіпкерді сипаттаушы – кейіпкерлердің мінезін, сыртқы тұлғасын сипаттайды.

3-топ: Бейнелеуші-суреттеуші – оқиғаларға байланысты шығармалардан суреттер салады.

4-топ: Жазушы – романдағы маңызды деген мәселе төңірегінде хат, хабарлама, шағын эссе жазады.

5-топ: Дәнекер – роман мазмұнын қазіргі қоғаммен байланыстырады.



Дәптеріңе жаз

Шоқан, Ыбырай, Абай қайраткерлігі мен Демежан образын салыстырып, дәптеріңе жаз.



Түйінде

Демежанның ұлттық тұлғасын «Уақыт керуені» бөлімінен алынған үзінді бойынша түйіндеп, «Тағдыр» романындағы тарихи дәуір шындығы» деген тақырыпта эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

«Қаһарман тұлға» дегенді қалай түсінесің? Жазушы бұл атқа лайық па?

**Үйде орында**

«Тағдыр» деген сөз: Жазушы Тағдыры, Ұлт Тағдыры, Тіл Тағдыры, Ел мен Жер Тағдыры, Сіз бен біздің Тағдырымыз. Әдебиетте, жазушыда бұлардан артық қандай биік мұрат болсын» – деген Асқар Егеубаевтың сөзін эпиграф ретінде алып, өз пікіріңді қосып, шағын шығарма жаз.

**Әдебиет теориясы**

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа айналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақты құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігі»

**Қолданып көр**

Романның тарихи шындыққа құрылғанына 3 дәлел келтір, бұларды 3 фактімен негізде.

**Шығармашылық тапсырма**

Қ.Орынбасарұлының, Т.Құсайынұлының, А.Татанайұлының, Ө.Қоңқаұлының, Ө.Әмірұлының Демежанға арналған жырларын оқып, текстологиялық талдау жасап көр. Бұған Ұ.Б.Аязбаеваның «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар» (Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша) (2007) атты еңбегін де қолдануға болады.

**Міне, қызық!**

Қабдеш Жұмаділовті әріптестері «Қара сөздің қарагері», «Тағдыры бөлек тарланбоз», «Дарабоз жазушы» деп ылғи шашасына шаң жұқтырмас қасиетті жылқыға теңеген.

**Кітап – асыл қазына**

Жұмаділов Қ. Тағдыр / Қ. Жұмаділов. – Алматы: Жазушы, 1988.

Құмырсақа тау биігін білмейді.

Ш.Құсайынов

ШАХИМАРДЕН ҚАБИДЕНҰЛЫ ҚҰСАЙЫНОВ



Шахимарден Қабиденұлы
Құсайынов
(1952 жылы туған)

Ш.Құсайынов қандай салаларда білім алды?

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, белгілі драматург-жазушы, ұстаз-ғалым Шахимарден Қабиденұлы 1952 жылы 6 сәуірде тау-кен инженері және экономист отбасында Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1969 жылы туған жеріндегі № 3 орта мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды Мемлекеттік медициналық институтына түсіп, 1975 жылы бітіріп шығады. Осы жылы Мәскеу ғылыми-зерттеу институтының әлеуметтік және психиатрия Ресейдегі білім жетілдіру курсынан өтеді. Бұдан кейін Қостанай және Қарағанды қалаларында әртүрлі медициналық мекемелерде жұмыс істейді.

Ш.Құсайыновтың әдебиетке келуіне не себеп болды?

1979 жылы сол кездегі Қазақстанның астанасы, мәдениет пен әдебиеттің алтын ордасы Алматыға қоныс аударуы оның осы салаға бір-жола бет бұруына себеп болады. Жастайынан әдебиетке құмар болып, түрлі әдебиеттерді, әдеби кітаптарды көп оқып, көп ізденген Шахимарден Қабиденұлы 1980 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының драматургия факультетіне түседі. Осылайша оның әдеби өмірі басталады.

Ш.Құсайыновтың ең алғашқы «Сүйінші» деген прозалық шығармасы Әдебиет институтында өткізілген конкурста бірінші орынды жеңіп алады. Оқуды бітіргеннен кейін 1988 жылы Қазақстанға келіп, әр жылдары Қуыршақ театрында және «Қазақфильм» киностудиясында сценарист болып жұмыс істейді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өтіп, Әдебиет үйінің директоры болады.

2013 жылы драматург-жазушыға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Шығармаларын орыс және қазақ тілдерінде жазады.



Зерделі ой

Сыр қалтаңда,
Қалта сыртыңда.

Тіс тілге тиеді,
Тіл ділге тиеді.

Кектің көзі өткір,
Кекшіл адам соқыр.

Артық болса,
жыртық болады.

Ш.Құсайынов

Ұстаздық жолға қалай түсті?

2000 жылдан бастап Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында драматургия, дін тарихы, мифология бойынша лекция оқып, ұстаздық қызметке ауысады. Мұнда «Кинотеледраматургия» мамандығында оқитын студенттерді даярлаудың бас шеберіне айналады. Театр, кино, телевидение саласы бойынша жоғары оқу орындарына арнап «Драматургическое мастерство» және «Написать пьесу/сценарий» атты оқулықтар жазады.

Ғылым саласына қандай үлес қосты?

2004 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Агиография в казахском фольклоре» деген тақырыпта филология саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғайды.

Ш.Құсайынов 2006–2009 жылдары Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының докторантурасында оқып, жоғары мектеп мамандарын даярлау квалификациясының толық курсынан өтеді. Осы жылдар ішінде Қожа Ахмет Ясауи туралы ғылыми журналдар мен конференцияларға 60-тан астам мақала жазып, оның 221 хикметін араб тіліндегі түпнұсқасынан тікелей орыс тіліне аударады. Бұл кітап Мәдениет және спорт министрлігі мен «Әзірет сұлтан» музейінің қолдауымен 2015 жылы жеке кітап болып шықты. 25 жыл уақытын Ахмет Ясауи мұрасына арнаған Шахмарден Қабиденұлының осы саладағы еңбегі ұшан-теңіз. Сондай-ақ осы жылы «Агиография и суфизм в Казахстане» атты монографиясы жарық көрді.

Қандай шығармалар жазды?

Драматург-жазушының «Сад над городом» әңгімелер жинағы (1988 ж.), «Записки корреспондента «Санкт-Петербургских Ведомостей» (1992 ж.), «Казахи» (1989 ж.), «Скрытый хан» (1999 ж.), «Хроника коммутатора» (2002 ж.) романдары, «Биографии исторических личностей Казахстана» (2001 ж.) көркем анықтамалығы, «Проза разных лет» (2012–2013 жж.) деп аталатын екі томдығы, «Тюркский казан» (2015 ж.) деген түрік тағамы туралы құнды еңбегі Алматы және Мәскеу баспаларынан жарық көрген. Сондай-ақ Ж.Аймауытұлының «Ақбілек» және «Қартқожа» (2007 ж.) романдарын орыс тіліне аударған.

Ш.Құсайыновтың қандай пьесалары бар?

Шахмарден Құсайынов белгілі жазушы-драматург Қалихан Ысқақовпен бірлесіп, «Мазар», «Двое в степи», «Два часа мужества», «Қылкөпір» атты пьесалар жазған. «Два часа мужества» деген пьесасы 1984 жылы Мәдениет министрлігінің бірінші сыйлығын жеңіп алған. Осы жылы Ш.Құсайыновтың «Мятеж» деген пьесасы М.Ю.Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында сахналанады.

2000 жылы тарихи тақырыпқа жазылған «Томирис» пьесасы М.О.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылып, халықтың ризашылығына бөленді. Осы жылы С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы негізінде сахналанған пьесасы театр конкурсының бірінші сыйлығын ұтып

алса, 2004 жылы «Қазақтар» трагедиясы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің бірінші сыйлығын иемденеді. Сахнада қойылғандарынан басқа «ТеатрKZ» журналына жарияланған «Билер», «Царь Соломон», «Замандастар», «Майра» сияқты пьесалары бар.

Қаламгер неше көркем фильмнің сценарийін жазған?

Ш.Құсайынов «Қазахфильм» киностудиясында түсірілген толық метражды 10 көркем фильмнің сценарийін жазған. Оның ішінде «Балкон» (режиссері Қ.Салықов, 1990 ж.) және «Небо моего детства» (режиссері Р.Әбдірашев, 2012 ж.) фильмдері жұртшылыққа кеңінен танымал. Бұлар Қазақстан кино өнері «Алтын коллекциясының» «100 үздік фильмі» қатарына енген.



Ойталқы

1. Шахмарден Құсайынов неше мамандықтың иесі?
2. Орыс тіліне қандай шығармаларды аударған?



Себебін анықта

1. Неліктен Құсайынов 25 жыл уақытын Ахмет Ясауи мұрасын зерттеуге арнады?
2. Оны қалың көпшілік не себепті драматург ретінде таниды?



Тобыңда талдап көр

Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романындағы қыздың қасқырлармен арпалысын Құсайыновтың орысшаға қалай аударғанын хрестоматиядан түпнұсқасымен салыстырып оқып, талдандар.



Дәптеріңе жаз

Шахмарден Қабиденұлы өмірінің хронологиялық кестесін жаса.



Түйінде

Қ.Ысқақовтың «Жан қимақ», Иран-Ғайыптың (Иранбек Оразбаев) «Шыңғыс хан», «Естайдың Қорланы», О.Дастановтың «Әзірет Сұлтан», С.Сматаевтың «Той үстінде топалаң», А.Бекбосыновтың «Соңғы сезім», Б.Әбілдаұлының «Төле би», Ә.Таразидің «Алатау сынды алыбым» пьесалары мен Шахмарден Қабиденұлының «Томирис» пьесасының тақырыбы қай жағынан үндеседі?



Қалай ойлайсың?

Егер жазушы-драматург болмағанда, Шахмарден Қабиденұлынан жақсы дәрігер шығар ма еді?



Ш.Құсайыновтың адам анатомиясын, психологиясын (тәні мен жанын) кәсіби деңгейде білуі де оның шебер жазушы-драматург болуына себебін тигізді. Осыны дәлелдеп, дискуссивті эссе жаз.

«Томирис» пьесасы



CD 07

Мәтіндегі Томирис портретін драмадағы образбен салыстыр.

Кіреуке деген парсының,
Қанын әзір төккем жоқ.
Ұлымның кегін аламын,
От болып мен жанамын.

Меңдібай Әбілұлы

Томирис деген кім?

Біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда ата-бабаларымыздың мекені ұлы сақ даласын билеген Тұмар патшайым дүниежүзіне грек тарихшысы Геродоттың «Тарих» деген кітабы негізінде Томирис деген атпен танылған. Себебі Геродот сақтың Тұмар деген сөзін «Томирис» деп жазған.

Шахмарден Қабиденұлы шығарма атауын осы әлемдік нұсқасы бойынша алған. Шығармадағы Қир патшаға құпия жолмен баратын «Шұғыла» – ойдан алынған есім. Бұл – Томирисінің екінші аты емес.

Қазақ қыздарының батырлық жолы осы Томирис-Тұмар ханымнан бастау алады. Шығарманың негізгі сюжеті біздің дәуірімізге дейінгі 530-жылдар шамасында өмір сүрген, біздің арғы тегіміз – сақтардың патшасы Томирисінің қазіргі өмір сүріп отырған жерімізді жау қолынан қорғап қалған ерен ерлігіне байланысты өрбиді. Томирис «Төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған, «жеңілуді білмейтін» парсы патшасы Қирдің шапқыншылығынан көшпенділер даласын қорғап қана қоймайды, оның әскерін түгелге жуық талқандап, Қирдің басын өз қолымен қанға батырады.

Пьесада Қирді өз елі «патшалардың патшасы – ұлы Қир» деп атайды. Келген елшілерге де солай атауды талап етеді. Автор «массақ» деп алған бізге таныс «массагет» – сақ тайпасының баламасы, яғни сақ-массагет деген ұғымды береді. Массагеттер (гр. *massagetai*) – ежелгі грек авторларының деректері бойынша Каспий мен Арал теңізі аралығын мекендеген тайпалар тобының ортақ атауы. Ғалымдардың кейбіреуі массагет атауы «masyo» – «балық» деген сөзден шыққан, сондықтан «балық жегіштер» деген ұғымды білдіреді деп жорамалдаса, екіншілері «мас», «сака» және «та» деген сөздерден құралып, «ұлы сақ (скиф) ордасы» деген мағынаны білдіреді дейді. Енді біреулері «маза – геттер», «ұлы геттер» деп түсіндіреді. Осылардың ішінен автор «ұлы сақ ордасы» деген мағынаны алған.

Томирис туралы не білесіңдер?

Томирис – парсы патшасы Қирдің кесілген басын қанға батырып, әскерін тас-талқан ету арқылы аты аңызға айналған тарихи тұлға. Ақылына көркі сай алғыр да ержүрек әйел ежелгі сақ тайпасының билеушісі ретінде Орта Азия

жеріне көз тіккен жаудың арам пиғылын алдын ала сезіп, соған қарсы әрекет жасап отырған. Пьесада Кирдің жан-жағындағы елді түгел жаулап, енді көшпенділер даласына көз тігіп отырғаны туралы мәлімет Томирисің жалғыз баласы Спаргапис екеуінің диалогі арқылы берілген. Жетісу еліне патша болуды көздеген баласына қарсы болып: «Нағашымның есіл-дерті менің әкемнің көзін жою еді. Ақыры оның шаңырағын өртеп тынды да, менің кіндігім от ішінде кесілген. Анам байқұс тілсіз жаудың құрбаны болды. Ұлы Тұранды өрт жалмаған! Жаудың өрті емес, даудың өрті, бақталастық пен бақастықтың, тойымсыздық пен топастықтың өрті жалмаған. Жетісуға барсаң, қару ұстап емес, қарындас-тығыңды алға тартасың! Мансап іздеп емес, қан аңсап емес, ағайынды аңсап баруың керек! Қызылбастың Кир патшасы түстігімізді түгел жаулап, енді бізге көз алартып отыр. Ағайынмен одақ болмасақ, омақаса құлаймыз!», – дейді.

Шығармадағы жасы жүзден асып кеткен Елес деген кейіпкер, негізінен, бәрін біліп отыратын болжаушы, көріпкел ретінде көрінгенімен, ол сақ патшайымының түсінік-түйсігін, алғырлығын, сезімталдығын, ақылдылығын таныту үшін ғана алынған. Сондықтан «жәдігөй кемпір» Томирисің қасынан бір елі қалмайды. Халық ұғымында «жәдігөй – аса айлакер» деген ұғымды береді. «Бұл кемпір – Тәңірдің құлы. Жермен бірге жаратылған. Жермен бірге кіндіктес әнбиді (әулие) қуа алмайсың» деген Томирисің сөзінен де Елестің тегін адам емес екенін байқауға болады.

Осы әулие-әнбие кемпір арқылы Томирис Кирдің тау мен тасты қопарып, көшпенділер даласына қарай жол салып, Аракс (Амудария) өзеніне көпір



Сақ патшайымы – Томирис

тұрғызып жатқанын естиді. Осы дайындықты өз көзімен көру үшін Томирис парсы патшасының алдына Шұғыла есімді елші болып келеді. Осы кездесу көрінісінен мысал келтірейік.

Кир: Сонымен атым Шұғыла деші. Томирис ханша етектінің көркемі деуші еді. Бірақ көрік жағынан сенімен теңдесер ме екен?

Шұғыла: Екеуміз бір ананың сүтін ішкен емшектес, теліме туыспыз. Сонан да болар, бір-бірімізге ұқсаспыз.

Кир: Патшайымға айта бар: патшалардың патшасына бас исін, жерін сауғаға беріп, елі етегіме келіп тығылсын!

Шұғыла бұған Томирис ханшайымның көнбейтінін айтып, «Қаннан қорықпайсың ба» деген сұрақ қояды. Хан өзінің ештеңеден қорықпайтындығын айтып мақтанғанда, Шұғыла оның қанжарын сұрайды. Кир: «Оны қайтесің?», – дегенде Шұғыла: «Патшалардың патшасы, менде қорқыныш сезімі жоқ дегенің қайда?», – дейді. Сөзден тосылған Кир амал жоқ, қанжарын суырып береді. Сол кезде Шұғыла алақанын кесіп, қанын құтыдағы шарапқа тосып тұрып: «Біздің дала жұртында осындай бәс бар. Бәске тек жүрек жұтқандар ғана түседі. Мә, қанжарыңды ал да, қолыңды кес, кім бұрын тамырын басып, қанын тоқтатар екен, күтелік», – дейді. Осылайша бәс тіккен Шұғыла: «Ажалдан соң да өмір бар. Үшінші құты – ажалдың сыбағасы. Енді міне, екеуміз қанмен де бір-бірімізге байландық», – дей келе, Шұғыла беліндегі шаршысын шешіп, Кирдің қолын тағады. Ол шаршының екінші шетімен өзінің қолын тағады. «Бұл ойын емес. Патшалардың патшасы, сені қинаған – қанның тасуы. Қарақұсыңнан қысқан да сол. Мен сенің арам қаныңды ағызып тастадым. Енді құр атқа мінгендей құлпырып шыға келесің, ұйқың да қайта оралады», – дейді.

Геродоттың «Тарих» деген кітабында Томирис Кирдің кесілген басын қан толтырылған меске салып жатып: «Ей, қанқұмар, өмір бойы адам қанына тоймай, суша пашып келіп едің. Ал енді о дүниеде де қанға тоятын боласың. Сені қанға тойдырам деп уәде берген едім. Міне, сол уәдемді орындадым», – деген екен деп, патшайымның қайсар, ер мінезін көрсеткісі келеді.

Ал пьесада Томирис Кирдің басын торсыққа салып: «Аңсағаның сақтың қаны еді, торсықты парсының қанына толтырыңдар да, еліне қайтарыңдар, қанып ішсін де, жаны жай тапсын!» деп айтады. Абай «Ескендір» поэмасында Ескендірді «бас сүйек» арқылы тәубесіне келтірсе, мұнда да сондай идея бар.

Томирис «Адам қанын төкпейік. Біз мекенжайымызды тастап, үш күндік жерге кетейік. Сен өзіңе керек дүние-мүліктің бәрін алып, бейбіт жолмен еліңе қайт» деген хат жіберсе де, Кир оған құлақ аспайды. Қасиетті қара жердің адам қанына бөккені Кирді толғандырмайды, оның массагеттер жерін талқандап, әрі қарай Қытайға ауыз салмақ ойы болады.

Аңызда Томирисінің он алты жастағы жалғыз ұлы Спаргаписті тұтқынға түсірген Кир сақ патшасының өзіне тұрмысқа шығуын талап етеді. Оның айлакер ұсынысына келісім бермеген Томириске кектенген Кир баланы тұтқыннан босатпай, соғыс жариялайды. Мұндай қорлауға шыдамаған Спаргапис өзін-өзі өлтіреді. Осы оқиғадан кейін онсыз да сақ даласын жаулауға бет алған Кир патшаның қалың қолымен қырғын шайқас болып, Томирис жауды тас-талқан етіп жеңеді. Ал пьесада Кирдің басын Томириске Балхаш әкеледі.



Ойталқы

1. «Томирис» пьесасының сюжеті қандай кезеңге байланысты құрылған?
2. Томирис-Тұмар туралы қандай шығармаларды білесің?



Себебін анықта

1. Неліктен Томирис Кирге тұрмысқа шығуға келісім бермеді?
2. Томирис не себепті Кирдің басын қанға батырады?



Тобыңда талдап көр

1. Томирис патшайымының ерлігін қазақтың басқа батыр қыздарымен салыстырып, талдау жасаңдар.
2. Шығармада көтерілген мәселелерді «FILA кестесін толтыру» әдісі бойынша ұлттық мүдде тұрғысынан талқылаңдар.
F (Дерек) – шығармадан негізгі кейіпкерлер бейнесін ашатын деректер;
I (Пікір) – кейіпкерлер туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;
L (Сұрақ) – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар қою;
A (Іс-әрекет) – автордың кейіпкерлерді суреттеудегі қолданған тәсілі.



Дәптеріңе жаз

Пьесадағы ақыл-өсиетке, парасатты ойға құрылған сөйлемдерді дәптеріңе көшіріп жаз.



Түйінде

Ел мен жер тағдыры туралы өз ойыңды түйіндеп, эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

Томирисің жан толқынысы саған қалай әсер етті?



Үйде орында

Оқулықта берілген суретті басқа ақпарат көздерінде берілген суреттермен салыстырып, барлығындағы ортақ ойды тауып, тарихи және көркемдік құндылығына жазбаша баға бер.



Білгенге маржан

Геродот (гр. *Herodotus*) – ежелгі дәуірдегі грек тарихшысы, «Тарих атасы» деп танылған, әйгілі «Тарих» кітабының авторы, жиһанкез. Ол шамамен б.з.б. 484–425 жылдары өмір сүрген. Геродот Кіші Азиядағы Каликарнас қаласында дүниеге келіп, жас кезінде әміршілерге қарсы топта болғаны үшін елінен қуылған. Біраз уақыт Самос аралында тұрып, көп жерлерді аралаған, Қара теңізге дейін жеткен деген мәлімет бар.

«Балалар энциклопедиясы», 3-том



Білген үстіне біле түс

«Томирис» – тарихи-қаһармандық дастан. Дастанның сюжеті тарихта болған шынайы оқиғаларға негізделген. Геродоттың жазуы бойынша парсы елінің патшасы Кир б.з.б. 539 жылы Вавилонды жаулап алған соң, бірден сақтар еліне жорыққа аттанады.

Дастанның басты қаһарманы – Тұмар (Томирис) өз елін ішкі және сыртқы жаулардан қорғау үшін жан аямай күрескен ержүрек әмірші, соғыс өнерін жетік меңгерген қолбасшы, халқының қамқоршы көсемі, сондай-ақ мейірбанды ана.

Немат Келімбетов



Әдебиет теориясы

Драма (гр. *drama* – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған оқиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығарма. Драмада жеке адамның ойлану-сезінуін терең көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас бір шиеленіскен оқиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсіл қабысып, ұштасып жатады.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігі»



Қолданып көр

«Томирис» драмасында автор кімнің ойлануын терең көрсеткен? Не себепті?



Міне, қызық!

1. Автордың «Томирис» шығармасы әлі бірде-бір рет кітап ретінде басылып шықпаған. Алайда М.О.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылып келеді.
2. Томирис патшайымның құрметіне 1906 жылы ашылған 590-астероидқа патшайым атауы берілді.
3. 2018 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» және АҚ «Сатайфильм» кинокомпаниясы бірлесіп, «Томирис» фильмін түсірді.



Кітап – асыл қазына

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.



Шығармашылық тапсырма

«Томирис» пьесасын мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығы туралы шағын сыни мақала жазыңдар. Ол үшін ата-аналарыңмен ақылдасып, «Томирис» спектаклін не фильмін каникул кезінде көруге тырысыңдар.

Көркем әдебиет ауыр артиллерия болса, публицистика – жеңіл кавалерия.

Шерхан Мұртаза

ШЕРХАН МҰРТАЗА



Шерхан Мұртаза
(1932–2018)

Шерхан Мұртаза әдебиетке қалай келді?

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған.

1956–1963 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің тілшісі, әдеби қызметкері, редакторы болды.

Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманахының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1989–1992 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1992–1994 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болып істеді. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған.

Шерхан Мұртазаның қандай шығармалары бар?

Алғашқы кітабы 26 жасында «Құрылысшы Дәку» деген атпен жарық көрген. Бұдан соң жазушының «Табылған теңіз» (1963 ж.), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969 ж.), «Ахметжанның анты» (1973 ж.), «Мылтықсыз майдан» (1977 ж.) повестері, «Интернат наны» (1974 ж.) әңгімесі, «Қара маржан» (1977 ж.), бес кітаптан тұратын Тұрар Рысқұловтың өмірі жайлы «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999 ж.) романдары, шығармаларының төрт томдығы (1990–2000 жж.), шығармаларының 6 томдығы, таңдамалы



CD 08

Шерхан Мұртазаның қанатты сөздерінен нені аңғаруға болады?

Зергер сөз

Шерхан Мұртаза – қазақ руханиятындағы өте тұлғалы есім. Уақыт өтіп, тарих ұмытыла бастағанда көп адамдар ұмытылады. Себебі жазылған дүниенің уақыты өтеді, ескіреді. Меніңше, бұл кісі әңгіме жанрының көгінен ешқашан жұлдыз болып түспейтін сияқты. Азаматтығына келер болсақ, Шераға Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлылардың мектебінен шыққан. Сондай батырлық, ерлік қасиеттер дарыған адам. Қазақ қарияларының ұстанымы дәл осы Шерхан ағамызда бар.

Жұмабай Шаштайұлы

шығармаларының 7 томдығы, «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында» (Ж.Смайыловпен бірге) (1998 ж.), «Бір кем дүние» (2008 ж.) кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары шетел тілдеріне аударылған.

Шерхан Мұртаза қандай шығармаларды тәржімелеген?

Қазақ тіліне Г.Х.Андерсеннің ертегілерін, венгр халық ертегілерін; Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет» туындыларын; Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін және Эристин Эриликтің «Марыкчан балалары» романын; Лазарь Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін тәржімелеген.

Жазушы қандай жетістерге жетті?

«Әзиза» пьесасы үшін Мәдениет және ақпарат министрлігінің грантын жеңіп алды.

Шерхан Мұртаза «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын, сондай-ақ Қазақстанның Халық жазушысы атағын алды. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет белгісі», «Отан» ордендерімен марапатталған. ПЕН-клуб сыйлығының иегері (2003 ж.).

«Қазақстан» телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасы Шерхан Мұртаның бастамасымен әзірленген еді.

Зерделі ой

Шерхан Мұртаза даңғыл жолмен дабырлы да дүбірлі тірлікке бас қойып, қамсыз ғұмыр кешер мүмкіндігінің бәрін Қызыл жебедей дір-дір еткен шындық соқпағының қатерлі сапарына айырбастап, бір сәт те сыр бермей, жел өтіндегі құзар шыңға тура келе жатыр. Біреулер бұл соқпақпен жүруін жүрсе де, о бастағы болмыс-қасиетін шапанының өңін айналдырғандай оңдырып, шындығының қадірін қапелімде жоғалтып алады.

Суреткер ретінде де, азамат ретінде де адалдық, бауырмалдық, жығылып жатқанға жанашырлық секілді о бастағы адами қасиеттерінен танбай, тасып-тасқындамай немесе сарқылып-суалмай, өз-өзінен оқшауланбай, Көксайдың жолындағы іші қуыстанып, беті кеуектенген күртіктей опырылмай, шындықтың соқпағы тағдырлас болмыспен келе жатқан Шерхан ағамыз бүгінгі таңдағы іші де, сырты да қырық құбылып жатқан заманда менің көзіме сонау ертеде, қазақты Қазақ атандырған дәуірде туып, қазіргі қазақтарға үлгі етер тұлға боп көрінеді.

Фарида Оңғарсынова



Ойталқы

1. Шерхан Мұртаза қандай жанрда қалам тартқан?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

1. Ф.Оңғарсынова Мұртазаны не себепті Қызыл жебеге теңейді?
2. Жазушының еңбектері неліктен тарихи тұрғыдан құнды?



Тобыңда талдап көр

Графикалық органиайзерді пайдаланып, «Шерхан Мұртаза – шебер қаламгер» тақырыбына талдау жасаңдар:

- қаламгер шығармашылығы туралы пікір білдіріңдер;
- пікірлеріңе дәлелдер келтіріңдер;
- пікірлеріңе мысалдар келтіріңдер;
- пікірлеріңді қайта ұсыныңдар.



Дәптеріңе жаз

Шерхан Мұртаза өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Шерхан Мұртаза туралы барлық мәліметті жинақтап, саралай отырып, жазушы туралы ойыңды түйінде.



Қалай ойлайсың?

Ж.Шаштайұлының «Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлылардың мектебінен шыққан» деген пікіріне қосыласың ба?



Үйде орында

Өз бетіңмен ізденіп, Ш.Мұртазаның эпистолярлық публицистика саласына қосқан үлесін зерттеп, сыни мақала жаз.



Білгенге маржан

Шерхан Мұртазаның кең көлемді эпикалық шығармасы – «Қызыл жебе» романы. Мұның хамса-роман деп аталуы – бес кітаптан («Қызыл жебе» екі кітап, «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ») тұратындығында.

Хамса («бестік», «бес» деген мағына береді) – Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркітілдес халықтар әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес туынды.

«Тұрар енді бір жиырма жылдан кейін ұлы жазушымен дос болып, өз әкесінің басынан өткен шытырман шындықты оған арман ағысындай етіп айтып берер. Содан барып «Қараш-Қараш» туар...» дегеніндей Тұрар Рысқұлов туралы ең алғаш қалам тартқан – М.Әуезов. Ол «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде Тұрардың әкесі Рысқұлдың кесек тұлғасын сомдаған болатын.

Ал Ш.Мұртаза роман-хамсасында Тұрардың ата-бабасының өткен тарихынан бастап, оның балалық шағы мен бүкіл өмір жолын ХХ ғасыр басындағы кезең оқиғасына сәйкес тұтас қамтып, оны ұлт мақтанышына айналдырды. «Қызыл жебе» романның бірінші томында жазушы Тұрардың әкесі Рысқұлды: «Менің жүрегімде түк бар. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау ерімейді» деп сөйлету арқылы оның қайтпас, қайсар мінезін ашады. Романның екінші кітабында Тұрардың өсу, азамат болу, қайраткерге айналу сәттері берілген. «Жұлдыз көпірде» Тұрардың қайраткерлік кезеңі 1918–1920 жылдардағы Түркістан елінің тыныс-тіршілігімен байланысты суреттеледі. «Қыл көпір» мен «Тамұқта» сталиндік репрессияның түп-тамырына үңіле отырып, Т.Рысқұловтың күрескерлік тұлғасының соңғы кезеңін ашады.

«Әдебиеттану терминдер сөздігі»



Білген үстіне біле түс

Халықаралық ПЕН-клуб 1921 жылы Лондонда ағылшын жазушысы Джон Голсуори бастамасымен құрылған. Ұйымның атауы ағылшынның poets – ақындар, essayists – очеркшілер, novelists – новеллашылар сөздерінің бастапқы әріптерінен құрылған. Сонымен қатар «pen» сөзі ағылшын тілінде «қаламсап» деген мағына береді. Осы ПЕН-клубтың міндеті мен мақсаты – оған мүшелікке алынған жазушылардың құқығын қорғау, оларға қолдау көрсету, ұлттық әдебиетті дамыту.

Ал халықаралық ұйымның бір бөлімшесі – Қазақ ПЕН-клубы 1995 жылы құрылды.



Міне, қызық!

Шерхан Мұртаза асық пен төсбелгі жинағанды жақсы көрген екен.



Кітап – асыл қазына

1. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. Алматы, 2011.
2. Қазақ энциклопедиясы, 9-том.

«Тәуекел той» әңгімесі

Бабалардың шоқ басқан табанымен,
 Бірдей екен жақсысы жаманымен.
 Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,
 Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.
Қадыр Мырза Әлі

Әңгіме неліктен «Тәуекел той» деп аталады?

Ш.Мұртаза қомақты эпопея, роман, повестермен бірге шағын жанр – әңгімелерді де жазған. Мысалы, «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» әңгімелері. «Тәуекел той» әңгімесіне атының өзі айтып тұрғанындай қазіргі замандағы бәсекеге айналып кеткен тойлардың мәселесі арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен шығып, қасіретке айналған адам мінезінің ішкі иірімдерін сарказммен әжуалап көрсететін шығарманың тәрбиелік маңызы зор. Өзекті мәселені қозғай отырып, адам болмысына нұқсан келтіретін кесірлі әрекеттерден сақтандырады, масқаралайды, күлкіге айналдырып, көзін жеткізеді.

Жазушы той десе жанын салатын қазақтың бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, оны тек бәсекеге айналдырғанына қынжылады. Өзгеден асып түсу мақсатында аста-төк дастарқан жасап, оған қыруар адам шақырып, тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы – бүгінгі күннің шындығы.

– Тойды қайда өткізбексің? Үйіңде ме?

– Жоқ, – деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп. – Үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын.

– Не дейді? – деп жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. – Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?

– Таптым. Мына жағы – Жасылкент, мына жағы – Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат – бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Өрі десе, той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген дәнекер, біле білсең.

– Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта, не көп жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Өлде баяғы Есей байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? – деп Төкең күйіне бастады.

Әңгімеде ауыл адамының ағайынға ауқатты болып көріну үшін ғана жалаң мақтангерлікке салынғаны және дұрыс ойластырмаған олақ есебінің соңында бармақ тістегені туралы баяндалады.

– Былай өзі есебін шығардың ба? Калькулятор деген болады.

– Ой, Төке-ай, – деп Керімқұл сасырдың сояуындай қолын бір-ақ сілтеді. – Бес жүз адам ең құрығанда бес мыңнан теңге әкелмей ме? Қайта менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтамда қалады.

– Ау, сонда сол тойға шақыратын ағайынның бәрі бай деп ойлайсың ба?

Керімқұлдың сояудай сйдаң қолдары ербедеп кетті. Құрықтай мойнының тамыры білеуленіп:

– Байы да бар, бақуаты да бар. Сорлы емес. Мысалы, анау Жасылкенттегі Жеңіскүлді ал. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні – банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты. Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан құрлы емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады... – деп екіленіп, екпіндеп барып, әрең тоқтады.

Бір, екі жас үлкендігі бар, майдангер немере ағасы Төкең қатты ойланып, басын ұстап, отырып-отырып:

– Қайдам, – деді. – Қай ресторанды алмақшысың?

– Қай ресторан болушы еді – «Аспантау»! Қаладағы ең мықтысы сол.

Төкең басын шайқады.

Бұл әңгіменің кейіпкері де мұрын астындағы өз қисынына өзі сенген, ғұлама Абай атамыз айтқандай, «мақтаншақ, бекер мал шашпақтың» кебін киген типтік кейіпкер. Той жасауға қалтасы жұқа. Алайда ағайын-туыстарынан қалып қоймау үшін дүркіретіп той жасағысы келеді. «Той шығыны қонақтардың әкелген ақшасымен жабылады, тіпті өзіме де қалады» деген ішкі есебі болады. Сөйтіп тәуекелге барып, 300–400-дей адамды шақырады. Алайда ешкім мандытып ақша бермейді де, тойханаға қарыз болып қалады.

Әңгіме сюжеті адам бойындағы қанағатсыздықты, аңғалдықты әшкере етуге құрылған. Осындай жаман әрекеттерден аулақ болуға үндеген автордың өмірдің өзекті мәселесіне бей-жай қарай алмағанын байқаймыз.



Ойталқы

1. Әңгіменің кейіпкерлерін ата.
2. Әңгімедегі тойдан дәстүрлі ұлттық салт-дәстүрді көруге бола ма?



Себебін анықта

1. Керімқұл неліктен ағасының кеңесін тыңдамады?
2. Басты кейіпкердің үміті не себепті ақталмады?



Тобыңда талдап көр

1. «Той табыс көзі ме?» деген сұраққа талдау жасаңдар.
2. Әңгімедегі кейіпкерлер жүйесін тура және жанама мінездеулер бойынша талдап, кестеге толтырыңдар.

Кейіпкерлер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу	Мен таныған кейіпкер сипаты



Дәптеріңе жаз

Шығармада кездесетін асыл тастар мен бұйым атауларының шығу сипатына тілдік талдау жасап, жаз.

**Түйінде**

Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындап, өз қорытындынды жаса. Шығарманы өзің қалай аяқтар едің?

**Қалай ойлайсың?**

Әңгіме тақырыбын өзгертуге болады деп ойлайсың ба?

**Үйде орында**

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сабағында алған біліміңе сүйеніп, Керімқұлдың есебіне баға бер. Оның орнында болсаң, не істер едің?

**Білгенге маржан**

Халық даналығында «Уайым түбі – тұңғық, батасың да кетесің, тәуекел түбі – желқайық, мінесің де, өтесің» деген сөздің 1962 жылы Қазақстанға екі жүз мың Шыңжаң қазақтарының өтуінде үлкен мағынаға ие болғандығын Шәуешекте туған белгілі сатирик ақын Қажытай Ілиясұлы жиі айтқан екен. Бірақ тәуекелге бару оңай емес.

**Әдебиет теориясы**

Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса, онда полилог деп аталады). Монологтен айырмашылығы – диалогте сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүретіндігі.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»

**Қолданып көр**

«Тәуекел той» әңгімесінен үзінді алып, диалогті монологке ауыстырып жаз. Не байқадың?

**Міне, қызық!**

БАҚ мәліметтеріне Алматыда орта деңгейдегі той жасау үшін кем дегенде 5–7 миллион теңге көлемінде қаржы керек екен. Ал дәл осы қаржыға Шымкентте 5, Өскемен мен Оралда 3, ал Ақтауда 2 той өткізуге болады екен.

**Кітап – асыл қазына**

http://kitap.kz/reader/tauekel_toj

«Заман, дәуір тұлғасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

Қабдеш Жұмаділовтің шын есімі:

- A) Қабдырашит
- B) Қабдолла
- C) Қабиден
- D) Қабділда
- E) Қабдырахман

Қ.Жұмаділов ҚХР-дың қай жерінде дүниеге келген?

- A) Құлжа
- B) Сібеті
- C) Шыңжан
- D) Малдыбай
- E) Үрімші

Қ.Жұмаділовтің «Қазақ қарасөзінің дарабозы» аталу себебі:

- A) Бұқа батырдың оныншы ұрпағы болғандықтан
- B) ҚХР жерінде дүниеге келгендіктен
- C) Ұлтшыл болғандықтан
- D) Қаз ҰУ-де оқығандықтан
- E) Ұлт тағдырына арналған тарихи шығармаларды батыл жазғандықтан

«Тағдыр» романы қанша бөлім, қанша тараудан тұрады?

- A) 3 бөлім, 20 тараудан
- B) 5 бөлім, 12 тараудан
- C) 4 бөлім, 25 тараудан
- D) 4 бөлім, 40 тараудан
- E) 2 бөлім, 40 тараудан

Ш.Құсайынов неше кәсіпті меңгерген?

- A) 3
- B) 5
- C) 4
- D) 1
- E) 2

Ш.Құсайыновтың конкуре жеңімпазы болған ең алғашқы прозалық шығармасы:

- A) «Томирис»
- B) «Қылкөпір»

- C) «Тюркский казан»
- D) «Қазақтар»
- E) «Сүйінші»

Ш.Құсайынов қай жазушының шығармаларын орыс тіліне аударды?

- A) Мұхтар Әуезовтің
- B) Жүсіпбек Аймауытұлының
- C) Шерхан Мұртазаның
- D) Мағжан Жұмабаевтың
- E) Қалихан Ысқақовтың

Шерхан Мұртазаның мемлекеттік сыйлық алған шығармасы:

- A) «Қара маржан»
- B) «Қызыл жебе»
- C) «Мылтықсыз майдан»
- D) «Әзиза»
- E) «Бесеудің хаты»

Қай қаламгер Шерхан Мұртазаны Қызыл жебеге теңеген?

- A) Ә.Кекілбаев
- B) Ш.Айтматов
- C) Ф.Оңғарсынова
- D) Ж.Шаштайұлы
- E) Қ.Жұмаділов

Тәуекел туралы мақал-мәтелді табындар.

- A) Тәуелсіздік – тәуекел
- B) Тәуекел етіп тағдырға
- C) Үнім шықпай, бара алман тәуекелге
- D) Нар тәуекел – жолдасым
- E) Ер жолдасы – тәуекел

2. «Заман толқыны тарих теңізінің жағалауындағы көркем өнердің, әдебиеттің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды» деген Мұхтар Әуезовтің пікірін пайдаланып, тараудағы шығармалардың ерекшеліктерін көрсете отырып, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап, оқиганың өту орнына қарамастан, олардың қазақ халқының әр кезеңін баяндайтын дәлелдеп, тарауды түйінде.
3. «Мен қазақтың, мың өліп, мың тірілген» деген тақырыпта Қ.Жұмаділов, Ш.Құсайынов, Ш.Мұртаза шығармашылықтарын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтіндерді оқып, сұрақтарға жауап бер.

I

Алыс ауданнан облыс орталығына қатынайтын «ИЛ-14» ұшағы кенет безгегі ұстағандай қалшылдап қоя берді. Бір айдан бері ұмыт бола бастаған мотор даусы Жарқынның құлағына бір түрлі тосын естілді. Іле-шала танауына жанармайдың өткір иісі де мұңкіп жетті. Ұшақ сол бетімен зіркіл қатып сәл тұрды да, бір заматта семіз дуадақтай ырғалаңдап, ауылдың сыртындағы тепсеңге қарай жылжыды. Біраздан соң қойқаңдап ебедейсіз бұрылғаны байқалды.

«Ұшуға жаралған неме жүруге жоқ екен-ау», – деп ойлады Жарқын. Мотор үні үдей түскен. Міне, терезе тұсындағы жусанды бозғылт дала артқа қарай жылдам сусып көше бастады. Ұшақтың бар екпінімен зырлай жөнелгені білінді. Сол-ақ екен, Жарқын екі табанының жерге тимей, кенет көтеріліп кеткенін сезіп қалды. Тұла бойынан тоқ ұрғандай бір жағымсыз діріл жүгіріп өтті. Ұшаққа мінген сайын қайталанып, жүрегіне майдай тиген осы таныс күйді ол манадан күтіп отыр еді. Бұдан ары не болғаны да белгілі. Қайтадан қара жерге табаның тигенше, жүрегінді әлдебір күш шеңгеліне алып, шым-шымдап қысады да отырады. Ұшақ жерден едәуір көтеріліп, биіктеп алған соң, ауылдың үстін қанатымен жайқап бір айналып өтті де, құбылаға қарай бет түзеді.

Жарқын сол қанаттағы дөңгелек терезеден көз алмай отырған-ды. Шығыстан батысқа қарай созыла көлбеген Тарбағатай жоталары көпке дейін жарысып, қалмай келе жатты. Ол осы бір орқаш-орқаш қоңыр таудың қуысынан ойға кеше түстен кейін ғана түсіп еді. Қазір сол бір ай бойы армансыз сайрандаған ыстық мекен көзіне оттай басылып, тұла бойын шым-шымдап жайылған мұңды сағыныш билеп алды. Бейне келмеске кетіп бара жатқандай, артына жалтақтап қарай береді.

II

Күн қиядан аунап, батып бара жатты. Теңіз беті қызғылтым тартты. Алыстан арғы беттегі тау да көрінді. Ол алтын арқалы айдаһар сияқты еді. Сол тауға, батқан күнге, қызғылтым теңізге пристаньнан қарап тұрған үшеудің суретін майда толқын тербеді. Әлдеқайда көз ұшында күннің батқан жеріне асыққандай жалғыз қайық кетіп барады. Жайшылықта назар түспейтін әлгі қайық қазір мүлде аянышты. «Теңіз шетіне шыға ма, шықпай ма, жағаға жете ме, жетпей ме», – деп мүсіркеу сезім тудырады.

«Жолың болсын, жалғыз қайық», – деді ішінен Әрлен. Қайық теңіз бен аспан қиюласып жатқан қара сызықтан ары аунап түсіп жоқ болатындай көрінсе де, әлі үзілмеген үміттей көз ұшында бұлдырады да тұрды.

Жағада жан азая берді. Кешкі тамақтың кезі де келіп еді. Бірақ осы бір кештің суретіне тоймаған үшеу ғана пристаньда оқшау қалған. Олар әлгі

қайықты көзбен әлі шығарып салып тұрғандай. Түн жамыла бастаған теңізде кеспек-бұйлар ғана жалғызсырап, қылтың-қылтың қараңдайды.

«Ей, адамдар, күндіз сендерге жол көрсетіп, жақсылық жасап едік, енді бізді тастап кетпеңдер», – деп қол бұлғап жалынғандай болады. Олардың тілін шағалалар ғана түсінсе керек, айналшақтап-төңіректей ұшып, төсімен жанай өтіп жүргені.

1. **Үзінділер Қабдеш Жұмаділовтің «Адамның кейбір кездері» және Шерхан Мұртазаның «Шағалалар қайда ұйықтайды» деген шығармаларынан алынды. Берілген мәтіндерден жазушылардың өзіндік стилін анықта.**
2. **Мәтіндерге ат қой.**
3. **Үзінділердегі ортақ ойды анықта.**
4. **Үзінділердегі аяныш тудыратын сөйлемдерді көрсет.**
5. **Үзінділердегі мазмұны шындыққа жанаспайтын сөйлемдерді тап. Автордың неліктен мұндай тәсіл қолданғанын түсіндір.**
6. **«Кемедегінің жаны бір» деген мақалдың екі үзіндіге де қатысты екенін дәлелде.**
7. **Үзінділерді оқыған екі адамға мәтінді өз бетімен аяқтау тапсырылды. Олардың біреуі оптимист, екіншісі пессимист: қалай аяқтауы мүмкін?
Оптимист:
Пессимист:**

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Әңгіме

Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты аса маңызды деген қысқа оқиға суреттеледі. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Ол аз сурет арқылы көп жайды аңғартады, жазушыдан көркемдік шеберлікті талап етеді. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры т.б. жайттар нақты беріледі.

Қазақ әдебиетінде балаларға арнап тұңғыш әңгімелер жазған – Ыбырай Алтынсарин.

Баяндау, суреттеу, диалог, монолог

Жазушы өз туындысына негіз болған оқиғаны, жағдайды жай ғана хабарлай салмай, көркем түрде әсерлі жеткізу үшін әртүрлі әдеби әдістерді пайдаланады. Олардың қатарына **баяндау, суреттеу, диалог, монолог** сияқты әдістер де жатады.

Баяндау дегеніміз – көркем шығарманың оқиғасын желілі түрде әдеби тілмен көркемдегіш құралдар арқылы әңгімелеп жеткізу. Баяндау автордың атынан немесе шығарманың негізгі кейіпкерінің атынан да баяндала береді.

Суреттеу – шығарма оқиғасын баяндау барысында оқиға болған жермен, кейіпкерлермен, оған қатысты нәрселермен таныстыру барысында қолданылатын көркем әдеби әдістің бір түрі.

Суреттеудің **пейзаж, портрет, мінездеме** деп аталатын түрлері бар.

Диалог – әдеби шығармаларда екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, яғни оларды сөйлету тәсілі.

Көбінесе сахналық қойылымға арналған пьесалар, драмалық шығармалар диалогтен тұрады.

Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғанys-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл, сөйлеуші өз ойын бір немесе бірнеше адамға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті. Монологтің ерекшелігі – бір адамның ойының, сөзінің көрініс табуында. Сахналық монологте кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы көрерменнен жауап күтпейді. Монологте кейіпкердің ой-тұжырымдары айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Мәтінде монолог диалогпен араласып та келе береді. Монолог жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монолог – әдеби шығармаларда, әсіресе, драмалық туындыларда кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

Жанрдың пайда болуы

Жанр үнемі дамып отырады. Әрбір тарихи дәуір әртүрлі жанрдың түп негізін сақтай отырып, оған өзгешеліктер енгізіп отырады. Ол ерекшеліктер, бір жағынан, әдебиеттің ұлттық сипатымен байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының ерекшелігіне, алатын орнына байланысты. Жанрлар дүниеге келіп, өзгеріп, жоғалуы, жаңадан пайда болуы әдебиеттің тарихи дамуымен тығыз байланысты. Мәселен, қазақ эпосы бір кезде батырлар жыры түрінде көрінсе, уақыт өте келе лиро-эпосқа көшті, одан келе жанрлық табиғатын мүлде жаңартқан жаңа поэмаларға ауысты. Әрбір көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктері сол шығарманы жазған автордың қаламгерлік ерекшелігіне тәуелді. Әр қаламгер өз қалауынша жазады, өзінің жеке стилі болады, жанрға бұрын-соңды болмаған жаңалық енгізіп, түрлендіре түседі. Жанр эпос, лирика, драма болып, үш топқа бөлінеді.

Ирония мен сатира

Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдану *ирония* деп аталады. Шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын жан-жақты көрсету үшін астарында зілді кекесін жататын мақтау, мадақтау сөздерді қолданған шығармалар бар. Бұл – әдебиеттегі *ирония тәсілі* болып табылады. Бұл тәсіл С.Торайғыров шығармаларында жиі кездеседі.

Көркем шығармаларда өмірдің, адамдардың жағымсыз мінез-құлықтарын күлкі ете мысқылдай суреттеуді *сатира* деп атайды. Мысалы, өздеріне таныс С.Торайғыровтың «Бір адамға» деген өлеңінде сатираның үлгісі бар:

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Кейіпкер

Кейіпкер – персонаж – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын сипаттарымен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктері де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға – *басты кейіпкер*.

Қара өлең

Қара өлең – қазақтың ежелгі өлең түрлерінің бірі. Түркітілдес қырғыз, өзбек, татар, қарақалпақ, башқұрт, түрікмен поэзияларында да кездеседі. Қара өлең 11 буын, 4 тармақ, а-а-б-а түрінде келеді. Мәселен,

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, (а)
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ. (а)
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, (б)
Ой желке, үңірейген болса сағақ. (а)

Қара өлең әнге салып айтуға ыңғайлы. Әннің ырғақ ерекшеліктеріне қарай өлең жолдарындағы бунақтар орнын ауыстырып отырады. Әр шумақта жеке

ой жатады. Мұндай ой жеңіл әзіл-сықақтан бастап, өмірдің мәні мен сәнін, ел қамы мен халық тағдырын қамтиды. Өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой соңғы жолдардағы негізгі ойға қызмет етеді.

Қара сөз

«*Қара сөз*» деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ қара сөз демейді. Қара сөз «проза» деген мағынада айтылған. **Қара сөз** – еркін ой білдіру формасы.

Қара сөздердің кейбірінде очерктік, шежірелік, зерттеушілік сипат болса, енді бірінде өсиет-өнеге, философиялық немесе көсемсөздік ойтолғау сарыны бар, тағы бірі көпшілікпен, оқырманмен кеңесу, сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу үлгісінде жазылған.

Абай қарасөздерінде өз тұсындағы қазақ қоғамындағы түрлі өзекті әлеуметтік, моральдық т.б. мәселелерді: халықты өнер-білімге, ынтымақ-бірлікке үндеу, еңбек пен кәсіп, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік жайы, ұлт бойындағы ұнамсыз, кеселді қылық, мінез, дағдыларды сынау мәселелерін көтереді.

Лирика

Лирика – (*гр. lyra* – ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы) – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. «Лирика» – грекше музыкалық аспаптың атауы. Лирикаға қосып айтатын өлеңді «лирика» деп атаған.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең, әдебиет тегінің бір түрі. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы оның сезімін, нақты ойын, көңіл күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі.

Лирикалық шығармалар тақырыбына, мазмұнына қарай: **саяси-азаматтық лирика** (тақырыбы да, мазмұны да әлеуметтік мәні зор ірі мәселелерді сөз етеді); **махаббат лирикасы** (сүйіспеншілік, махаббат туралы, кейде қуанышты, кейде қайғылы болуы мүмкін); **философиялық лирика** (ақын лирикалық өлеңін философиялық терең мазмұнға құрады); **табиғат лирикасы** (әр алуан табиғат құбылыстарын жырлауға арналған) болып бөлінеді. Лирикалық өлеңдердің мазмұны да, түрі де, оларда байқалатын көңіл күйлері де ақынның өмірге көзқарасына байланысты.

Лирикалық кейіпкер

Лирикалық кейіпкер – поэзиялық шығармалардағы адам бейнесі. Лирикалық туындылардың бас қаһарманы – ақынның өзі. Сондықтан ақынның өзі лирикалық кейіпкер болады. Лирикалық кейіпкердің ой-сезімі, тағдыры өз заманында суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі ол ақынның өз бейнесі – жинақталған лирикалық кейіпкердің бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен», «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ буынының өкілі ретінде сезінеді.

Лирикалық поэзияның осы ерекшеліктері Абай өлеңдерінде толық көрінеді. Абай лирикасынан ақынның көңіл күйін, жан дүниесін, толғанысын сезініп қана қоймаймыз, сол арқылы қазақ қоғамына, жалпы адам баласына тән сипаттарды, дәуір, заман келбетін танытатын қасиет-белгілерді де молынан табамыз.

Метафора немесе ауыстыру

Метафора немесе **ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп, өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту. **Метафораның жасалу жолдары:**

1. Бір нәрсені жалғаусыз, жұрнақсыз екінші нәрсеге балау, салыстыру, ұқсату арқылы жасалады. Мысалы:

Гималай – көктің кіндігі,

Гималай – жердің тұндігі.

(*І.Жансүгіров*)

2. **-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сын** тәрізді жіктік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Мен жаралы жолбарыспын.*

3. **еді, едім, едің, екен, ем** сияқты көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. Мысалы: *Сен жаралы жолбарыс ең, мен киіктің лағы ем.*

4. **бейне, тең, секілді** сөздер арқылы жасалады. Мысалы: *Қайғың болар шермен тең, Қара көңілім жермен тең* (Абай).

Миф туралы түсінік

Миф – көне аңыз, әңгіме. Миф табиғат құбылыстарын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейді. Мифтік шығармалардың негізінде алғашқы қауым адамдарының дүниені, жаратылысты қабылдау ерекшеліктері жатыр. Миф халықтардың бәрінде бар, бірақ ең алғаш Грекия мен Римде пайда болған. Түркі халықтарында Көкбөрі, Ұмай ана, Келіншектау, Қорқыт ата, Қожанасыр, Алдар көсе т.б. туралы мифтер бар.

Мотив

Мотив – қазақ әдебиетінде «сарын» деген сөзге жақын.

Мотив әдеби термин ретінде 20-жылдардан бері А.Веселовский, В.В.Пропп еңбектерінде зерттеле бастады. Бұл зерттеулер әр халық әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге көшіп жүрген сюжетті сарындарды түгендеп қарайды. Ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінен, нақтылы шығармалардағы көркемдік шешімнен, ұлттық әдеби үрдістен бөліп алып, жеке қарастыруға болмайды, себебі ұқсас сарындар көп жағдайда өмірдің өзінен туады, оларды халық тұрмысындағы ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деуге болады. Кейде олар сараланып, іріктеліп, қалыптасқан дәстүрлі сарындар болады. Немесе шығармалардың құрамындағы бір айшық жеке бөлігі сияқты болып келеді, мысалы, ауыз әдебиетіндегі сиқырлы айна, әкесі мен баласының жекпе-жегі, абжыланның ханшаны ұрлап өкетуі. Кейбір жанрларда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Мысалы, эпопея мен авантюралық романдардағы саяхатқа шығу, кемеңнің күйреуі, көреген қарға, өліктің тірілуі және т.б. Мұндай сарындар кейде жеке-дара

ашылып, бертін келе автордың өзіндік суреткерлік шеберлігімен, дүниетанымымен, көркемдік шығарма құрылымымен ұштастырылады.

Мінездеме

Жазушы өз шығармасындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын айқындап, оқырманына даралап көрсету үшін әртүрлі шеберлік қырларын іздейді. Кейіпкердің бейнесін сомдауда және өзіндік бағалауын жеткізуде ақын, жазушы қолданатын өнімді тәсіл – кейіпкерге мінездеме беру. Кейіпкердің мінезінен сипаттаманы автор түсінігі арқылы танып, оның өсу жолдарын бағдарлаймыз. Көркем шығармада кейіпкерге баға беруді әр кейіпкерге сай даралау мен жинақтау, кейіпкердің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті арқылы автор жан-жақты ашып, сипаттап көрсетеді. Сол арқылы көркем шығарманың идеясы ашылып, кейіпкердің мінез-құлқы, қарама-қайшылықтары арқылы жазушы тілінің шеберлігін аңғарамыз.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Тура мінездеу – бұл автор мінездемесі. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, өтірікші болса – Судырахмет дейміз.

Кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетуді **жанама мінездеу** дейді.

Өлеңдегі буын, бунақ және ырғақ

Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін поэзиялық жанр түрі.

Өлеңнің құрылымдық жүйесі болады. Өлең **тармақтардан**, яғни өлең жолдарынан, тармақ **бунақтардан** тұрады. Бунақтар өлеңнің **ыргағын** құрайды. Ал тармақтардың соңғы сөздері үндесіп келіп, өлең ұйқасына әсер етеді. Бұлардың барлығы жеке жүйе құрап, **өлеңнің шумағы** деп аталады. Мысалы, Абайдың:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы өн мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.
Дүние ойдан шығады,
Өзімді-өзім ұмытып.
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып, –

деген өлеңін алатын болсақ, бұл үзінді сегіз өлең жолынан, яғни **тармақтан** құралған. Алғашқы төрт жолдағы әр тармақ төрт бунақтан тұрғандығын көреміз. Келесі төрт жолдағы әр тармақ үш бунақтан тұрады. Өлеңнің бірінші, үшінші, екінші, төртінші тармақтарының соңғы сөздері бір-бірімен үндесіп, ұйқас құрап тұр. Барлығы өлеңнің **шумағын** құрайды. Ал бесінші, жетінші және алтыншы сегізінші тармақтары да ұйқасып, өлеңнің келесі шумағын құрап тұр.

Өмір және көркем шындық

Әдебиет «өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» болғандықтан, шығарма арқауы шындық болып табылады. Өмірдегі барлық нәрсе көркем шығармаға өзек, оқиға бола бермейді. Жазушы өмір шындығынан өзінің суреткерлік мақсатына қажетін ғана таңдап алып, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы, азаматтық ұстанымы тұрғысынан саралайды. Ал суреткердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасын ол өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілейді. Көркем шығармада суреттелген шындық, алға тартқан келелі мәселе халық мақсаты мен мүддесіне сай шешілуі керек.

Пейзаж

Пейзаж (фр. мекен, өлке) – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Тақырыпты толығырақ ашу үшін пейзаж кескіндеме жанрының басқа түрлерінде де (портрет, баталия жанры т.б.) қолданылады. Пейзажда суретшінің сезімі, көңіл күйі, түсінігі, табиғатқа деген эстетикалық, этикалық көзқарасы аңғарылады.

Портрет

Портрет – француздың «бейнелеу», «бейнеленген» деген сөзінен алынған, өмірдегі немесе өмірде болған бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеп жазу. Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бойтұлғасын суреттеу.

Портрет бейнелеу өнерінде кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның түр-сипатын бейнелеу портреттің негізгі белгісіне саналады.

Көркем әдебиеттегі **портрет** адамның сыртқы тұрпатын сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашумен қатар, сол тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік ортаның қайталанбас өкілі екендігін шынайылықпен бейнелейді.

Поэма

Поэма (гр. туынды) – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адамдар тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

Поэмалар сюжетті, сюжетсіз болып бөлінеді. Образдарын эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік т.б. деп бөлуге болады.

Поэма белгілі бір оқиғаны жыр, толғау түрінде өлеңмен баяндайды. Поэмада оқиға желісі ширақ өрістеп, кейіпкерлердің образдары олардың іс-әрекеті, ішкі сезімі, жан дүниесі арқылы ашылады. Қазақ әдебиетіндегі поэманың алғашқы нұсқаларына батырлар жыры жатады.

Прототип

Прототип (гр. түп, төркін, негізгі бейне) – әдеби шығарма кейіпкерінің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде бар адам, яғни түпкі тұлға.

Мысалы, Ж.Аймауытұлының «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның прототипі – әнші Әміре Қашаубаев.

Көркем шығармада тарихта болған адам есімі сол күйінде емес, өзгертіле алынады, сол сияқты ел, жер аты да басқа атаулармен алмастырылады.

Роман

Роман – күрделі және дамыған сюжетті, көбінесе, қара сөзбен кейде өлеңмен жазылған көлемді эпикалық әдеби шығарма.

Роман-дилогия (гр. *di* – екі және *logos* – сөз) – бір-бірімен жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған, басты кейіпкерлері ортақ, бірақ композициялық тұрғыдан дербес екі шығармадан құралған көркем туынды.

Роман-трилогия (гр. *tri* – үш, *logos* – сөз) – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш бөлімді туынды.

Дилогияны да, трилогияны да құрайтын әр шығармада баяндалатын оқиғатиянақталып, көбінесе, негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан бұл шығармалардың әрқайсысы өзінше аталып, жеке кітап болып та басыла береді. Әр бөлімнің жеке аттары болғанымен де оның сюжеттік желісінде, композициялық құрылымында тұтастық болады. Алғашқы бөлімдегі кейіпкерлер кейінгілерінде де әрекет жасап, авторлық идеяны ашуға қызмет етеді.

Роман-эпопея – бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетінің биік идеялық-көркемдік жетістігі саналады.

Роман-хамса (хамса – бес, бестік) – Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркі тілдес халық әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес туынды. Мәселен, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы роман-хамсаға жатады.

Стиль

Стиль (гр. *stylos* – стиль) деген терминнің мағынасы әртүрлі: көне римдіктер сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалақша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы, жазу өрнегі, бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машығы, әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған.

Суреткер қиялы

Талантты адамдар әрқашан халықтың құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген. Дарынды суреткер болу үшін адамға тума қабілет, табиғи дарын керек. Шығармасы тартымды, қызықты болуы үшін қаламгер кейбір кейіпкерлерді, оқиғаларды ойдан қосады. Оны біз шығармашылық фантазия деп атаймыз. Академик З.Қабдолов «Ойдан шығару жоқ болған жерде, жалпы әдеби шығарма болуы мүмкін емес» дейді. Қиял – барлық шығармашылық өнерге тән сипат.

Ұйқас. Абай енгізген ұйқастар

Ұйқас – тармақтың соңғы сөздеріндегі үндестік. Қазақ өлеңдеріндегі ұйқас түрлері: *қара өлең ұйқасы, ерікті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас, кезектес ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқас, егіз ұйқас, осы күнгі ерікті ұйқас.*

Қара өлең ұйқасы – бұрыннан келе жатқан ұйқастың бір түрі. Қазақ халқының фольклорындағы тақпақ, бір ауыз өлеңдерінің көбі осы ұйқаспен құрылған. Бұл ұйқасты күні бүгінге дейін көп жайылған ұйқас деп айтуға болады. Қара өлең ұйқасының ерекшелігі 1, 2, 4-жолдары ұйқасады да, 3-жолы ылғи ұйқассыз, бос қалып отырады. Мысалы:

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмес,
Білер қайдағы шөргезді. (Абай)

Ой толқынына қарап, керекті жерінде ұйқастыра салушылықты **ерікті ұйқас** дейді. Кейбір өлеңдерде шумақтың бір жолы ұйқаспай, екінші жолы ұйқасып келсе, ондай ұйқасты **кезекті ұйқас** дейміз.

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл!
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл!
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда
Қызылбастың салған жол т.б. (Абай)

Кезекті ұйқас өлеңнің шумағына қарай осы ретпен келе береді. Егер өлеңнің бір шумағы 4 жолдан тұрса, онда 1, 3-жолдары бос қалады, ұйқасатын 2, 4-жолдары болады. Ал шумақ бірнеше жолдан тұрса, үнемі тақ жолдары ұйқассыз қалып, жұп жолдары ұйқасып отырады.

Шалыс ұйқас түрінде 1-жол мен 3-жол, 2-жол мен 4-жол ұйқасады. Өлеңнің шумағы төрт жолдан аспайды. Мысалы:

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ. (Абай)

Абайдың көп өлеңдерінде ұйқастың жаңа түрін, жоғарыда келтірген өлең ұйқастарынан өзгеше түрлерін кездестіреміз. Мысалы:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Бұл – Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңі. Бір шумағы 8 жолдан құралады. 1, 2-жол: «сермеп-тербеп» болып ұйқасады да, 3-жолдан ой аяқталмай: «шымырлап бойға жайылған» болып ашық қала тұрады. 4, 5-жол «шауыптауып» болып, бір ұйқасады. Ой бітпей, уақытша ашық қалған 3-жол 6-жолмен ұйқасады. 7-жол 8-жолмен ұйқасады да, ой бітеді. Келтірген үзіндінің айтылып өткен шалыс ұйқастан өзгешелігі: 1, 3-жолмен, 2, 4-жолмен ұйқаспайды, ұйқастары үздіксіз жұп-жұп болып келеді. Және шумағы не сегіз, не алты жолдан құрылады. 6 жолдан тұратын шумақ төмендегі тәрізділер:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан –
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан. (Абай)

Ұйқастың бұл түрін *егіз ұйқас* дейміз.

Бір шумақтың бірнеше тармағы шалыс ұйқастан, бірнеше тармағы шұбыртпалы ұйқастан, не егіз ұйқас, не басқа ұйқастардан құралады. Сөйтіп, бір шумақтың өзінің ішінде басқа ұйқастың тармақтары қосылып кеп, жаңаша бір ұйқас туғызады. Осындай ұйқастарды *аралас келетін ұйқас* деп атайды. Мысалы:

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ержетті,
Не бітті? (Абай)

Өлеңге жалпы түр кіргізуші Абай ұйқас жағынан да көп өзгешелік енгізді. Абайдан түрлі ұйқастар табылады. Абай қазақ өлеңдерінің буын, бунақтарын түрлі жолдармен, әртүрлі етіп иіп келтірсе де, бір өлшемге бағынып отыратыны сияқты, ұйқастары да белгілі бір тәртіптен тыс шықпайды. Көбі әнге бағынады. Әнге бағынбайтын өлеңі сирек. Сондықтан буын, бунақ ұйқастары да сонымен тығыз байланысты.

Шағын көлемді эпикалық жанрлар

Шағын көлемді эпикалық жанрларға жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірнеше ықшамды эпизодты қамтиды. Оқиға жинақы, шағын суреттеледі. Адам мінезі шағын көлемді шығармаларда көбіне қалыптасқан, дайын қалпында көрінеді. Шығарманың сюжеттік арқауы ұзақ желілі емес, қысқа қайырылған суреттер түрінде беріледі; композициясы да жинақы, ширақ келеді. Шағын көлемді эпикалық шығармаларға миф, әңгіме, аңыз, ертегі, мысал, новелла, әңгіме, очерк, фельетон, памфлет, эссе жатады.

Шығарма тақырыбы мен идеясы

Шығарманың тақырыбын оның идеясынан бөліп қарауға болмайды. Жазушының шындық болмыстан таңдап, толғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні – *тақырып*.

Жазушы шығармашылық үрдістің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді. Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да – бәрі де бар. Осының бәрі – болашақ шығарманың материалы. Бірақ жазушыны өмірде болатын кез келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатыны – суреткер қызыққан құбылыс. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің тақырыбын таңдап алуының бір себебін жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай деп еске алады: «Бірде мен қабырға күнтізбесін (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сонда белгілі суретшінің салған суреті бар болатын – қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкентай деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтар Әуезовтің сонау жас бала кезінде көнігі аңшылардан естіген әңгімелерін есіне түсірген болу керек, енді күн сайын көз алдынан осы суреттегі көрініс кетпеген Мұхтар өзінің «Көксерек» әңгімесін жазған болатын». Бұл – жазушының таңдаған тақырыбы.

Қандай шығарма болсын, белгілі пікірді – *идеяны* үндейді. Идеясыз көркем шығарма болмайды. Тақырып, оқиға және оның құрылысы, шығармаға қатысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағынады. Тақырып жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

Эпизод

Эпизод (гр. кірістіру) – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

Эпитет

Эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындайтын, анықтайтын суретті сөз. Эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер. Тұрақты эпитеттермен қатар, қазақ поэзиясында күрделі эпитеттер де қолданылады.

Өздеріңе таныс Абайдың «Күз» деген өлеңінде ақын мезгілді:

*Сур бұлт, түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан,* –
деп сипаттайды.

Ал жазушы Қ.Ысқақ күзді: «*Қоңыр күз болатын. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір жүдеу, көңілсіз шағы*», – деп суреттейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
2. Ақбай Н. «Абай жолы» энциклопедиясы. – Алматы: Арда, 2008. – 504 б.
3. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2006–2011.
4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Жалпы редакциясын басқарған М.Әуезов. – Алматы, 1957.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.
6. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 2002.
7. Ұлы дала тұлғалары. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 500 б.
8. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. / Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004.
9. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (монография). – Алматы: Ғылым, 1968.
10. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымы (монография). – Алматы: Ғылым, 1970.
11. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2009.
12. Ізтілеуұлы Т. Нақыл сөздер. / Таңдамалы шығармалары. (Құрастырып, алғы сөзін жазған М. Байділдаев). – Алматы: Жазушы, 1972.
13. «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясы – Алматы, Атамұра, 2011.
14. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. Монография. /Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы, 1993. – Б. 255–422.
15. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999.
16. Әбіш Кекілбаев: Өмірі мен шығармашылығы жайлы. // Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т.9. Кеңес дәуірі (1856–1990). Алматы: Қазақпарат, 2005.
17. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 1960–2002 жж. / 8 том – Алматы: Қағанат, 2002. – 742 б.
18. Айтматов Ш. Боранды бекет. Роман. Құс жолы. Хикаят. / Шыңғыс Айтматов. Орыс тілінен аударғандар: Ш.Мұртаза, Қ.Нұрмаханов. Астана: Аударма, 2011. – 456 б.
19. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
14. Есдәулетов Е. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2014.
20. Жұмаділов Қ. Тағдыр. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005, 7-том. – 632 б.
21. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. Алматы, 2011.
22. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
23. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2009.
24. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 2001.

Электрондық қорлар:

group-global.org/.../24692-tamyry-terende-zhatkan-uly-dos
 adebiportal.kz/kz/news/view/
<http://bilim-all.kz/figure/31?posts=quotes>
<http://akikat.kazgazeta.kz/?p=433>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
I ТАРАУ. ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ	5
Абай Құнанбайұлы	6
«Сегізаяқ» өлеңі.....	11
«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі	15
«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі.....	20
«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі	23
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі.....	26
«Болыс болдым, мінеки» өлеңі.....	29
«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі.....	34
Абайдың қарасөздері. Он жетінші сөз	38
Отыз екінші сөз.....	41
Отыз үшінші сөз.....	45
«Ескендір» поэмасы	48
«Өлең – сөздің патшасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары.....	55
II ТАРАУ. ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ	59
Жүсіпбек Аймауытұлы	60
«Ақбілек» романы.....	66
Әбіш Кекілбаев	72
«Аңыздың ақыры» романы	76
«Прозадағы көркем ой» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары.....	81
III ТАРАУ. АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ	85
Мұхтар Мағауин	86
«Шақан-Шері» романы	89
Шыңғыс Айтматов	95
«Алғашқы ұстаз» повесі	98
Ұлықбек Есдәулет	104
«Біз – түркілерміз» өлеңі	108
«Аңызбен өрілген көркем сөз» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары.....	113
IV ТАРАУ. ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ	117
Қабдеш Жұмаділов	118
«Тағдыр» романы	122
Шахмарден Қабиденұлы Құсайынов	128
«Томирис» пьесасы.....	131
Шерхан Мұртаза	137
«Тәуекел той» әңгімесі.....	141
«Заман, дәуір тұлғасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары.....	144
Әдебиет теориясы	148
Пайдаланылған әдебиеттер	158



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Оқулық басылым

Руда Зайкенова
Лаура Нұрланқызы Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының
қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық

Оқулыққа Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайынан алынған суреттер қойылған

Суретшісі А.Айтжанов
Бас редакторы Қ.Қараева
Редакторы А.Ізет
Техникалық редакторы В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы Е.Мельникова
Суретші-бездіруші О.Подопригора
Мұқабаның дизайны В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер Л.Костина, Г.Илишева
С.Сулейменова, Т.Макарова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 15.05.18 берілді. Басуға 06.06.19 қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 12,90. Таралымы 20000 дана.

Артикул 810-002-001к-19